

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

УДК 821.512 122

Қолжазба құқығында

Н.Ж.Туралина

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: СТИЛЬ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІК
(М.Әлімбаев поэзиясы негізінде)

6М020500 – Филология мамандығы бойынша
филология магистрі академиялық дәрежесіні ізденуге
магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2013
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға жіберілді:
«Қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының
кандидаты,
доцент _____ Ғ.Қ. Резуанова

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Магистрлік жұмыс

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: СТИЛЬ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК

(М.Әлімбаев поэзиясы негізінде)

мамандық: 6М020500 – Филология

Магистрант _____ Н.Ж.Туралина

Ғылыми жетекші,
филология ғылымдарының кандидаты _____ Ғ.Қ.Резуанова

ПАВЛОДАР – 2013

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 СТИЛЬ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ	
1.1 Ақындық шығармашылықтағы стильдік ерекшеліктер негізі.....	7
1.2 Ақындық өнер және шығармашылық үдеріс.....	18
2 МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛІ НЕГІЗІНДЕ	
2.1 Мұзафар Әлімбаев поэзиясындағы лирикалық қаһарман бейнесі.....	22
2.2 Ақын лирикасының бейнелілігі.....	30
3 МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ЛИРИКАСЫНЫҢ БЕЙНЕЛІГІ	
3.1 Ақын лирикасының көркемдік ерекшеліктері.....	46
3.2 М.Әлімбаев шығармаларының құрылысы мен құрылымы.....	64
ҚОРЫТЫНДЫ.....	83
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ.....	85

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, көрнекті ақын, көп қырлы талант иесі Мұзафар Әлімбаевтың шығармашылығы, әсіресе поэзиясы туған елінің тарихына, көркемдік куәгер екендігі ешкімге де күдік келтіре алмас. Мұзафар Әлімбаев шығармалары негізінде өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктер арқылы, ақын стилін зерттеп, анықтау диссертациялық жұмысқа негіз болып отыр. Жұмыстың өзектілігі мен қажеттілігі ақын шығармаларынан көрінетін тілдегі көркемдегіш құралдардың, троптардың қолданылуы мен шығарма табиғатындағы көркемдік ерекшелікті айқындаумен сабақтас болады.

Мұзафар Әлімбаев өлеңдерін тақырыптық-идеялық жағынан топтастырып, автордың өзіндік стилін, көркемдік тәсіл, ақындық шеберлік бағытында қарастыру жұмыстың өзектілік сипаты болып табылады.

Ақын шығармашылығын зерттеген белгілі сыншы Б.Сахариев: «Мұзафар қызығы да, қиындығы да, бейнеті де, зейнеті де мол шығармашылық жұмыстан бір күн мойнын босатпайтын, өз талантын тынымсыз, толассыз толғаныс, тебіреніс арқылы, іркілмей іздену арқылы шыңдап, біртіндеп өсіп, өндіре жазып келе жатқан жемісті қаламгер» [3, 277-б], - деген жолдарынан көп нәрсені аңғаруға болады. М.Әлімбаевтың әр алуан жанрдағы елуден асқан төлтума кітаптары жарық көрген, таңдаулы өлең-жырлары отыз сегіз тілге аударылған.

Әдебиет зерттеушісі, ғұлама ғалым Б.Кенжебаев ақынның кім және қандай болуға тиіс екенін былайша түйіндейді: «Ақын деген талантты, дарынды, ерекше қабілетті, аса білімді, мәдениетті адам деген сөз. Ол жағдайды, мәселені, өмірдегі өзгерісті, жаңаны, жақсыны жұрттан бұрын көруге, аңғаруға, сол көргендері мен аңғарғандарын дәл түюге тиісті: жұрт білмегенді ол білуге міндетті. Сөйтіп, ол әрдайым тың, жаңа мағыналы, күрделі ой-пікір, дәл, нанымды, жарасты сезім, сурет тауып айтуға тиісті» [4, 67-б]. Ғалымның ақындарға қойған талабы тек үздіксіз ізденіс арқасында ғана орындалмақ. Б.Сахариевтың жоғарыдағы М.Әлімбаевқа берген бағасы Б.Кенжебаев қоятын талаптарға толық лайық деуге болады.

Ақын М.Әлімбаев бірыңғай поэзиясын ғана күйттейтін ақын емес, оның таланты сан қырлы. Ол әдебиеттанушы, қазақ поэзиясының, қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін, өткен замандардағы және бүгінгі ақындарымыздың шығармашылығын талмай зерттеуші. Оның «Қалам қайраты», «Толқыннан толқын туады», «Өмір. Өнер. Өнерпаз», «Көңіл күнделігі», «Өрнекті сөз - ортақ қазына» сияқты зерттеу кітаптары көпке белгілі еңбектер.

Мұзафар Әлімбаев халық фольклорын жинаушы ғана емес, сонымен бірге мақал-мәтел жанрын ондаған жылдар бойында зерттеген ақын. М.Әлімбаевтың «Өрнекті сөз - ортақ қазына» деген монографиясы (1967) мақал-мәтелдерді аударудың теориясын жасап, тәжірибесін анықтаған еңбек.

Тәжірибелі әрі беделді, шебер тәржімашы Мұзафар Әлімбаев дүние жүзінің 85 халықтары мен ұлыстарының мақал-мәтелдерін және әйгілі тұлғалардың нақылдарын (бас-аяғы 30 мыңдай) қазақшалап, 7-8 кітап шығарған кісі. Мақал-мәтелдерді зерттеуі Мұзафар Әлімбаевтың поэзиясын сұлуландыруға, көріктендіруге әсерін тигізгенін анық байқауға болады.

Акын Мұзафар Әлімбаевты қалың қауым, оқырмандар ұстаз қаламгер деп бағалайды. Оның бұл саладағы еңбегі ұлы педагог Ы.Алтынсарин медалімен марапатталуы тегін емес.

Халыққа кең танылған акын М.Әлімбаев қазақ әдебиетінде естелік жанрын қалыптастыру мен өркендетуге де зор үлес қосты. Ол қазақтың 50 шақты ұл-қыздары жөнінде үлкен біліктілікпен, ыстық сүйіспеншілікпен естеліктер жазып, жариялады. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, А.Жұбанов, Б.Момышұлы, С.Мәуленов және т.б. жөніндегі естеліктер ғибраттылығымен қымбат. «Өмір. Өнер. Өнерпаз» және «Көргендерім көңілде» атты кітаптары осыған дәлел.

Мұзафар Әлімбаев көркем аударма саласында да талмай еңбек етті. Ол зерттеу еңбектерінде көркем аудармаға да көп көңіл бөледі. Көптеген халықтардың 80-85-тей акындарының поэзиясын қазақшалаған. Оның Шандор Петефи, Сағди, Тоқтағұл, Пушкин, Апиолинер, Фучик, Райнис және т.б. аударма өлендері қазақ оқырмандары көңілінен шыққан дүниелер.

Байқағыш, алғыр ойлы М.Әлімбаевтың басқа акындардың әлі көзі шалмаған тосын сюжеттерді тауып, аз сөзбен сурет жасайтын, сюжетті оқиға динамикасына зор мән беретіні — жас акындарға жақсы мектеп дерліктей. Мұзафар Әлімбаев бұрын жырланған сюжеттерді қайталамауға тырысады, әрқашан мәнді идеяны танытар тартымды оқиғаны кейде өз қиялымен ойлап табатыны — өнегелі үрдіс.

М.Әлімбаевтың акындық өнерпаздығы және кейбір шығармалары туралы М.Қаратаев, Қ.Бекхожин, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ғ.Қайырбеков, Т.Кәкішев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, А.Сейдімбеков, Б.Сарбалаев, Зоя Кедрина және тағы басқалар сын-мақалалар жазған. Диссертациялық жұмысымызда олардың түйінді ой-толғамдарын мүмкіндігінше ғылыми саралауымызға өзек ретінде пайдаланып отырдық.

Жұмыстың мақсаты. Қазақ поэзиясындағы стиль және бейнелілікті М.Әлімбаев поэзиясы негізінде анықтау. Мұзафар Әлімбаевтың поэзиялық шығармаларын талғам таразысынан өткізіп, іріктеп, сұрыптап, жүйелі түрде талдау, акындық мәдениетін, көркемдік ізденістерін, эстетикалық таным дәрежесін дәлелдеп көрсету, акынның суреткерлік даралығын, идеялық-тақырыптық нысанасын, философиялық-эстетикалық қырларын, ұлттық көркемдік дәстүрге қосқан үлесін, қазіргі қазақ поэзиясында алатын тиісті орны мен лирикасының бейнелілік сипатын ашу — диссертациялық жұмыстың басты мақсаты.

Аталмыш мақсаттан төмендегідей **міндеттер** туындайды:

- ақын шығармашылығындағы стиль ерекшеліктерін анықтау;
- ақын поэзиясының тақырыптық–идеялық мазмұнын айқындау;
- лирикалық қаһарман бейнесін ашу;
- дәстүрлі ақындық шеберліктің ақын шығармаларында көрінуі, көне үлгілердің жаңарып, жаңғыруы;
- өлең кестесіндегі көркемдегіш құралдардың, бейнелі сөздердің қызметі, алатын орны. Метафора, теңеу, эпитет, метонимия, кейіптеу секілді тілдік, образдық, бейнелі сөздерді қолданудағы амал-тәсілдері;
- образдық-бейнелілік жүйесіндегі жаңалықты құбылыс, күрделі абстракциялық тілі, сөздердің сымбат-көркін ашуы;
- шығармаларындағы көркемдік компоненттер үйлесімі, олардың бір-бірімен өзектес құбылыстар екендігі;
- ақын шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктердің, түрлі сөз қолданыстарының табиғат, қоғам, жеке адам өмірін сипаттауда алатын орны.
- М.Әлімбаев өлеңдерінің құрылыс жүйесіндегі жаңалықтарды, тың тәжірибелерді анықтау;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Мұзафар Әлімбаевтың лирикасы көркемдік-эстетикалық және теориялық тұрғыдан жан-жақты, жүйелі қарастырылып, арнайы зерттеуге арқау болып отыр. Қазақ поэзиясындағы стиль және бейнелілік М.Әлімбаев шығармашылығы негізінде қарастырылады.

Қазақ балалар поэзиясының дамуына сіңірген зор еңбегі және әдеби сында лайықты бағалануына қарамастан Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арналған шығармалары әдебиеттану ғылымында өзінің зерттеушісін әлі тапқан жоқ. Белгілі сыншылар мен ғалымдардың, ақын-жазушылардың жекелеген пікірлері болмаса, ақынның балаларға арналған өлеңдерін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыратын арнайы еңбек жазылған жоқ. Осы тұрғыдан келгенде ақын М.Әлімбаев шығармашылығын тұтастай алып зерттеу, шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне жіктеу, оның туындыларындағы автордың шеберлігін, көзқарасын таныту және сол арқылы қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтау – жұмыстың басты жаңалығы болып табылады.

Зерттеу нысаны. Жұмыстың зерттелу көзі – ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігін, сөз өрнектерін талдау болмақ.

Мұзафар Әлімбаевтың «Қарағанды жырлары», «Лирика», «Менің Қазақстаным», «Тандамалылар», «Жолдар-жырлар», «Жүрек лүпілі», «Көңіл күні», «Балдәурен, шіркін, балалық», «Ақмаңдайлым», «Сүймеген жүрек семеді» т.б. жыр жинақтары.

Зерттеудің теориялық–әдіснамалық негіздері.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілдерінің, атап айтсақ, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, М.Базарбаев, Б.Сахариев, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев,

Т.Кәкішев, Ш.Елеукенов, Ә.Нарымбетов, Р.Нұрғали, Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, С.Негимов секілді т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері құрайды. Сонымен қатар В.Г.Белинский, Г.Н.Поспелов, Б.В.Томашевский, Л.Н.Тимофеев, Г.О.Винокур т.б. еңбектеріндегі ғылыми-теориялық қағидалар басшылыққа алынды.

Зерттеудің ғылыми практикалық мәні. Қазақ әдебиетін, оның ішінде поэзияның тіл кестесін, өлең өрімін, саздылығы мен әуезділігін, яғни, көркемдік, сапалық қасиетін жан–жақты қарастыратын әдебиет теориясы. Сол себепті диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында М.Әлімбаев поэзиясы бойынша оқылатын арнайы курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында жеке қаламгер лабораториясын, ақындық әлемін арнайы курстар ашып оқытқанда бұл еңбектің көмекші құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу әдісі. Зерттеу жұмысын жазу барысында, талдау, жүйелеу, жинақтау, тұжырымдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі үш негізгі бөлімнен (әрқайсысының тараушалары бар) және қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қолданылған әдебиеттер тізімі 55 атаудан тұрады.

1 СТИЛЬ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

1.1 Ақындық шығармашылықтағы стильдік ерекшеліктер негізі

Стиль мәселесі әдебиеттану ғылымының маңызды нысандарының бірі. Стиль-әдеби дамудың деңгейі мен бағыт-бағдарын тануда, көркем шығармашылықты бағалауда ерекше орны бар ұғым. Ең алдымен ол «Stilus» сөзінен өрбитіні стильге қатысты теориялық еңбектерде қайталана айтылып келеді. (Stylos) балауызбен сырлаған тақтаға сөз жазуға арналған үшкір таяқша. Ескі замандарда қағаздың орнына тақтайды балауызбен сырлап, соған сөз жазу көп елдерде болған. Жазатын құралдары (stylos) деп аталған [1, 23-б]. Ол сурет өнерінде де пайдаланылған. Қазіргі кездегі қыл қаламның жұмысын атқарған. Әу бастағы хатнама, жазуларды осы «стило» арқылы түсірген. Осыған орай антикалық дәуірдің өзінде «стиль» сөзі ауыспалы мағынада пайдаланылып, «қолтаңба», «хат жазу» деген ұғымды білдірген. Бұл мағына ұзақ уақыт сақталып келіп, уақыт өте адамның сөз саптау мәнерін білдіретін терминге айналды. «Стиль» термині әр түрлі ғылыми салада пайдаланылады. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі стильдік тармақтар туралы бірізді пікір жоқ.

Әдебиеттану қырынан қарағанда, стиль – жазу машығы, яғни жазушының жеке шығарманың, әдеби бағыттың, ұлт әдебиетінің өзіндік сипатын танытатын бейне жүйесінің, көркемдеу құралдарының тұрақты жиынтығы.

Стильдің өзге поэтикалық категориялардан, әсіресе, көркемдік әдістен басты айырмашылығы – оның нақты жүзеге асқан үлгіде көрінуінде. Стильдік ерекшеліктер көркем шығарманың сыртқы пішінінен бастап, бүкіл болмысында көзге ұрып тұрады. Кең тұрғыда алып қарасақ, стиль шығарманың тұтастығына негіз болып тұратын көркемдік пішіндердің құрылымдық ұстанымы. Бұл тұста әр дәуірге тән ортақ стильдердің де, сондай-ақ жеке қаламгерлер стилінің де болатынын есте сақтау қажет.

«Стиль» ұғымы түрлі деңгейде, яғни белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап, әр түрлі әдеби бағыттар мен әдістердің (классицизм, романтизм, реализм т.с.с.) ерекшеліктері, жеке қаламгерлер шығармашылығына тән ерекшеліктер, сондай-ақ жеке шығарманың ерекшеліктеріне дейінгі түсінікті қамтып, қолданыла береді.

Әдебиеттану еңбектерінде көпшілік қаламгерлерге ортақ стильден гөрі, жеке қаламгердің өзіндік стилін қарастыруы жиі кездеседі. Соған орай, стиль ұғымын жеке қаламгерге тән ерекшелік ретінде қабылдау дағдысы кеңірек тараған. Әлбетте, стильді бұл үлгіде танып-білудің мәні үлкен. Оның себебі, біріншіден, стильді жеке қаламгерге қатысты қарастыру әдебиет туындысын тереңдете танып –білуге, оның құрамдас бөліктерін өзара органикалық бірлікте және тығыз байланыста талдауға мүмкіндік береді, екіншіден, жеке стильдерді танып-білмейінше, қаламгерлердің басым бөлігіне ортақ, кең ауқымдағы

стильді тану да мүмкін емес. Олай болса, қаламгер стилі немесе жеке шығарма стилі дегенде нені түсіну керек?

Бұл сауалға жауап ретінде стильге мынадай анықтама беруге болады: стиль – әдеби шығарманың мазмұнын құрайтын көркемдік құрылымның (тіл, сюжет, композиция т.с.с) өзіндік даралық белгісі. Стильді шығарма мазмұнын құрайтын біртұтас көркемдік құрылымның идеялық-көркемдік даралығы деп түсіну жеке шығармадағы көркемдік ерекшеліктердің санына негізделмейді. Керісінше, көркемдік құралдардың өзара органикалық байланыстағы тұтас жүйе ретінде пішін арқылы мазмұнды бейнелеу даралығы болып табылады.

Стиль даралығы, әсіресе, әр қаламгердің көркем тіл ерекшелігінен айқын байқалады.

«Стильдерді топтастыру проблемасы да тіл білімінде әлі тиянақты шешілмеген, даулы мәселенің бірі. Стильдерді топтастырудың дәстүрлі, қалыптасқан, бұрыннан белгілі принципі жоқ. Тіл стильдері туралы қазірде әр түрлі көзқарастар бар» – дей келіп, орыс тіл біліміндегі стильдерді топтастырудың тармақ саны мен түрлерінің бірдей емес екендігін, бір еңбекте, А.Н.Гвоздев ең алдымен екіге бөліп, олар өз ішінде бірнеше тармақтан тұратынын, екінші бір авторларда А.Е.Ефимов, В.П.Мурат алты түрге бөліп, саны сай келгенмен атаулары бір емес екендігін, тіпті кейбіреулері стиль санын онға жеткізетінін көрсетеді» [1, 15-б].

Зерттеушілердің басым көпшілігі мынадай стильдік тармақтарды көрсетеді:

- ресми іс-қағаздар немесе кеңсе тілінің стилі;
- публицистикалық стиль (газет-журнал тілінің стилі);
- ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі;
- оқу-педагогикалық әдебиеттің стилі;
- көркем әдебиет стилі;

Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде «стиль дегеніміз – өмірдің белгілі бір саласында қолданылуда танылып, тарихи қалыптасқан тілдік тәсілдердің жүйесі», -деп анықталған [1, 15-33б].

Демек, стиль ең алдымен қолданылуда өзіндік ерекшеліктері, айырым белгілері бар тілдік элементтер жүйесі немесе әдеби тілдің өзіндік сөздік құрамы бар, грамматикалық тұлғалары бар сараланған бір бөлігі. Стиль әдеби тілдің даму барысында қалыптасады. Ғылым ретінде стильдің филологиялық және өнертанымдық ұғымдарын тағы да екі бағыттағы концепциямен дамытып зерттей бастайды. Олар: лингвистика мен әдебиеттану.

Тіл туралы лингвистика ғылымы фонетика, лексикология, грамматиканы ғана емес, стильді көп қырлы құбылыс ретінде қарастырған уақытта тілдің мәнерлі, құнарлы жағын да құбылыс деп талдады. Стильді көп зерттеп, ол туралы көптеген құнды пікірлер айтқан академик В.В.Виноградов өзінің «Проблемы авторства и теория стилей» атты еңбегінде стильдің көп мағыналылығына айрықша тоқталады. Тіл, көркем-өнер, әдебиет, ғылым, не басқа да өмір саласында, әр түрлі ұғым мағынасында қолданылатындығын

дәлелдейді. Сәулет өнеріндегі: готикалық стиль, ионикалық стильдер, сурет, музыка өнерлерінің өздеріне сәйкес стиль термині жиі қолданылады. Өмірдің басқа саласында да «стиль» туралы аз айтылмайды. Құжат стилі, ғылыми стиль, жұмыс стилі, газет стилі, т.б. тілде стиль, стилистика әрдайым сабақтаса жүреді. Әдебиетте прозалық, фельетондық, сатиралық, юморлық стиль деп айтып жатамыз. Стиль әдебиетте негізінде екі түрлі мағынада: кең және жай мағынада қолданылады. Кең мағынасында – әдебиет тарихы, теориясы, әдебиетте XVIII ғасырдан бері қарай стиль – әдебиет әдісі ұғымында пайдаланылып келеді. Жалпыға мәлім классицизм, сентиментализм, романтизм, реализмдер әдебиет стилі деп аталады. Қазіргі әдебиеттану ғылымында әдебиет әдісі бұрынғы стиль ұғымында қолданылады.

Стильдің екінші мағынасы, яғни стиль деп әр жазушының өзіне тән ерекшеліктерін ұғыну. Р.А.Будагов «тілдік стиль дегеніміз – тарихи түрде қалыптасқан жалпыхалықтық тілдің бір бөлігі, өзге тілдік стильдерде қайталанса, енді бір бөлігі арқылы бір тілді екіншісінен айқындап, оқшаулап тұрады»–дейді. Ал, В.В.Виноградов: ауызекі тіл мен жазу тілінің екі түрлі екенін, сонымен бірге лингвистикалық стильді сөз құбылыстары ретінде қарастыратынын көрсетіп берді [2, 35-б].

Стиль жазушының барлық туындыларын түгел қамтиды. Жай қарағанда бір-біріне ұқсамайтын секілді жазушының әр өлеңін тереңірек зерттесек, өзара ұқсастығын көреміз. Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы да басқа компоненттері кіреді. Ең ортақ мәселесі – идеялық мазмұны. Қазақ жазушыларының тілі бейнелі, құнарлы екеніне иек артып, қазір біраз әдебиеттанушыларымыз стиль дегеніміз тілдің байлығы деп ұғады. Рас, бұл да-стиль. Әдебиеттану ғылымында көркем әдебиеттегі стильді біртұтас құбылыс ретінде қарастыру салдарынан, әдебиет стиль туралы таластардың екіге бөлінуі орын алып отыр. Біріншісі – стильді лингвистикалық қырынан ғана қарастыру. Екіншілері, әдебиет стильді тек өнертанымдық концепциямен ғана зерттеуді жөн көреді. Сонымен бірге әдебиетті сөзбен сурет салу, өнер деп қоса түсіндіруді де орын алып келеді. Сондықтан әдебиет стильді зерттегенде таразының екі басын тең ұстаған жөн. Стиль, әр ақынның шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат болғандықтан, оны жан-жақты және терең зерттеу қажет. Сонымен бірге, стиль мәселесін сөз еткенде, шығарманың мазмұнынан ажыратып зерттеу қисынсыз. Стиль ақын шығармасының әрі идеялық, әрі көркемдік ерекшелігінің бірлігі болуы тиіс.

Стиль ақынның көркемдік құралдарын өзінше жетілдіру шеберлігімен тікелей байланыста болады. Стиль жөніндегі пайымдаулардың, айтыстардың бәрін жинақтайтын болсақ, оны кең мағынада, түрлі арнада түсіндіруге болады. Стильдің әдіс немесе ағымдық алмастыру болғанына көңіл бөлсек зерттеуші Қ.Жұмалиев нағыз стильді тек талантты жазушыдан ғана

табуға болатынын атап көрсеткен. «Стиль – шын талант, ұлы ақын жазушылардың қаламдарына ған сипат–дейді ол. Кез келген ақын жазушыдан стиль іздеу бекершілік. Өйткені барлық өлең қиыстырушыларды ақын, сөз жаза білушілерді жазушы десек қателескен болар едік. Дарын жоқта – стиль жоқ. Бұл екеуі сабақтас. Әдістен тыс стиль жоқ. Стиль әдістің құрамымен ғана танылады» [15,123-б].

Ақынның тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, ұйқас, өз ерекшелігіне байланысты өзгешелігі стильдің құрамында ғана танылады.

Стиль термині әр түрлі ғылым саласында (әдебиеттану, өнер, тіл білімі, мәдениеттану, эстетика) қолданылады. Эстетикалық категория ретінде стиль-шығармашылық үрдістің, көркемдік ойлау процестің, көркемдік қарым-қатынасты туындының факторы болып табылады.

Өлеңге, әрбір суретке, әрбір сөзге, поэзиялық нәр, көрік беретін- ақындық ой сезімнің таңдауы, көркемділігі. Стиль ұғымы түрлі деңгейде, белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап әр түрлі әдеби бағыттар мен әдістердің ерекшеліктері, жеке қаламгерлер шығармаларына тән ерекшеліктер, сондай-ақ жеке туындының ерекшеліктеріне дейінгі түсінікті қамтиды. Стильді көбіне жеке қаламгердің жазу ерекшеліктерімен байланыстырады. Себебі әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың шығармашылық ерекшеліктерін танытады. Оны тілден де, тақырып пен идеядан да, образ жасау тәсілінен де аңғаруға болады. Стиль қалыптастыратын кезең, шығармашылық өрлеудің жоғары сатысы. Бұған жету үшін, шындалған суреткерлік шеберлік керек. Стиль даралығы, әр қаламгердің көркем тіл ерекшелігінен айқын байқалады.

Көркемөнердің көп салаларының ішіндегі ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі – көркем әдебиет.

Көркем әдебиеттегі стиль туралы сөз қозғағанда, оның қаламгер қолтаңбасын дараландырып тұратын поэтикалық сипатына үңіле қарамас бұрын, ол туралы айтылып жүрген пікір-тұжырымдарға назар аударғанда Гегель еңбегін айналып өтуге болмайды. Өзінің әйгілі «Эстетикасында» Гегель мәнер, стиль, және даралық ұғымдарын бір-бірімен тығыз байланыста қарап, белгілі бір қорытындыға келеді. «Қалай болған күнде де біз суреткерден объективтілікті талап етуіміз керек. Бейнелеу- суреткер шабытының жемісі. Ол субъект ретінде затпен (құбылыспен) түбегейлі жымдасып ішкі әлеміндегі құбылыстармен өз қиялын үндестіріп, көркемдік тұрғыда жүзеге асырады», [19,302-б] – дей келе суреткер субъектімен бейнелеудің объективтілігі негізгі аспектіні құрайтынын айтады. Гегельдің пайымдауынша мәнер жеке тұлғаға қатысты. Сол себепті де оны суреткердің ерекшелігі деуге болады. Демек мәнер де, даралық та, көркем шығарманы тудыру барысында байқалады және сол нәрсенің өзінде, оның айрықша бейнеленуінде көрінеді.

Стильдің барынша қалыптасып, жетілуі даралыққа әкеледі. Дегенмен даралық стильдік заңдылықтан ғана тұрмайды. Суреткер жалаң мәнерге бой

ұрмағанда ғана өзі үшін аса маңызды материалды туындатады. Өзінің ішкі сезімін басқара отырып, жалпы идеал ұғымымен сәйкес өзіндік түйсік пен өнер заңдылығын үйлестіре отырып, тың болмыс қалыптастырады. Әдетте, даралықты ғажайып туындының дүниеге келуі деп білеміз. Алайда, оны белгілі бір субъекте ғана тән деуге болмайды.

Қазіргі таңда «байыбына бармай шатасып жүрген мәселенің бірі – стиль мәселесі. Стильді әдебиеттану ғылымы тұрғысынан эстетикалық категория ретінде қарастырғанда, оны шығарманың тұтас құрылымымен, бүкіл болмысымен қарастыру бірден-бір дұрыс жол. Стиль суреткер талантының даралық қуатын көрсететін сапалық белгі екенін ескерсек, стиль мәселесін сөз еткенде көркем туынды тұтастай назарға алынбақ.

«Көркем туынды стилінің құрылымы күрделі әрі көп қабатты» дей отырып, әдебиеттанушы ғалым Ю.Б.Борев сол қабаттарды жүйелі түрде көрсетеді. Ғалым тұжырымы негізінде қарасақ, онда стильдің құрылысын төмендегідей қабаттарға жіктеп қарастыруға болады: бірінші қабат – тақырыптың-интонациялық тұтастық», екінші қабаты – ұлттық-стилистикалық тұтастық, үшінші қабаты – ұлттық-стадиялық стиль, төртінші – әдеби-көркем ағым стилі, бесінші – суреткердің көркемдік ойлау ерекшелігін бейнелейтін дара стилі, алтыншы – шығармашылық кезең стилі, жетінші- көркем шығарма стилі, сегізінші – көркем шығарма элементтерінің стилі, тоғызыншы – өмір сүріп отырған кезеңнің барлық, көркемдік құбылыстарын біріктіретін дәуір стилі [13,704-б]. Стильдік тұтастықты, оның көп қабаттылығын талдаған ғалымның бұл пікірі стиль жайлы айтылып келген бүкіл тұжырымдардың жинақталып, қорытылуы тәрізді. Ұлттық, әдебиеттану тарихына көз жүгіртсек, стильге қатысты бірсыпыра пікір-тұжырымдарға кез боламыз.

Профессор З.Қабдолов «Әдебиет теориясының негіздері» деген еңбегінде бір жазушының барлық шығармасында болатын идеялық бірлікпен қатар, тақырып, мінез, тіл бірлігіне де байланысты ерекшелікті қысқаша тізіп келіп былай ой түйеді: «Сонымен біз әрбір жазушының барлық шығармашылығының өн бойынан идеялық-көркемдік негізді тақырып арқылы ғана, тек жазушыға тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне ғана басқа жағдайлардан да іздеп таба беруге болады. Міне, стиль дегеніміз әр жазушының бойындағы шығармашылық ерекшелігі» [3,52-б].

Стиль – көркем шығарманы жазу дәстүрі, жазудың мәнері, өзіндік үлгісі. Бірақ тілшілердің дәлелдегеніндей көркем шығармада сөз қолдану тәртібі ғана емес. Әдебиеттік стильдің мағынасы одан әлдеқайда кең. Әдеби стиль көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, мазмұнын, көркемдік ерекшелігін, тілін, композициясын тағы да басқа жақтарын қарастырады. Стиль жазушы шығармашылығының барлық жағын, оның көркемдік құралын түгел қамтуға тиіс. Онсыз, тек сөз саптау тұрғыдан ғана қарау – көркем әдебиеттің дамуына кепіл бола алмайды. Сөзбен бір адам екінші адамға өзінің бір ойын білдіреді. Ал көркем өнермен адам бір-біріне сезімін жеткізеді. Сезім сөзден шықпайды.

Сөзден тек түсінік шығуы мүмкін. Сезім әрекеттен шығады. Әрекет, тартыс болмаса, қандай күйзелу, қандай сезім болуы мүмкін? Онда да тартыстың, әрекеттердің күштілері ғана оқырманын қуанта, не күйзелте алады. Тартыс, іс-әрекет күшті болса, сезім де күшті. Қандай да бір көркем шығарманың міндеті – оқушысын ерекше бір әсер, сезімге бөлеу.

Стиль жазушының барлық туындаларын түгел қамтиды. Жай қарағанда бір-біріне ұқсамайтын секілді жазушылардың шығармаларына тереңірек үңілсек, әр шығарманың өз ара жақындығын, бірліктерін көреміз.

Жазушының құралы – тіл. Әлемді таң қалдырған көркем туындылардың бәрі де тіл арқылы оқиғаны қалай дамыту, адам мінезін қалай жасау, психология, күйініш-сүйініштерді суреттегенде жан тебірентерлік дәрежеге жеткізу, қатысушылардың сөздерін өз ортасына, жастарына, ой-сана, қоғамдағы орны мен тіршіліктеріне сай, тән, шындыққа дәл етіп бере білу, тілдің сиқырлы күші арқылы жасалады.

Сүтпен кіріп, сүйекке сіңген тілді әркім біліміне, өмір тәжірибесіне қарай әр алуан түрде ұштайды. Әр ақынның өзінше сөз саптауы, сөйлем құрастыру, сөзіне өзінше мән беру, ана тілі негізіне сүйене отырып жаңа бір тыныс жасау, сөйлемдегі сөз тіркестерінің дағдыдағы қалпын өзгерту, кейде архаизм, кейде неологизм, кейде сөз ауыстыру, кейде инверсия, эллипсистер арқылы мүлде күтпеген жерден әдебиетте бұрын кездеспейтін бір жаңалықтарға жазушылардың қолы жетеді. Осындай жайттардың негізінде әр жазушының өзіне тән ерекшелік стилі келіп туады. Көркем шығарманың идеялық-эстетикалық мән-мағынасы, мазмұны оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Қаламгер туған тілдің түпсіз тереңінен өзінің ой-өрісіне, түсінік талғамына сәйкес келетін өрнектер мен әдіс-тәсілдерді іздейді. Осы әдіс-тәсілдер, тың қолданыстар арқылы әрбір қаламгер өз оқырманының жүрегіне жол тауып, оның көкірегіне жоғары адами қасиеттердің нұрын, ізгілік ұрықтарын себуге тырысады. Бұл үрдіс қаламгер атаулының бәрінде бірдей бола бермейді. Оның басты себебі қаламгердің шеберлік шыңында, стилінің даралығына байланысты. Белгілі бір ақын стилі дегенде, автордың лирикалық қаһарман мүсіндеу ерекшелігін, сол арқылы шығарма идеясына, сюжетіне, ырғақ мақамына әсерін таныту қажет. Әйтсе де сол лирикалық қаһарманды өз бітімімен мүсіндеу талабына бағындырылған өзіндік сөз қолданысын арнайы салыстырмай тұрып, ақын стилін жан-жақты, толық ашу мүмкін еместігі анық.

Қаламгердің сөз қолданысы арқылы стиль ажырылатынын тиянақтау алдында анықтау қажет жайттар баршылық. Қорыта айтсақ ақынның өзіндік көзқарасы, талғамы, мінез ерекшелігі оның лирикалық қаһарманының қайталанбас бітімін негіздейді де, сол дербестік сөз игерудің жеке үлгілерін тудырады.

Қазақ жазушыларының тілі бейнелі де құнарлы. Бірақ, бүгінде көптеген жазушыларымыз стиль дегеніміз тілдің байлығы деп ұғады. Рас, бұл да стиль. Әдебиеттану көркем әдебиеттегі стильді біртұтас құбылыс ретінде

қарастырады. Сондықтан да болар, бүгінде әдеби стиль туралы таластар екіге бөлініп отыр. Біріншісі – стильді лингвистикалық қырынан ғана қарастыру. Екіншілер, әдеби стильді тек өнертанымдық концепциямен ғана зерттеген дұрыс дейді. Біреулер әдебиетті сөзбен сурет салу десе, екіншілері өнер деп түсінеді. Сондықтан әдеби стильді зерттегенде таразының екі басын тең ұстаған жөн. Стиль – әр ақынның шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат болғандықтан, оны жан-жақты және терең зерттеу қажет. Сонымен бірге, стиль мәселесін сөз еткенде, шығарманың түрін, мазмұнынан ажыратып зерттеу қисынсыз. Стиль ақын шығармасының әрі идеялық, әрі көркемдік ерекшелігі болуы тиіс.

Ғалым З.Ахметов стиль жайындағы түсінектемесінде «Стиль – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы. Көркемдік стиль жазушының өмірлік тәжірибесі негізінде, оның суреткерлік талантының табиғатына сәйкес қалыптасып дамиды. Стильді көбінен-көп сөз қолдану ерекшелігі, сөздік, тілдік ерекшеліктер деп қарау, ара-тұра болса да бой көрсетеді. Әдебиетте стильдің мағынасы әлдеқайда терең және кеңірек. Жазушының стилі дегенде, біз оның өмір шындығын өзінше тани білу, сезіну, тақырыпты өзінше игеру, өзінше ой толғап, бейнелеп айту – міне осындай маңызды сипаттар танытатын, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын айтамыз» [14, 186-б] -деген түсінік береді.

Стиль туралы алғашқы түсініктемелердің қатарында А.Байтұрсынов еңбегін атауға болады. Ғалым стиль мен стилистиканың өзара қатынасын дәл көрсеткендей, «сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады» деп көрсетеді [16, 464-б]. Стиль жөніндегі еңбектердің ішінде ерекше атайтынымыз Қ.Жұмалиевтің «Стиль – өнер ерекшелігі» атты зерттеу еңбегі [15, 464-б]. Ғалым аталмыш еңбегінде стильдің терминдік түсініктемесінен бастап, оның бүкіл тарихына тоқталады. Әдебиеттегі стиль дегеніміз – әр жазушының өзіне тән ерекшеліктерін ұғыну дей отырып, «Стиль ұғымына жазушының тип, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттері кіреді. Ең алдымен, орталық мәселе – идеялық мазмұн», -дейді [15,384-б]. Теоретик ғалым жазушы стилінің бір күнде, не бір жылда ғана қалыптаса алмайтынын ескертеді. Стиль туралы З.Қабдолов, Қ.Жұмалиевтің пікірін әрі қарай тарата отырып, «идеялық – көркемдік негіздің тек сол жазушыға тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы шығармашылығының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жайлардан да іздеп таба беруге болады. Міне, стиль әр суреткерге тән осындай шығармашылық ерекшелік»[17,360-б] –дейді. Ғалым сондай-ақ жазушының шығармашылық ерекшелігін тілден, тақырып пен идеядан, көркем бейне жасау тәсілінен аңғаруға болатынын айта отырып, «суреткерлік ерекшелік оның

шығармасындағы белгілі бір бірлікке әкеледі»-деп, осы бірліктерді атап көрсетеді. Олар: идеялық бірлік, тақырып ерекшелігі, мінез бірлігі [17,334-335б]. Қ.Жүсіп өз манаграфиясында [18, 124-б] поэзиядағы стиль мәселесін көркемдік әдіс пен бейнелілік айналасында қарастырып, жүйелі тұжырымдар жасайды. Қазақ әдебиеттануындағы стиль мәселесіне байланысты еңбектер қатарында «Стиль сыры», «Қазақ көркем шығармаларының жанры мен стилі», «Қазақ әдебиетіндегі стиль мәселелері», жинақтарын, М.Дүйсеновтың, Қ.Өмірәлиевтің, Ф.Оразаевтың еңбектерін атауға болады. Қазіргі қазақ лирикасындағы стиль мәселесін сөз еткенде Қ.Жүсіп тұжырымдарына қосыла отырып, лирикалық қаһарман сипатына, суреткердің сөз қолдану ерекшелігіне ерекше назар аударған жөн. «Қазақ ақындарының қаншалықты толысқан суреткер ақын екенін анықтау үшін, стильде, көркемдік әдіс те жалаң алынбай, үнемі бейнелілік тұрғысынан саралану қажеттігі де дау туғызбайды»-деп ой түйеді ғалым [18,123-б]. Бейнелілік стильмен тікелей байланысты. Тіпті оны стильдің көрсеткіш құралы десе де болады. Ал, кең мағынада поэтика деп алсақ, оның ауқымы стильден әлдеқайда үлкен деген Храпченко пікіріне сөзсіз қосылуға болады [20,575-б]. Өмірді көркем бейнелеу сипаты, ең алдымен, ақынның сол өмірді бейнелеу үшін таңдаған әдісінің негізінде айқындалады. Қай ақын болмасын әдіске сөз сомдау үстінде төселеді. Кез келген ақынның, немесе қаламгердің стилі жағынан, бейнелеуіш құралдарды қолдану жағынан өзара ұқсастық, айырмашылықтарын ажыратуда шығармашылық істе пайдаланған көркемдік этюдтері шешуші роль атқарады. Бұдан ақын, жазушылардың идеялық-эстетикалық ерекшеліктері де айрықша танылады. Шынайы таланттардың жазу машығы өзгелерден оқшау, дара көрінеді. Қолға алғаннан-ақ, кімнің жазғанын стилінен қапысыз аңғаруға болады. Мәселен, Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали стилі десек, оны айтқызатын-айрықша айшықты, өзгелерден ерекше, дара бітімді қолтаңбалары. Әлбетте, поэзиядағы поэтикалық категориялар мен көркемдік әдіс ақын стилін танытуға көмектескенімен бүкіл шығарманың өн бойынан көрініп тұрады деп айта алмаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда поэзиядағы стиль нақты жүзеге асқан үлгіде көрініп, оның ерекшеліктері ақын өлеңінде сыртқы пішінінен бастап, бүкіл болмысында көзге ұрып тұрады. Дегенмен, поэзияда әдіс өзгерсе, оның әсері стильге тимей қоймады. Ш.Елеукуновке сүйенсек «бұл – стиль құрайтын шешуші фактор» [21, 366-б]. Кейбір ғалымдар (А.Н. Соколов) аксиомаға жақын мынандай тұжырым жасайды: «дүниетанымсыз әдіс туралы айта алмасақ, онда стиль жайлы сөз еткенде, әдіске тоқталмау мүмкін емес – мұнда өзара тұтас байланыс бар» [22, 223-б]. Әдіс пен стиль ақын қаламының ұшында тоғысады. Осы орайда стильдің тарихи тұрғыдан өзгермелі болып келетінін Г.Н.Поспелов өзінің «Әдеби стиль мәселесі» атты еңбегінде көрсеткен еді [23,256-б]. Дәл осылайша әдіс жүйесінің де бір орында тұрмай, замана ағымына және дүние жүзі әдебиет тынысы – деміне орай өзгеріп, сан құбылып отыратындығын Ш.Елеукунов қазақ ақындарының ішінде әсіресе Мағжан шығармашылығында

кездесетіндігі арқылы дәлелдейді. «Схемалық түрге келтіргенде Мағжан поэзиясы ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм, реализм мен романтизмнің өзгеше бір тоғысуында жаңа заман әуендеріне үн қосу сатыларынан өткен» - деп жазады тұжырым жасаушы [21, 267-б].

Қазақ әдебиетінің осы күнгі стильдік тарамдалуының басы ХІХ ғасырдың екінші жартысына тура келді. Сондай-ақ көркем әдебиет стилінің де проза жанрын қамтып, әлдеқайда дами түсуі ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталады. Бұған Ыбырай мен Абай шығармалары үлкен себепші болды. ХХ ғасырдың басы – қазақ көркем әдебиет стилінің бірсыпыра күшейген, өз ішінен тарамдалған тұсы. Осы кезеңде проза, драматургия жанрларына сай белгілер пайда болып, әрі қарай дамыды, стильдер жігі айқындала түсті. Сөйтіп, өткен ғасырдың екінші жартысында қазақтың ұлттық әдеби тілінің мынадай функционалдық стильдері пайда болады: көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, жартылай ғылыми стиль, ресми-іс қағаздар стилі, эпистолярлық стиль. Стильдік жаңалық әр ақынның ойы мен сезімін бейнелеп жеткізуінен көрі, көркемдік әлемінде бұрыннан бір дәстүрлі құралдарды, суреттерді, сөз тіркестерін жинақтай айтсақ, құбылту мен айшықтау түрлерін тың тәсілмен түрленде білуінен, жанрлық түрлерден, пішіндік ізденістерден көрінеді. Стиль қалыптастыратын тек дарынды ақындар ғана. Талант қуаты кем қаламгерден стиль даралығын іздеу ешқандай нәтиже бермейді. Сонымен қатар қазақ ақындарының қаншалық толысқан суреткер екенін айқындау үшін, стиль де, көркемдік әдіс те жалаң алынбай, үнемі бейнелілік тұрғысынан саралану қажеттігін қадағалаған дұрыс. Көркем шығарма стилі, нақтылай түскенде, бүгінгі қазақ поэзиясындағы стиль мәселесі туралы сөз болғанда тіл дәлдігі, сөз қуаттылығы жөнінде көп ой қозғаған, пікір білдірген Ғ.Мүсірепов еңбектеріне соқпай кетуге болмайды. Стильдің анықтамасына келсек, бүгінгі күнге дейін айтылып келген көптеген тұжырымдарға назар аудару керек-ақ. Өйткені, қазақ лирикасындағы стиль мәселесін сөз еткенде, нені нысанаға алуымыз керек, лирикалық туындыны қай қырынан қарастыруымыз керек дейтін сұрақ туындайтыны заңды. Стильге қатысты жоғарыда мысалға келтірілген пікір-тұжырымдардың әр қилы, алшақ жақтары болғанымен, бір-біріне сабақтас, үндес, бірін-бірі толықтырып жататын тұстары да көп. Қазақ әдебиеттанушы ғалымдары мен әдебиет сыншылары да стильге қатысты ойларын ғылыми еңбектерінде, мақалаларында білдіріп отырады. Бұл жерде, біз басты нысанаға алып, сөз қыларымыз – Ғ.Мүсіреповтің пікірлері, ой-тұжырымдары. Көркем сөзден түйін түйген суреткер ақын Ғ.Мүсірепов: «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» [25, 544-б] -дей отырып, ең басты талапты сөзге, сөздің шебер әрі дұрыс қолданылуына қояды. «Көркем әдебиет, ең алдымен, қай тілде жазсаң, сол тілді жақсы білуді талап етеді бізде ана тілімізді жақсы білуден көрі «білемін» деушілер көбейіп барады», -деп қынжылған қаламгер бұл жерде сөздің мән-мағынасын дұрыс түсіну, дұрыс қолдану қажеттігіне баса назар аударатындығын білдірген [26, 124-б].

Тіл шеберлігі мен дарынсыздық, талант пен жауапсыздық, өтірік пен шындық көркем әдебиеттің негізгі мәнін анықтайтын мәселелер екендігін баса көрсеткен жазушы «Ауыздан шыққанның бәрі ақын сөзі емес. Ойың адал болғанмен, орындауың бөлек болса, ұнатпадың деп өкпелей алмайсың. Ақын сөзі өзекті өртеп, жүректі тербетіп шығады. Ақыл мен ой, жүрек пен жан тұтас толғанып үн қосқанда ғана шығады. Тақырып идеядан туады. Тақырыбың ескі болғанмен, идеясы жаңа болса, ол шығарма да жаңа. Ауыр күнә –тақырып ескілігінде емес, идея ескілігінде. Ескі тақырыппен ескі идеяны айтқаннан, жаңа тақырыппен ескі идеяны айтқанның күнәсі ауыр. Тілек жаңа тақырыппен жаңа идеяны жақсы суреттей алуда» -деп тұжырым жасайды [27,555-б]. Бұл келтірілген үзіндіден Ғ.Мүсіреповтің көркем әдебиеттің сапасы мен деңгейі жайлы өзіндік түсінігі мен ұстанымын көреміз. Жазушы «Стиль дегеніміз -мынау» деп, дайын анықтама ұсынбайды. Оның стильге қатысты ойлары поэзиялық, прозалық және драмалық туындыларды талдаған еңбектерінің мазмұнынан көрініп отырады. Тағы да мысалға жүгінер болсақ: «Ұлы ақын қарапайым сөздердің қалай мағыналы боларын, қалай уытты, қалай екпінді, қалай жылы, қалай суық болар сыр-сипатын ашып, ана тілімізге жан бітірген адам» [26,125-б]. Ғ.Мүсіреповтің Абай туралы айтқан бұл пікірі ең алдымен шеберлік әрекет етеді деген ойға сабақтасады. Тілдің өмір сүруі дамуы үшін шеберлік – басты қағида екенін қайталай отырып, оны тіл тағдырымен байланыстырады. Көркемдік әдісті шындықты суреттеудің негізгі, өмірді бейне арқылы көрудің айрықша түрі дейтін тұжырымдарға сүйене отырып, әдістің шеңберінде қарастырылатын компоненттердің стильге тән екенін жоққа шығаруға болмайды. Көркемдік әдіс қаламгердің дүниетанымына сай өмір шындығын көркемдік ойлау тұрғысынан меңгеруі екенін ескерсек, әдісті шебер меңгермеген ақын айрықша шығарма тудыра алмайды. Стиль – әдістің жан-жақты сипаты және оның кемелденгендігінің көрінісі. Әдіс пен стиль – бірін-бірі танытатын, бір-біріне тығыз байланысты ұғым. Әрбір қаламгерге тән дара стильдің қалыптасуына сол қаламгердің өмір сүрген кезеңі, ортасы ықпал ететіні ақиқат. Қаламгердің шығармашылық ғұмыры даму, жетілу сипатымен көрінеді. Сондықтан стиль мен әдіс те даму үстінде зерттеуді қажет етеді. Стильдің негізгі нысаны – өмір, басты құралы – тіл екенін ескерсек, бұл екеуі де үздіксіз даму үдерісіндегі құбылыстар. Қаламгерлер стилін зерттегенде «тұтас шығармасын жинақтап бағалаудан бұрын әуелі жеке шығармаларын талдап, олардың стильдік даму жолын көрсету қажет», – дей отырып, академик М.Қаратаев стильдік компоненттер қатарында ұлттық ерекшеліктерді қарастырудың қажеттігін ескертеді [28,335-б].

Стиль – күрделі құбылыс. Оны жалғыз тіл арқылы тану мүмкін емес. Тіл-стильді белгілейтін маңызды бірліктердің бірі ғана. Тілден басқа стильді белгілейтін детальдар қатарына көркем шығарманың жанрлық, композициялық, интонациялық, ырғақтық ерекшеліктері де енеді. Стильге беріліп жүрген анықтамалардың әр тектілігі оны әрі әдебиеттану, әрі тіл білімі ғылымына

жатқызуға негіз болып жүр. Стиль біреу ғана болу тиіс. Ол – жазушы стилі. Ал көркем шығарманың тілі жазушы стилінің бір белгісін құрайды. Көркем шығармалардағы стильдік бояу, олар атқаратын көркемдік қызмет туралы айтқан кезде жазушының дара стилі, жеке шеберлігі секілді мәселелерді айтпай кетуге болмайды. Әрбір жазушы өзінің дара стиліне өзгелердің стильдік ерекшеліктерін жетік меңгеру арқылы ғана жетеді. Дара стиль әдеби тілмен тығыз қарым-қатынаста болады. Әдеби тілді дамытатын қайнар бұлақтардың да бірі, осы – дара стиль. Жоғары шеберлікпен жазылған көркем шығарманың тілі ғана «дара стиль» деңгейіне көтеріле алады.

Дара стиль жазушының көркем шығармасының стилі мен оның дүниетанымының арасындағы қарым-қатынасты да қамтиды. Дара стиль, тіл, копозиция, жанр, ырғақ, интонация, жазушы өмір сүрген орта, бұрыннан қалыптасқан стильдік дәстүр, оған енгізілген стильдік жаңалық, қаламгердің дүниетанымы, талант сипаты, баяндау тәсілдері, стильдік контраст, стильдік бояу, жазушы стилінің шығармашылық өсу жолы сияқты бірліктер жиынтығынан тұрады.

Ұлттық әдебиетіміздегі стильдің тарихи даму жолдарын зерттеуші С.Бахтиярова «екі арнада қарастырған жөн: бірі- қазақ әдебиетінің дара стильдерге дейінгі кезеңіне жалпы тән болған стильдік көркемдеу құралдары, екіншісі-авторы айқын түркі бітік жазба ескерткіштерінде алғаш рет профессионалды негізде көрініп, кейін толғау жанрында айқындала түскен дара поэзия белгілері»- деген тұжырым жасайды [29, 133-б].

XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы стильдік ізденістерді зерттеуді нысан еткен зерттеуші ұлттық ұғымының бірнеше сипаттармен айқындалатынын, көптеген зерттеушілердің «ұлттық стиль» ұғымына дүдәмалмен қарайтынын, мұның да өзіндік себебі бар екенін талдап көрсетеді [29,90-б]. Әдеби әдісті дара стиль аясында қарастырғанда біз сөз етіп отырған ұлттық сипатты ауызға алмай кету мүмкін емес. Өнер туындылары ең әуелі ұлттық сипатты иеленеді, ұлттық туынды төрт құбыласы сай келген жағдайда барлық адамзаттың рухани игілігіне айналатыны белгілі. Стиль мәселесін зерделегенде жалпы әдеби процесті назарға ала отырып, оның әр кезеңдегі даму ерекшелігіне ден қойылады. Жоғарыда өзіміз айтып өткен көркемдік әдіс қаламгерлік шеберлікпен ұштастырыла тығыз бірлікте талданады. Өйткені әдебиет дегеніміздің өзі – тұтас организм, сан бөлшектерден тұратын бір бүтін дүние. Бүтінді бөлшектей талдағанда, сол талдау нәтижесі айналып келгенде бөлшектің бүтіндігін, бір-бірінсіз өмір сүрмейтінін дәлелдеуге негізделеді. Әдебиет тарихында қандай стиль болсын бірден, бір күнде туа салмайды. Жаңа стильдің элементі өзінен бұрынғы қалыптасқан стильдің өз ішінде туады, өсе келе, дами келе қалыптасады және күреспен ғана өзіне жол ашады. Бұрынғы стильдің ескіргенін, дәуірдің озғанын, енді ол бөгеттікке айналғанын сөз жүзінде де, іс жүзінде де дәлелдеу, жаңалық үшін ескілікпен келісімге

келместік күрес арқылы өседі. Тартыспен ғана жаңа стиль, ескі стильді тарих сахнасынан ысырып, оның орнын өзі басады.

Стиль мен шеберлілік бір-бірімен егіз. Шеберліктің қыры мен сыры қаншалықты мол болса, суреткер стилі соның барлығын қамтиды. Демек, небір амал, тәсілдерімен өмір сырын жарқыратып ашып тастайтын шеберліктің сиқырлы күші сайып келгенде, суреткердің стиліне келіп тіреледі.

Стильдің қалыптасуы шеберліктің жетілуімен біте байланысты. Шеберлігі жетілмеген жағдайда стиль де бір арнаға түспек емес. Бірақ та, жазушы стилін тап басып, бірден аңғара қою да қиын. Стиль мәселесіне сыншы, зерттеушінің оқта-текте ғана соғып отыратыны содан. Күні бүгінге дейін жеке ақын, жазушы стилі туралы монографиялық еңбектердің бой көрсетпей келе жатқандығы осының айғағы.

1.2 Ақындық өнер және шығармашылық үдеріс

Стиль – әр ақынның көркемдік жеке дара шеберлігімен байланысты. Қазақ әдебиеттану зерттеушісі: Қ.Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» деген еңбегінде: «Стильдің алдымен лирикалық қаһарман сипатынан аңғарылатыны, сол арқылы тақырып, идея, ұйқас, сюжет, композиция деп т.б. – бәріне ықпал ететінін діттеумен бірге, тағы бір өзекті мәселені естен шығаруға болмайды. Ол - стильді анықтаудағы екінші бір өзекті құрал –суреткердің сөз қолдануымен, белгілі бір ортақ делінген баламаларды да өзінше ажарлап ұқсата білумен байланысты екендігі»-деп көрсетеді [18, 384-б].

Қай ақынның болмасын стилінің байлығы-көркемдік ізденіс нәтижесінің жемісі. Ақынның суреткер ретінде маркайып, айрықша стиль танытуына, шеберлік шыңына жетуіне өзінен бұрынғы ақындар мектебі, өз ортасы, заманы айрықша әсер етеді. Сондай-ақ, жеке ақынның, тұтастай қазақ лирикасының биігін межелеуінде көркемдік әдіс, әдеби ағым, сөз саптаудағы бейнелеуіш құралдар, көркемдік құрылымдар, бір сөзбен айтқанда стиль шешуші роль атқарады.

Ақын бейнесі әр өлеңде, әр қырынан әр түрлі көркемдік тәсілдер арқылы нақтылы көрініс табады. Поэзияда ақын тұлғасы көбінесе жинақталған лирикалық бейне қалпында көрінеді. Өйткені ақын өлеңінде үнемі басынан кешкенді, өзі көрген, немесе, өз өмірінде болған жайларды ғана айтпайды, болатынды, болуы мүмкін жайларды да айтады. Сондықтан өлеңдегі лирикалық тұлға автордың, ақынның бейнесін танытады ол оның поэзиядағы көркемдік көрінісі. Екеуінің түпкі негізі бір, мүлде ажыратып бөліп алуға келе бермейді.

Лирикалық тұлға әсіресе сыршылдық сипаттағы және ой-толғаныс түріндегі өлеңдерде айқын бой көрсетсе, ал ақынның, автордың бейнесі лирикалық тұлға арқылы да, сонымен бірге қандай да бір басқа адамды мінездеу, соның өзін сөйлету, ал сюжетті поэзиялық шығармада оқиғаны баяндау арқылы да танылады. Осындай лирикалық тұлғаны зерттеу еңбектерде

лирикалық қаһарман деп те атайды. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялары, өмір құбылыстарын, халық тағдырын өзінше түсініп - сезінуі. Сөйтіп, лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармаларында ой-сезім дүниесінің, мақсат мұраттарының бірлік-тұтастығын танытады.

Лирикалық шығармада көбінесе күрделілік қоғамдық ой-пікірлер ақынның жеке адамға деген жылы сезімі, не болмаса назары түскен табиғаттың бір көрінісін сезінуі-бәрі тығыз байланысып жатады.

Лирик – ақын қоғам өмірінің шындығын, өз көңіл-күйін білдіру арқылы, өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне, оның қатынасынан берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады. Ақын бейнесі дегеніміздің өзі де ылғи бір қалыпта, біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан ашылып отырады.

Ақынның поэзиядағы тұлға-бейнесі мен халық бейнесі деген ұғымдардың арасында жалғастық сабақтастық жоқ емес. Ақын бейнесінің өзгешелігі, алдымен оның халқының өмірін, тағдырын қалай түсіне білетініне байланысты.

Ақын дарыны неғұрлым зор, қуатты болса, оның шығармашылығының тамыры, сол ғұрлым терең жатады, халық поэзиясынан алатын нәрі де мол болады. Бірақ халық поэзиясының қасиет сипаттарын бойына қанша сіңірсе де, дайын үлгі - өрнектерді бар қалпында алып пайдаланбаған соң, ешқандай ұқсастық сезілмейді. Ақын ойының жаңа, тың болуы, бейнелеу, суреттеу тәсілдері арқылы қолданылса, ақын жаңашылдық сипатымен көрінеді. Ұлттық поэзияның ең өнімді, ең құнарлы дәстүрлеріне мықтап табан тірей алғанда ғана ақын бұрын ешкім таппаған жаңалық таба алады.

Поэзиялық шығармада ақын ойының тереңдігі, көркемдік қиялының қанатты ұшқырлығы, сезімінің нәзіктігі, әсерлілігі не нәрсені болсын, бірнеше белгі- сипат арқылы айқын елестету қабілеті негізінде көп жағдайды айтпай-ақ аңғартуға мүмкіндік туғызады. Осыған сәйкес ақынның ой-сезімін жеткізудегі салмақ жүгі көбірек, зерделеп алынған сөздердің мағыналық тереңділігі, бейнелілік, суреттілік қасиеті арта түседі. Ал салмағы жеңіл, әсерлілігі аз сөздер, қажетсіз басы артық болып шығады.

Әдебиет өмір шындығының сәулесі. Өмір шындығы дегеніміз – бірімен-бірі тұтасып жатқан ұшы - қиыры жоқ мол дүние. Ақын сол мол дүниеден қанша алып, қалай пайдаланамын десе де өз еркі, яғни бұл жағынан алып қарағанда ол жалпақ дүниені жалғыз өзі билейтін әмірші. Бірақ сол мол дүниені қалай алып, қалай пайдаланбасын өзі суреттеп отырған өмір шындығын молынан қамти отырып, дәуір талабына сай көркемдікпен шешіп бере білуге тиісті. Ақын бұл жағынан алып қарағанда өзі өмір сүріп тұрған дәуір тынысына тәуелді. Осыдан келіп ақын шығармашылығының халықтығы шығады.

Әрбір адамның орнын тауып жұмсап, өмір шындығын молынан қамтығысы келеді, аз айтып, көп мағына беруге тырысады. Сюжет эпикалық, драмалық және лиро-эпикалық жанрдағы оқиғалы шығармаларға ғана тән, ал композиция барлық жанрдағы шығармаларда сюжет бола бермейді, онда ой ғана айтылады. Бірақ онда да идея мен композиция міндетті түрде болады.

Ақын, жазушының бірін юморист, бірін әңгімеші, енді бірін парасатты ойдың суреткері деген де, сол бір ұғымды тудыруарлық стильдік ерекшелік те әр саладан дәлелдеуді тілейді. Эпикалық, лирикалық, сатиралық тағы басқа жанрларда шығармалар тудырған ақындарды лирик, сатирик деп әр түрлі атап жату да шартты. Осының бәрі де өз бойларына тән үлкен сыр, ерекше қасиет сақтағандар. Олар бірер белгілерімен ғана аталғанымен өзіндік шеберліктерімен көрініп, өз ерекшелігін танытқандар. Бұл ерекшелік түптеп келгенде суреткер стилін айқындайды.

Жазушының стилі белгілі тарихи дәуірдегі көркемдік, стильдік ізденістермен жалғасып жатады, әдебиетке тән көркемдік жүйесі, стильдік өзгешеліктер тарихи-қоғамдық жағдайға байланысты, заманның әлеуметтік, эстетикалық мақсат-талаптарына сәйкес қалыптасады. Әдебиетте орнығып, өркендеп келе жатқан көркемдік принциптерді, стильдік мүмкіндіктерді, бейнелеу тәсілдерін әр жазушы өзінің өмір тәжірибесі, талант талғамымен ұштастыра қабылдап, ерекше пайдаланады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі жылдар ғажайып, өсіп толысулар, самғаулар кезеңі. Халық өмірінің ғарыштық жылдамдықпен өсуі қазақ жырларына тың тыныс, жаңа соқпақтар әкелді. Бұрындары ойлы өлең, сезім толғанысы, азаматтық әуен т.б. сипат қазақ поэзиясындағы қалыптасқан ұғымдар өзгеше реңмен айтылып, өзгеше талғаммен талдана бастады. Қазіргі қай өлеңде болсын, өмір шындығына бейімділік, реальды нақтылық, ойшылдық басты сипаттардың бірі. Эпикалық жанрдағы көркемдік шеберлік, саздар мен ізденістердің сан қырлылығы, молдығы да уақыт ерекшелігі. Сюжеттік өлеңдер де өзіндік сымбат түрлендіре түскен. Тілдік, стильдік, формалық ізденістер. Образ жасау, көркемдік бейнелеу принциптері. Осындай толып жатқан өзекті, мәнді проблемалар соңғы он жыл поэзиясындағы сапалық өзгерістерді көрсетеді. Қазіргі қазақ поэзиясының қаһарманы, бұл, прозаға қарағанда, өзгешелеу, күрделі сипаттағы кейіпкер. Тек «лирикалық қаһарман» аталған поэзия кейіпкері төңірегінде ғана қаншама идеялық-көркемдік желілердің түйіні бар. Әуелі, поэзиядағы қаһарман тұлғасы қазіргі кезеңдегі қазақ азаматының үлкен әріппен басталатын Адам ретіндегі бейнесінің тікелей жыр әлеміне аяқ басуы. Қазақ өлеңінің шығармашылық дәстүрі тереңге тамыр тартқан. Жаңашылдық- сол дәстүр атты қайнар бұлақтың көзі. Ақындарымыз тақырып аясын кеңейтумен қатар, бұрынғы тақырып, мәселелерге басқа қырынан келіп, тың тебіреністерін ұсынады.

Әдебиеттің дамуы елдің, халықтың дамуының белгісі. Поэзия шеберлігінің, мәдениетінің ұшталуы, жаңа биіктерге, көтерілуі де рухани

дүниеміздің жарқын әлемі. Қазіргі қазақ поэзиясындағы шығармашылық ізденістер арасында екі қасиет ерекше жоталанып көрінеді. Бірі – бүгінгі өмір тынысына терең үңілу, өмір құбылысының поэзиясын сергек жүрекпен жыр тілінде зерттеу болса, екіншісі – өмірден, жалпы болмыстан түйген түйін тұжырымдап ой елегінде екшеп, поэтикалық талғамдарды жыр құмар қауым қазылығына ұсыну.

Стильдік ерекшеліктер көркемдік құралдар жүйесінде, олардың ішкі заңдылықтарынан өрбитін байланыстарымен өзара қарым-қатынастары арқылы көрінеді. Ал қаламгердің өзіндік көркемдік әдісі оның өмірлік материалды танып-бағалау, таңдау және бейнелеудегі өзіне ғана тән ұстанымдарынан келіп шығады.

2 МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛІ НЕГІЗІНДЕ

2.1 Мұзафар Әлімбаев поэзиясындағы лирикалық қаһарман бейнесі

М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз мектебі, өз шәкірт акындары бары - шындық. Мұзафар Әлімбаев есімі өз елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері. Әдебиеттанушылардың мойындауынша М.Әлімбаев қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі.

Мұзафар Әлімбаев қазіргі қазақ ән-өлеңдерінің кәсіби ақыны, маңдай алды маманы. Ақынның 300-ге тарта өлеңдеріне ән жазылған. Солардың ішінде бүкіл халықтық сипатқа ие болған «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», «Маралдым», «Өзің де, жігіт, қызықсың» және тағы басқаларын атауға болады. Бұл әндер жалпы қазақ музыка мәдениетін биікке көтерген туындылар.

Жалпы Мұзафар Әлімбаевтың бүкіл поэзиясын шолғанда көзге түсетін бір құбылыс бар. Ол туындыларының философиялық ой ағынына құрылуы. Бұл туралы Б.Сахаринов: «Мұзафар творчествосы жайында сөз болғанда ақын өлеңдерінің ойлылығы көбірек айтылады» [4, 270-б], - дейді. Ақынның өмір құбылыстарын тереңнен әрі жаңаша өзінше толғауға ұмтылуы жемісті екені рас.

М.Әлімбаев өлең-баталарды қайта жаңартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Оның бата-өлеңдерді 1996 жылы «Атамұра» баспасынан «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап болып шықты. Жинаққа көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Ақынның баталары жөнінде Ж.Елшібек «Ерекше туынды» атты мақаласында: «Қашаннан сөздің құдіреті мен қасиетіне зор мән беріп, сергек қарайтын Мұзафар Әлімбаев ықшам, тығыз, ойлы, өрнекті жазу үрдісінен айнымай келе жатқанына куә боламыз» [10, 32-б], - деп жазады. Яғни, Мұзафар Әлімбаев қазақ лирикасын көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан, нақтылықты орнықтырған ақын. «Өлеңнің табиғаты лирика, сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренеткен жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады» [5, 72-б], - дейді Б.Кенжебаев. Асылы, лирикалық қаһарман (немесе кейіпкер) болмысы ақынның адамгершілік қасиеттерін, ой, сана, сезім, дүниетаным тереңдігін, ақындық мәдениетін, көркемдік шеберлігін, эстетикалық ыәм философиялық көзқарасын айқын танытады. «Лирикалық образ — сыршыл өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі, ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер» [9,127-б]. Ақын парасаты кейіпкер парасатына, одан әрі адамзат құдіретіне ұштасады. Поэзиядағы азаматтық, ұлттық рух та ақын тұлғасына қатысты.

«Адақтап біржолата ел есінен,
Кітапты суырғандай сөресінен,
Сөзіме қосып әлде өзімді де

Уақыттың лақтырар ма кемесінен?!

Міне, осындай да үрейлі ойлар кейде мазалайды. Көркем ой мен көрікті жыр тауып, көп алдына шығу қиындап барады» [11, 339-б], - деп жазады Мұзафар Әлімбаев. Жазушы жауапкершілігін терең сезініп, ақындық арын биік ұстауды армандайды.

Дос деймін жақсы жазсам өзімді өзім

Бүлдірсем, дұшпаным да бір өзімнен [35, 194-б], — деп сипаттайды қазақтың аса көрнекті ақыны Қ.Мырзалиев ақындық жауапкершілікті.

М.Әлімбаевтың қымсына-қысыла отырып, шығармашылық кредосын танытқан бір шағын өлеңі бар. Ақын:

Айқайлап айтпасақ та: о, сұмдық-ай,

Жасырын жарысамыз Абаймен де» [11, 197-б], - дейді.

«Өтеді ақын батыр боп» өлеңінде:

Кіші болсын, дәу болсын,

Сырқат болсын, сау болсын:

Ақын шептің алдында!

Қандай шүбә бар мұнда?!» [11, 207-б], — деген ой келтіреді.

Бұл оның арман аңсары да, өз сенімі де секілді. Ақынның өзі қандай деңгейде? Бұл екі мәселенің де ақын өнернамасының болмысын, бітімін, салмағын анықтауда атқарар рөлі аз емес.

Көрнекті ақын, дуалы ауыз Ғафу Қайырбеков ақынға мынандай баға береді: «Мен Мұзағаңмен республика ішінде де, сыртында да талай сапарлас болдым. Баладай алаңсыз ақ көңілі мен сергек, сезімтал, әңгімешіл, сырласқыш, жадында оқыған, білгенін, естігенін, елтігенін магниттей тартып жібермейтін, көп білгенін көпке үлестіргісі келетін, өзгенің табысына, жақсысына қуанып, өзінікіндей көріп, мәз болғыш, күлегеш те қызық мінезді, жаратылысы жақсы адам екеніне сол жылдарда да әбден көзім жеткен еді. Сол үшін де айрықша жақсы көріп, құрметтейтінмін» [33].

М.Әлімбаевтың азаматтығы жайында онымен ондаған жыл бойында өмір өріне қатар аттап келе жатқан әйгілі әрі ақиқатшыл әдебиетші ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Сырт келбетімен де, күлкісімен де, әзіл-қалжыңымен де, жаны жақсыларға жанасқыш майда мінезімен де, ешкімді жатсынбайтын бауырмалдығымен де, әңгімеден аузы құрғамайтын сөзуарлығымен де Мұзафар қырғызша айтқанда, шоң қазақтың бірі. Мұзағаңның азаматтығы оның ақындығына күш-қуат беретін, тар қолтықтан демеп, өрлі жерден асырып жіберетін қасиет десем, артық болмас. Сонда Некрасовтың баршаға мәлім кемеңгер нақылын еске аламыз да, ақындығына дән риза боламыз» [34], - деп жазады

Мұзафар Әлімбаев ақындықтың парыз-міндетін имандай сыр қылып, аса бір әсем өлеңімен иландыра, пәтуалы образбен ашып берген деуімізге әбден болады. «Ақынның образдары — ақыннан өзге ешкім де емес, тек бұл оның өлеңінде әр түрлі пішіндегі объективті тұрпаты ғана. Сондықтан ол осынау ұлы

әлемнің тұтқасы ретінде «Мен» деп сөйлеуге толық хақысы бар...» - деп тұжырымдайды Ф.Ницше.

Ендеше, ақынның сыр-симфониясына тоқталайық:

Тумайды жұртын ақын жылатуға,

Туады жүректерді нұрлантуға.

Өлеңін орамал ғып өтеді олар,

Көз жасын адамзаттың құрғатуға» [45, 206-б]

М.Әлімбаев жалаң ақын ғана емес, ол өзі де әдебиет зерттеуші. Аса көрнекті ақын Ғ.Қайырбеков сөзімен айтсақ, «Мұзафар Әлімбаев шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы» [33]. Ақынның «Поэзия патшалығында» және «Поэзия парасаты» деп аталатын екі циклі жүз бір өлеңнен тұрады. Бұл тақырыптағы жеке өлеңдері өзі бір төбе.

Жоғарыдағы топтаманың ішіндегі жеке бір шумақта:

Өлгендер өре тұрардай

Өңмеңнен ұрып жығардай,

Бір сөзді жалған жазсам мен,

Ғұмыры сағым сыңардай, - делінген [46, 325-б].

Мұзафар Әлімбаев ақындығының бір белгісі – сөзге жауапкершілігі айрықша екенін талай әдебиетші-сыншылар атап көрсеткен [49, 27-б].

Жалпы алғанда, ақынның «Көңіл күнделігінен» (1980), «Қалам қайраты» (1976), «Өмір. Өнер. Өнерпаз.» (1991), «Толқыннан толқын туады» (1992), «Көңіл күнделігі» (1996) сияқты әдеби-зерттеу кітаптарында да көркем әдебиет, ақындық, өнер жайындағы көзқарасы мол қамтылған.

«Ақиқаттан айныса, ақын сорлы.

Сөзін айтпай біткені ақыр соңғы...

Одан кейін жөні жоқ жақ ашудың,

Қу кедейдей жайлаған тақыр сорды [47, 171-б].

Бұл дербес туынды, жеке төрттаған, рубай. Автор М.Әлімбаев оны «Ақиқаттан айныса...» деп атаған. Осыны әрі ақынның өз сөзі, әрі лирикалық қаһарманның сөзі деп қабылдауға әбден болады, кімнің сөзі екендігінің ара-жігін айыру қиын.

«Әр ақынның көкейінде оның өлеңін жан-жүрегімен сезініп, түсінетін, әр сөзін бар бояуымен, әр дыбысын бар әуезімен қалтқысыз қабылдайтын өз оқырманының аңсарлы образы бар. Өлең жазылып жатқан сәтте ол образ – бейне ақынның көз алдында көлденеңдеп тұрып алуы шарт емес, әрине. Ол ақынның болмысымен тұтасып кеткен тұлға» [48, 30-б].

Әрине, мұндай ұласуға, яғни ақын мен лирикалық қаһарманның бір бейнеге, тұтастық дәрежесіне жету – ақындықтағы белгілі бір биіктік.

Ақынның лирикалық кейіпкері арғы аталардың өзінің алдындағы барша Алашына бақыт сыйлаған жолындағы жемісті еңбегін аса жоғары бағалайтын азамат болғандығынан ондай ағаларды достар түгіл, дұшпан да табалай алмайды — деп түйеді «Аталар мен ағалар» атты өлеңінде [42, 61-б].

«Еңбекті, ел үшін еңбек етуді адамның бойындағы қабілет-дарынын копарта, жарқырата ашатын арена, ашық майдан деп түсінетін лирикалық қаһарман «Ертеңге еңбек ету бір ғанибет» дейді:

«Өзін өз заманында мойындатпай,
Ертеңгі күн кім атанар ерен батыр?!» [42, 61-б].

М.Әлімбаев өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер ұғымында «Өмір, тірлік» дегеніміз «Халық үшін үздіксіз қажырлы еңбек, қаһармандық ерлік болуға тиіс». «Өмірбаян қалай жазылады» [42,61-б] деген жырында осындай ой қорытқан лирикалық кейіпкерді кезіктіреміз.

Ол үшін әр азамат аянбай, өзін аямай, туған елі үшін еңбектенуі — парыз.
«Әр ұл-қызың от болып лапылдаса,

Маздамасқа дәтің жоқ, Қазақстан!» [42, 62-б] .

Мұндағы лирикалық қаһарман өзін Сталин заманындағы, санасыз адам деп санамайды, халқымның арқа сүйер азаматымын, панасымын!, деп сезінеді. «Ұл тумайтын күнің жоқ, Қазақстан» деп аталатын шағын өлеңінде әр азамат от болып лапылдаса ғана, өз парызын толық өтей алады — деген ой түйеді автор.

М.Әлімбаевтың:

«Өзің от боп жанасың,
Өзгелердің нұрлантуға санасын.
Өзің күл боп қаласың,

Өзгелердің құнартуға даласын» [46, 322-б], — дегені оқырманды нандырады, иландырады Ақын мен лирикалық қаһарманның бір тұтас тұлғаға ұштасқанын, тоғысқанын байқаймыз.

Ақынның лирикалық қаһарманы өткеніне үнемі ой жіберіп, талдау таразысына тартып, қорытынды жасауды үрдіске айналдырған. Онысы — болашақтың қамы, өзін жан-жақты жетілдіру қамы. Мысалы «Шәкірттіктен құтылды — деп шаттандық» дейтін өлеңде «Көп нәрсені әлі шала білеміз» — деп өкінеді. Оқуды аяқтаумен тынуға болмайды.

«Аз білердің сөзі әр кез кібірттік», «Абзал ұстаз — мінсіз шәкірт». Ол ғұмыр бойында үйренуден тиылмайды. Оқу білімін үстемелеу, үзілмес үрдіс болғанда ғана — өмір өкінішсіз, еңбек жемісті [42, 31-б].

Екінші бір өлеңде («Ақиқатты іздеген») лирикалық кейіпкер ақиқатты іздеген жанды өзіне дос санайды, ал жалғандықты жақтаған бір туғанын да жат деп есептейді.

Майдан даласында үзілген телефон сымын тістеп тұрып жалғастырып, екі жақты тілдестірген байланысшы ерлігін суреттеген автор:

«...Көрінер ме бәлкім құным балалық
Араға егер түссе сайтан-алалық,
Дос жүректі дос жүрекке әрқашан

Сын сағатта сол солдатша жалғасам» [46,65-б], - дейді. Мұнда да лирикалық кейіпкердің акынмен бір тұлға болып тоғысып, бірігіп-кірігіп

кеткенін сеземіз. Адал достыққа дәнекер бола білген адам өзі де достыққа берік екеніне шүбә келтірмейміз.

«Қаруластарға хат» [46, 68-б] - деген өлеңінде лирикалық кейіпкер сонау қанды соғыста шыбын жанды шүберекке түйіп, Отанды опаттан аман алып қалысқандардың бірі болғанын мақтаныш тұтады. Сөйтіп, өзінің ер жүрек сарбаз, ел қорғаны екенін жанамай аңдатады. Ақын «Қан құйысқандар» өлеңінде:

Алға жылжи, қансырап
Қалмаған соң әліміз,
Бір шұңқырға тамшылап

Бірге ұйыпты қанымыз» [42, 169-б] - дейтін лирикалық қаһарманның достыққа беріктігіне оқырман да сенеді.

«Матросовтың қаруласы сөйлейді» деген өлеңінде лирикалық қаһарман:

Қаһармандық жасалмайды бұйрықпен,
Жасалмайды уәде еткен сыйлықпен.

Ерлік көзі — ардың ғана әмірі,

Ерлік көзі — жүректердің дарыны

... Тыным жоқ қой, шек те жоқ қой ерлікте,

Қиын жоқ қой, қиын жоқ қой елдікке!» [42, 168-169б] — деп түйеді.

Ақын суреттеуіндегі лирикалық кейіпкердің сан түрлі психологиялық ерекшеліктерін, оны ақынның көз алдына елестетуі туралы айта келіп, «бұл жырлар ақынның жырларынан орын алмасқа шарасы жоқ» [49, 73-б] — дейді Е.Ысмайылов.

Ақын М.Әлімбаевтың лирикалық қаһарманы оқыған зиялы, интеллект иесі, ел жанды ер азамат, еңбекқор, әділ, қайырымды, достыққа берік, ата дәстүрін ардақтағыш, жалғандықтан жаны таза, намысшыл адам... Ақынның лирикалық кейіпкеріне косыла оқырман да:

Адамсыз бүкіл әлем — қуыс қана.

Үйде де, соны ойлаймын жұмыста да...

Қуысты ізгілікпен толтыруға

Тартыншақ болсаң егер, ту ұстама!» [47, 110-б] — дейді.

Ақынның мөлдір жан дүниесі — лирикалық қаһарманның адамгершілік мәдениетін, ар-намысын, биік санасын көрсетеді. Ақынның өмірге, уақытқа, заманға, тағдырға философиялық көзқарасы, яки даналық ойлары лирикалық кейіпкер болмысынан жарқырап көрінеді, «яки, ақын өзінің көрген білгенін, түйген-сезгенін біреудің түюі етіп бейнелейді. Яғни кісінің ішкі дүниесі, жүрек сыры, мұңы, ізгі ойы, нәзік сезімі етіп баяндайды» [5, 243-б]. Бұл үшін, әрине, ақын сезімді сөз сиқыры арқылы барша жанның жүрегіне жетердей биік деңгейге көтере алуы керек.

Енді лирикалық қаһарманның философиялық ойларына назар аударайық. Ілгерілі-кейінді пікір айтқан ғалымдардың бір бөлігі М.Әлімбаев поэзиясын талдай келе, ол - ойдың ақыны деген пікір түйіндейді.

Орыс әдебиетінің сыншылары, мәселен, Е.Винокуров, В.Сикорскийлер жөнінде екеуін де философ ақын деп тоқтамды пікірге табан тіреп айтады.

Мұзафар Әлімбаев поэзиясында да философиялық ойлар өмір, дүние, тіршілік құбылыстарынан, адамның жаратылыс-болмысынан туындайды.

Автордың 1985 жылы жазылған «Қорқыт ата толғауларынан» жинағына енген «Күрсінемін амалсыздан» өлеңінің алғашқы шумағы былайша басталады:

«Шығандап шиырланған жайдан жырақ,
Толғансаң, арлы-берлі ойлаңқырап,
Азамат адам деген мәңгі мүскін
-Уақыттың көгенінде байлаулы лақ» [42, 224-б]

Өлеңнің ойы терең: пенденің бәрі уақытқа тәуелді, соның уысынан босанбайды деуі шындық, ащы ақиқат.

«**Уақыт көгені**» деген тіркес – жаңа метафоралық тіркес болып келеді. Оның үстіне сол көгендегі байлаулы лақ — екінші метафора. Екеуі кіріге келе, күрделі метафора — ұқсату — салыстырма болып шыққан. **Жаңағы** бейнелілік образды ой автордың әрі ойшылдығына, әрі сөз зергерлігіне айқын айғақ. Осы топтаманың «Дүниеде не ғаріп?» деп басталатын толғауынан ұлы жыраулардың ұлағатты жалғастығын көруге болады:

Дүниеде не ғаріп?
Жұт жайлаған жер — ғаріп,
Жат жайлаған ел — ғаріп,
Дерт жайлаған ер — ғаріп,
Ақ шел басқан көз — ғаріп,
Дарымаған сөз — ғаріп [42, 219-б]

Осы бір қағидада тоталитаризм заманының да ащы шындығы қамтылған деуге болады.

Астан-кестен ботқадай,
Шым-шытырық Дүние!
Аласұрған тоқтамай,
Жын құтырық Дүние! [42, 218-б]

1985 жылы қағазға түскен өленде осы бүгінгі күннің тыныс-тірлігі сезіледі.

Сауға сұрап сардардан
Шу көтерер сарбаз бар.
Қиын кезде дағдарған
Ту көтерер сарбаз бар [42, 218-б]

Топтама Қорқыт ата аузынан баяндалатынын ескерсек, мұнда авторлық позиция қаһарман көзқарасымен қабысып тұтастық тапқанын да байқауға болады: автор туған елге жаны ашығыш ту көтерер ерлер барына сенім білдіргені — оптимизм нышаны.

«Кара теңізге қарап тұрып...» деген өлең бас-аяғы алты жол ғана.

Жағалаудың жатқанымен шетінде,
Қара теңіз табанынның астында,
Аяғыма бас ұрды! — деп, лепірме.
Қылыш қиып, ұшып түскен бастың да,
Иілдіге саналмайтын сәті бар...
Теңіз суын еңкей дағы, татып ал [42, 247-б]

Сырт көзге жай бір пейзаждық туынды. Шындап келсе, философиялық ой-түйін.

М.Әлімбаевтың лирикалық қаһарманының ойында көп жағдайда қазақ жерін басып алған отаршылдар тұратын сияқты.

Халқымның жерін басып алсаң да, елімнің рухын бас идіру қолдарыңнан келмейді! — деген ойды алты жол айшықты өлең андатса керек. Осы астарлы ойлар бірсыпыра өлеңдерде бірінен-біріне ауысып, арна тартады...

Бүлбүл үнсіз,
Ғашық ділсіз,
Ақын жырсыз,
Оңбас-ау.
Тарих сырсыз,
Халық тілсіз,
Батыр мұңсыз
Болмас-ау [47, 17-б].

Бір сөз, атау түгіл, бір буыны да артық не кем түспеген. Әрі айшықты, әрі терең мағыналы сегіз жол өлеңді нағыз философиялық лирика деуге болады.

Аталмыш өлең жөнінде әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішев «Сарыарқа самалы» газетінде жариялаған «Өз өрнегі бар дарын» мақаласында: «Қандай нақыш, түрмен болса да осындай поэтикалық өрнегі бар, нәрі мол туындылар оқушы жүрегіне жол тауып, авторына алғыс айтқызары даусыз. Мұзафар ақындығының өзім байқаған бір сыры осындай өңірден өрбіп, халықтық сипаты мен дәстүрлік леп, үн, бояуға айналып жүре береді. Шығармашылық қолтаңба деп осындайлар айтылса керек» [44], — деп бағамдайды. Өлеңнің ырғақтық және ұйқастық тізілімі де өзгеше: ұйқас және егіз-екі ұйқас салиқалы ойға айрықша саз беріп тұр.

Ақын «Өмір космосына» деген шағын лирикасында (12 тармақ қана):
Тамырларым терең менің,
Сүйенгенім — сүйікті елім.
Қаншалық мен тереңдемін,
Соншалық мен биіктемін.
Космосында жаңа өмірдің
Әрқайсымыз Гагаринбіз.
Өткен күннің, келер күннің
Өркенімен ағайынбыз [47, 213-б], -

деп жырлайды. Лирикалық кейіпкер өзінің рухани және тарихи кіндігінің қайда екенін жақсы түсінеді, туған халқының өткенінен қаншалық қасиеттер тапса, өзінің соншалық асқақтайтынын тұспалдайды. «Ұлттың қамын ойламаған — адамның қамын, ұлтты да ойламас болар» [50, 93-б].

Болмыстың кереғарлықпен күрес екенін, жарық пен түнек күресі бітіспес үрдіс екенін растайтын тоғыз жолдық түйін мынандай:

Туға біткен асқақтық,
Құлға біткен жасқақтық —
Туыспайтын жат ұғым.
Пасықтық пен ұлылық,
Күйкілік пен ірілік —
Жуыспайтын жат ұғым.
Достық пенен өштіктің
Беріктік пен бостықтың
Ауылы алшақ, батырым! [46, 237-б] —

деген өлендегі философиялық ой-толғамда хрестоматиялық сапа да бар. Шындықты шымырлатып айтуы да, шашаусыз шымыр құюы да соның айғағы. Оқырманды ойға жетелер көркемдік қуат бар.

«Қысқы жаңбыр» деп аталатын пейзаждық өлеңнің өзінде де ақын М.Әлімбаев философиялық жаңа әрі ғибратты ой тұжырымдайды.

Мінезі осы-ау жақсының нағыз,
Жоқ әсте қысқа өкпең де:
Дүниені таза тапсыру - парыз
Кезегі келген көктемге» [47, 145-б]

Автор аға ұрпақтың бала алдындағы міндетін көктем мен қыс бейнесі арқылы тамаша бейнелейді.

М.Әлімбаевтың өлеңдерін оқығанда, ақын мен өлеңнің тұтастығы, бірлігі айқын байқалады. Осы ретте әдебиетші, ғалым С.Қирабаевтың: «Ақын арманы, қуаныш, қайғысы өлең боп тууы керек. Егер ол өлеңге айналмаса — өлгені. Ақын мен өлең туысса, бас қосса, өмір көктің төсінде жарқылдап жаңғырықпақ, екеуі де мұнды күйін ұмытпақ. Өлең бар жерде ақын өлмек емес. Өлең оны өлім ауызынан құтқарып алмақ. Өмір болып тіл қатпақ» [50, 227-б] — деген жолдары ойға оралады.

Сұлулықтың кінә ғой әрін сылу,
Батырлықтың өлім ғой сағы сыну...
Көтереді батырдың аруағын

Туған жер топырағына каны сіңу...» [42, 94-б]

Туған ел тәуелсіздігі үшін ажал құшу өлім емес, — өмірдің жалғасуы деген идея бойына осылай сіңген. Ақынның ішкі жан-дүниесінің қалауы, мақсат-бағыты оқырман тілегімен қауышып жататын тұстары аз емес. Мұндай қырлары сыншылар пікірімен де толық сәйкесіп отырады. «Суреткер жазушы қоғамдық ой-пікір мен салт-сананың мәнді сипаттарын әр уақытта аңғарып,

байқай біледі, оларды айқындап көрсетіп, ойшыл адамдардың көз алдына тікелей қоя алады» [51, 105-б].

Ерлік дәстүрді әлсін-әлсін аялай жырлау М.Әлімбаевтың үлгілі үрдісі болып табылады.

Дананың жолы

Елден елге дейін.

Шаланың жолы

Үйден көрге дейін [42, 253-б]

«Құлпытастағы жазуда» осындай ізгі ой бар. Ел мен елді ерлер өнерімен, ғылымымен, ерлігімен жалғастырады.

Тамшыға өлең арнаған

Ұмытпас ұлы теңізді

Бірге ғой (бәрі Алладан!)

Қосалқы мен негізгі [47, 239-б].

Адам жаған дүниенің бір бөлшегі, сондықтан да сол шетсіз-шексіз

Тылсым дүниенің құпиясын, неғұрлым тұтас қалпында ұғынғаны абзал.

Есіңнен елің шықса — есалаңсың,

Ендеше қайтып тірлік кеше аларсың [47, 239-б].

Үзілді-кесілді айтылса да, ұтымды. Кім-кімді де сілкіндірер қуаты бар тұжырым.

Қорыта айтсақ, М.Әлімбаев — пәлсапалық ойдың ақыны. Ақынның осындай сипаттағы «Дәлдір менен дананың», «Көшеде тұр бүрісіп», «Бір метр», «Тал кестім», «Биіктер», «Біреулер көзбен көріп жүрмін дейді», «Кім қисын?!», «Бір кезде жұрт сынайтын «баласың» деп», «Адамзат кешпеген ауыр сын», «Үндемейді неге анау қара тас?», «Бастай алмай дағдарсаң өмір көшін», «Бәлен ақын пәлсапалап жазды жыр», «Өшпес із», «Бөктердегі шым құдық», «Түс» және тағы басқа жырлары бүгінгі қазақ ой-толғамының бір көрінісі іспетті.

2.2 Ақын лирикасының бейнелілігі

Әйгілі ақын Мұқағали Мақатаев: «Егер, біз ақынның өмірі жырынан басталады десек, ақынның жыры алдымен өз өмірінен басталатынын да есте ұстаймыз. Ақын адамның бүкіл өмірі — оның бүкіл шығармашылығының лейтмотиві. Себебі, өз жүрегінің құпиясын, өз өмірінің күйініш-сүйінішін лирикалық қаһарманы арқылы ма, басқа арқылы ма, әйтеуір, ағынан жарылып нанымды түрде айта алмаған ақынның басқа жүрекке жол тауып, басқа ғұмырды зерттеуге, оның жан дүниесінің бұлтарыс-қалтарысын ашуға шамасы келмек емес. Ақын жүрегінің жауы да, жанашыры да — өзі. Ақын өз жүрегін, жүрегінің сезімін зерттей отырып, соларды адамдық биік парасатқа бағыттай білгенде ғана, оның үні халықтық үнмен, азаматтық үнмен тоғыспақ. Сонда барып, ақындық «Мен» халықтық «Менге» ұласпақ. Ақынның өмірді зерттегені

— алдымен өзін зерттегені. Ақынның құдіреті — өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде» [51, 233-б], — деп тұжырым жасайды. М.Мақатаев айтқандай, шынайы ақын, шын мағынасында «адамдық биік парасат» мұнарасынан толғанып, «өмірден өзін, өзінен өмір» тудыратыны ақиқат. М.Әлімбаев поэзиясындағы лирикалық толғаныстардың субъектісіне азаматтық әуен, халықтық сипат, қасиет тән.

Мәдениетіміздің, салт-санамыз бен әдет-ғұрпымыздың мәйегін, елдіктің асқарын қандастарға да, өзге халықтарға да ұлттық қасиетті құлшыныспен жырлау — ақын М.Әлімбаевтың көптен бергі ұстанған нысанасы екенін байқаймыз. Мысалға «Бауырмалдық жыры» деп аталатын өлеңді алалық:

Ағайын ба, алыс па — қарамайды,
Қалай ғана жақсылар алалайды?!
Қазақтың бауырмашыл от сезімін
Көзбен көрген тамсана бағалайды?!
Кеште туған балалар ағалайды.
Іні болу бірыңғай еркелеу ме,
Аңғал өссек кім ойлар аға жайлы?!
Үлкенсініп ықтырған кішілерді
Ағалыққа өзі де жарамайды.
Көргім келер Көкбайын көкке сермеп,
Арқасынан қағатын жаңа Абайды [47,109-110б].

Сонау сексенінші жылдар басында қазақ өзінің ұлттық әдет-ғұрыпынан, салт-дәстүрінен біржола ажырап қалу алдында тұрған қатерлі тұста мынандай өлең жазуға тәуекел етудің өзі батылдық болатын. «Қазағыңды ала-бөтен бөліп алып, айрықша неге айтасың?» — деп кінә тағып, жазғыра салу оңай кезеңде ұлтты бірлікке ұйыту қамымен бауырмалдыққа шақыру өзекті, келелі мәселе болатын. Кіндіктес, емшектесің ғана емес, қандасың болса жетеді — алалама, бауырыңа тарт, бірлік пен ынтымаққа ұмтыл. Сонда үлес – сыбағаңнан құр қалмайсың дегенді автор алғашқы шумақтың өзінде-ақ аңдатады.

Кеште туған бөбек, сол күнгі түсте дүниеге келген баланы аға тұтатын атам заманғы салт екенін екі-ақ жолмен ұтымды өрнектеген ақын жасы үлкеннің сөзін далаға тастамай, тілін алу, алдындағы ағаны ардақ тұтып сыйлау - парыз деп бүгінгі ұрпаққа ұқтырады. Інілік, кішілік үлкеннің алдында шолтаңдап ойына келгенін істеп, еркелей беру емес, інілік те — жауапкершілік. Ол жауапкершіліктің мәні жасы үлкендерге — ағаларға қамқор болу, соларға қолғабыс көрсете білу, жалындырмай-ақ, жәрдем көрсету екенін де автор ескертіп өтеді. Ал ағалардың әлімжеттік қылып, кішілерді ықтыра беруі, имендіруі — жаман мінез, оның аты ағалық емес — әлімжеттік.

Ұлы Абай талапкер інісі Көкбайды қалай мәпелеп, ақындық ұмтылысын, алғашқы адымдарын қолдаса, сен де өзіңнен кейінгілердің өнерін жетілдір, — дейді автор.

«Әженің ақыл-тілегі» деген өлеңде халқымыздың қашанғы қасиетті қонақжайлылығы да ұлттың тұтастығын, елдігін, бірлігін сақтау тетігі екенін бүгінгі жас буынға жақсылап насихаттайды. Автор өлеңін былай түйіндейді:

Кәдімгі қонақ асы бөліп жеген
Еншісі әр қазақтың бөлінбеген.
Әр үйде сенің еншің әзір тұрар,
Ендеше жолың болмас сенің неден?! [47, 111-б] .

Небары он екі жолдық туынды туған төрінде, өз елінде азшылыққа айналып, асыл дәстүрінен айырылып кала жаздаған халықты рухани жаңғыртуға, ұлттық тірлікті сақтауға жанама түрде өлең тілімен үндейді. Мұзафар Әлімбаев қазақ халқының ұмытылған ежелгі әдет заңдарын әдейі іздеп тауып, поэзия тілінде жаңғыртуды өзіне парыз санайтын ақын. Мәселен, «Үш заң жайында бір өлеңде»:

Тағдыр бізді талай қатал сынаған,
Қазақ атаң бәріне де шыдаған.
Кеңес құрып, алдап болжап жол тапқан
Елді ойлаған аксақалды ғұламаң.
Әділдігін көздеп, заңдар шығарып,
Тоздырмасқа көптің басын құраған» [45, 394-б] –

дейді. Өз заманында алты Алашының басын біріктіріп, елдігі мен еркіндігінің туын асқақтатқан Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің өшпес өнегесіне ишара жасаған автор жас ұрпаққа халқының қасіретті де қасиетті тарихын біл, ұлттың рухани көсемдері халқымызды тоздырмасқа көптің басын құраған деп талай сырды андатқан.

«Қазақ атаң бәріне де шыдаған» дегенде әкімшілдік-әміршілдік дәуірде де біздің халқымыз талай қыспаққа төзгенін де астарлап, жанамалап жеткізеді. Одан әрі оқырман өлеңнен ғажайып тарихи дерек-мағлұмат алып, ата-бабалардың әділдігіне сүйсінеді.

Бір рудың адамын екінші бір рудың қатыгезі өлтірсе, қан арқалаған ру әлгі өлген адам үшін 100 жылқы, алты жақсы (түйе) – құн төлейтін болған. Егерде адамның сүйегі табылмай кетсе, онда кінәлі жақ, яғни 200 жылқы, жақсы төлем төлеп құтылған. Бұл да міне елдің адамдарын шетінетпеудің камы, халықтың тұтастығын, тату-тәттілігін сақтау қадамы болғанын көреміз. Ал егерде аты өз руына, бүкіл атырапқа әйгілі ақынды әлде-біреулер өлімге байласа, Ақынның «Қайран қазақ әйелі-ай» деп аталатын туындысында қазақ қыздарына тән кісілік, парасаттылық, ерге ер, серіге сері, кесек мінезділік, ашық қолды ұстамдылық, ел ұйтқысындай естілік – бәрі-бәрі де жақсы жырланған.

Сен жұбатсаң... торыққан –
Күлер тойға барардай.
Сен қайрасаң, қорыққан –
Жаудан кегін алардай [47, 114-б].

Жалпы қазақ оң жақтағы қызын, некелеген жарын, аяулы ананы, кейуана әжені айрықша ардақтаған халық екені де М.Әлімбаевтың жоғарыдағы өлеңін оқығаннан кейін де еске түсетіні аян. Бұл міне, туынды ойының, идеясының тереңдігіне меңзейді.

Қазақ қауымындағы ертеден келе жатқан ақсақалдар институтының тарих сахнасында сақталғаны белгілі.

«Ақсақализм – бұл феодализм қалдығы» деп большевиктер үркіткен жағдайды өзгелерден, өз әріптестерінен ертерек сезген М.Әлімбаев «Ақсақалдар» деген арнайы өлең жазғанын көреміз. Өлең 1973 жылы күзде Оңтүстік Қазақстандағы Мақтаарал совхозында жазылыпты. Туынды Еңбек Ері, сұңғыла қарт Нұрмұхамет Есентаевқа арналған. Өлеңнің идеясы белгілі бір қартқа деген ыстық ілтипат шеңберімен шектелмейді, ізгі мағынасындағы ақсақалдықтың абзалдығы мен қамқоршылығының қасиетін ашуды көздеген.

Ақсақал дегеніміз жай бір жасы ұлғайған, сақал-шашы ағарған адам ғана емес. Қазақ ұғымындағы шынайы ақсақал өзінің өткен үлкен азаматтық жолы бар, елге сіңірген еңбегі елеулі ардагер. Ол өзі жалпыға жақсылық көрсеткен жан, әрі қолдаушысы, насихатшысы, тамаша тәлімгер, әрқашан да әлеуметтің ақылшысы.

Біздің ауыл — білгірлердің ауылы,
Қара ақылды қариялар қауымы.
Жақсылықтың көтерісіп шашбауын,
Жасайды олар жамандықпен жауығып» [45, 173-б] — деуі осының дәлеліндей.

«Құлақ пен бас» атты өлеңін де М.Әлімбаев халықтық әдет-ғұрыпқа арнаған. Осы өлеңге жалғас «Өзің біл» деген өлеңінің көлемі 14 жол ғана.

Сағынышсыз жылдар салып араға,
Барып қайтам ауылыма — анама.
Ел салты бар: азаматын оралған
Жығып салып аунататын далада.
Сол сияқты аунатсаң да өзің біл
Ағайындар, куантсаң да өзің біл» [45, 355-б]
Адамның туған топырағынан ажырамауына — рухани сергектігіне куә
ырымның тағлымдық мәні зор.

Маған
Дала шаңы да
Хош иісті опадай...
Ай көрмесем сағына
Боздар едім ботадай [45, 6-б], -
деген ақынның қазақ сахарасын елжірей сүйетініне кім күдік келтірер?!
Ежелгі елдің ескі өнегесі
Ескермей күні бүгін келеді осы:

Тай тисін, тайлақ тисін тақымына,
Қозады қазекеннің делебесі [45, 199-б].

Ат арқасындағы исі қазақ баласының айтулы қызу құштарлы мінезін ақын «Дәстүр» деген өлеңінде осылай өрнектейді. Осы қасиет келесі жолдарда да ашыла түседі:

Асқар тау ақ басына шығам бүгін:
Жығылып жолда қалман жасықтарша,
Даламда рас болса туғандығым» [45, 199-б].

Тірлік, өмір — кілең шабыс, қызу жарыс, толассыз бәйге. Шаң-тозаң қауып, көпшіліктің артында қалу намысқа тиеді. Ендеше алға ұмтыл, елден оз, жүлденді жеңіп ал. Өлеңнің идеясы осы.

Жағажайдан жоғарылап сатымен,
Барады әне бір қария қартымен.
Баяу жылжып, буындары дірілдеп,
Баспалдақты санайды олар біртіндеп.
Бір жас ұлан қатар шыққан жағадан
Келеді ілбіп сондарында манадан.
Ойлы жастық кетпеді озып, елеуреп,
Қарттықтың бұл көңіліне келер деп [45, 202-б]

Жастықтың, ойлы жастықтың қауқарсыз, бірақ қасиетті қарттықты сыйлауы — қазақтың қашанғы салты.

Осындай дәстүрлі салтты үзіп алмау қазақ баласының ұмытпас парызы екенін М.Әлімбаев өз стилінде өрнектеп, бір-ақ детальмен жинақтай білген.

Сексенінші жылдар басында ақын М.Әлімбаевтың поэтикалық туындыларын зерттеумен айналысқан ғалым Есенкелді Жақыпов ақын шығармашылығының тақырыптық байлығын ғана атап қоймай, оның көп қырлы талант, философиялық ойдың ақыны, әрі лирик, әрі эпик ақын екенін атап көрсетеді [52, 72-75б].

Жүректен асқан сандық жоқ,
Ерліктен асқан салдық жоқ.
Елдіктен асқан кеңдік жоқ.
Еркіндік алмай теңдік жоқ.
Құлдыктан асқан қорлық жоқ.
Қорлықтан асқан зорлық жоқ» [47, 210-б].

Бұл - Мұзафар Әлімбаевтың «Шегендік Әлен ақын айтыпты» деп аталатын үлкен топтамасының бір үзігі ғана. Топтама 24 бөліктен тұрады.

Сексенінші жылдар басында төбе көрсеткен топтама өз тұсы үшін азаматтық, өжеттік белгісі болып табылады.

Әлен ақын өзі мүгедек болып, туған ауылына жете алмай, айдалада алыста ағ ұрып жатқанын толғай келе, өзінің жапа шеккен жарлы-жақыбайларға бұрынғысынша арашашы бола алмағанына өкінеді:

Тағдырдың қасарысып бағуын-ай,

Адымым аш қарғаның адымындай.
Кайыңның отқа түскен қабығындай,
Бүрісіп арманымның жануын-ай.... [47, 203-б].

Тән азабын да, жан азабын да шеккен акын өз көңіл күйін осылай өрнектейді, яғни М.Әлімбаев лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесін осылай суреттейді.

«Лирикалық шығармаға ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсері мен аса қатты толқыну, автордың өз басының алуан-алуан нәзік түйсіктері, күйініші, сүйініші тән болып келеді. Ақын басынан кешкен сезім, ақын басында болған түрлі-түрлі толғаныс субъективті нәрсе, бірақ сонымен қабат кәдімгі объективті дүниенің әсері. Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас» [53, 132-б].

Автор қалай дегенде де өз заманы жайында өзегін өртеген ойларын өрнектеудің тетігін тапқан, яғни өткен заман ақыны атынан сөйлеуі арқылы ұтымды тәсіл тапқан. Топтаманың екінші бөлігінде:

Кеткендей салмағынан бұта сынып,
Шынашақ күпінеді тұтамсынып.
Семірсе тексіз бұзау текіреңдеп,
Қорада күл шашады бұқамсынып» [47, 202-б].

Сырт қарағанда күнделікті тұрмыстағы күйкі — болмашы ғана көрініс сияқты, ал шындап келсек, билік атаулының бәрінің тұтқасына отырып алған кілең бір тексіздерді, жетесіздерді, кісіліктен құр алақандарды мегзеп, ақын кеңестік құрылысты сынға алған. Келесі бір шумақта автор ішкі ойының пердесін аша түседі:

Тізгендей салтанатты көшін нардан
Қортықтың құдайсыну несін алған?!
Ел қайтіп есін жияр кеуіп-піскен
Ессізге толып кетсе есіл жалған...» [47, 202-б] .

Өлен акын азамат болудың асқар биігін ақыл-ойымен топшылайтын, сол асыл азаматтықты көз алдына елестете алатын өнерпаз екенін де байқатады:

Жамандық жасамаған ерлік емес,
Жақсылық жамандықты жатсын бүктеп.
Күрестің қызуынан бос қалмауың,
Ғұмырлық пешенеден тосқан бағың!
Халықтың зердесінен өшпейтін із
Жақсылық жақсылыққа қосқандығың» [47, 204-б].

Ұлы қаламгерлер Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов және тағы басқалардың өлмес шығармалары кырық құлыпты сандықтарда жатқан тұста:

Тастаса егер бөліп туған халқынан,
Нағыз өрт сол акын жанын шарпыған.

Сонда ақынды мылтықсыз-ақ атқаны,
Сонда ақынды қылышсыз-ақ шапқаны...» [47, 208-б] –
деп М.Әлімбаев ақын трагедиясын қан жылап отырып жырлайды.
Әлен ақын қандай қоғамды армандайды? Енді соған үңіліп көрелік:
Бақыты оянған елдің
Келбетін келеді көргім:
Патшасы кемеңгер болар,
Ел-жұрты кенелген болар,
Көсемі алалап бөлсе,
Көркеймес елі де елше.
Адамы мейірбан болар,
Жақсылық қайырман болар.
Жұрт пен жұрт ұжымды болар,
Кайраты қызулы болар.
Тілімен ұғысар болар,
Дінімен туысар болар.
Әкімі ақынжан болар,
Жұртына жақындау болар.
Жасығы жауынгер болар.
Масылы тәлімгер болар.
Қарты да білікті болар:
Жасына сүйікті болар...» [47, 209-б] .

Топтаманың финалына жақындаған тұсында түйіп айтқан азаматтық тұжырымы оқырманды селсоқ қалдырмайды. Әлен ақын былай дейді:

Жек көрем
Сөлсіз-нәрсіз сұйықтарды.
Жек көрем
Бозымдарды сұйық қанды.
Жек көрем
Құлқын құлы қикымдарды,
Арманын аталардың ұмытқанды» [47, 212-б].

Ата-бабалар арманы не еді? Ол — бостандық, тәуелсіздік, еркіндік, халық бақыты! Ендеше, әр қазақ сондай еркін күнге, егемендікке жеткенше, саналы күрескер, сарбаз-жауынгер болуға тиіс. Ақын М.Әлімбаев бұл ұлтжандылардың бәрінің ізгі парызы деген идеяны ұқтырады. Ендеше «Шегендік Әлен ақын айтыпты» деген топтама өзінің идеялық, эстетикалық міндетін орындаған туынды деу қажет.

Ұлттық бірлікке, халықтық тұтастыққа үндейтін туындылар қатарынан табылар туындының қадір-қасиеті осындай!

Шын талант қана өз туындылары арқылы өзінің «Менін» жалпы адамзатқа ортақ тіршілікпен байланыста бейнелейді, ақындық рухын, сиқырлы

сөз өнерінің өз талантына тән құпиясын ашады. Соны түсіне білгенде соның сырына қаныққанда ғана «ақынды білдім, таныдым» деп айтуға құқық бар.

Автор туған халқының тәуелділік қыспағында қиналып күн кешіп жүргенін ұмытпайды. Сол қиямет-қайымды бірде болмаса бірде жаңа өлеңдерінде оқырман есіне салып, жанашыр сезімін астарлап жырлап отырған. Кеңестік отаршылықты, әрине, ол кезеңде ашықтан-ашық жазу мүмкін емес еді. Жазу үшін кілт табу керек. М.Әлімбаев кейде сондай кілтті таба білген.

«Естай-Хорлан» дастанында М.Әлімбаев 1962 жылы:

Әділдік жерде де жоқ, көкте де жоқ.

Ендеше бұл өмірге өкпе де жоқ» [54, 33-б], - деп батыл айтқанына куә боламыз.

Немесе дастанда: «Ақын орны не түрмеде, не төрде», - деп үзілді-кесілді айтуы қазақ халқының ақыл-ой көсемдері А.Байтұрсынов, М.Дулатовтарды жоқтау сияқты жанамалай әсер қалдырады.

«Алшынбай мен Шөженің диалогы» деп аталатын ақын қиялынан туған аңыз 10 жолдық қана туынды. Сонда ақын Шөже аузынан айтылған: «Көрмеу үшін көп сұмдықты жердегі, Зағиптығым артық па?! - деп отырмын» [46, 123-б], - деген диалог бар.

Туынды алпысыншы жылдары жазылған. Автор тоқырау заманының зобалаңдарына ишара жасайды.

«Жаяу Мұсаның диалогы» деп аталатын жырдан:

Ер тартынса, Ел сорлайды ежелден,

Неге айқастың азабынан безем мен?!» [46, 124-б] – деген күрескерлік рух лебізін сеземіз. Автор бір өлеңінде:

Ақиқат келеді адам арманы боп,

Ақындар айтса, айтсын жанжалы жоқ!

Еліне жақсы жырдың жеткенінен

Ақынның жүрегінде жанғаны көп [46, 137-б].

Бұл - бүркеулі шындық пердесін ашуға батылымыз бармай жүр дегенге ишара.

«Ливан баласы Мүсілімнің мұң-зары» атты өлеңі «Социалистік Қазақстан» газетінде Израильдің Ливанға жасалған агрессиясы тұсында жарияланған. Өлең сол соғыс зардабынан жараланып жарымжан болып қалған жас Мүсілімнің атынан айтылады.

Шерім-мұңым он батпан

Шілдеде де тоңамын.

Тумай жатып жылатқан

Келімсекке обалым! [42, 87-б] - деп зарланады бала.

Жетелі оқырман автор өлеңінде қайшылық барын аңғарады. Өлеңде Ливан тарихына дәл келмейтін деталь бар. Себебі әлгі ливандық бала дүниеге келгенде Израиль басқыншыларының, яғни келімсектердің төбесі бұл елде

көрінген де жоқ еді. Ендеше, автордың айтып отырғаны, көкейіндегі өз еліндегі, қазақ сахарасындағы келімсектер емес пе екен?! деген сұрақ туады.

Түсіп әуре-сарсаңға,
Сорлап жүрген бір мен бе?!
Қайда-қашан барсаң да,
Қайғы-қасірет күллі елде.
Ұл айырылды атадан,
Қыз айырылды шешеден...
Халқымыздың қападан
Оты мәңгі өше ме?!» [42, 87-б].

Қазақ оқырманы осы қасіретті өлеңді оқи отырып, өз халқының басындағы қайғы-қасіретті еріксіз еске алады...

Кеше ғана бүтін ек,
Кеше ғана түгел ек [42,85-б], -

деген жолдарды оқығанда құнарлы, шұрайлы жерінен айырылып, өз елінде аштыққа ұшыраған, үштен бірі алыс-жақын елдерге босып кеткен қазақ халқының жәбір-жапасы ойға оралады.

Егемендікті аңсау, тәуелсіздіктің атар таңын жақындатуды ойлау, ойланту деген осы өлең жолдарынан анық аңғарылады. Бір өлең үшін азаттық идеясы тұрғысынан аз жүк емес. Елдігімізге арналған өлеңдер сөз болғанда ескермей кете алмайтын бір туынды бар. Ол «Отандасқа хат» деп аталады.

Бұл өлең алпысыншы жылдардың соңында жазылса да, кеш жарық көрген (1977). Автордың айтуына қарағанда бұл өлеңді «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің бірде-бірі баспаған, жариялаудан жасқанған. Себебі, әңгіме тарихи отанынан қуылған, тағдыр тәлкегіне түскен қандастардың шет елдердегі көз түрткі қасіретті болмысы туралы. Автор өлеңінің бас жағында шет елдегі отандасқа:

Ей, отандасым, бейбағым,
Жұлдызынан жаңылған!
Мен сен жөнінде ойладым,
Қайысып кетті қабырғам [42,78-б], -

деп сөз қатады.

Бір тұйықтан соң бір тұйық
Жанарың талып, жанып іш,
Тарта ма түпке тұңғиық,
Сарғайтып, езіп сағыныш?» [42, 79-б]

Жат жерде жаны жүдеген кіріптарлардың көңіл-күйін ақын тап басады.

Шет жерде жасау шер-құса,
Бейдауа дерттей беймаза,
Елінен кетіп қаңғыса,
Азамат үшін сол жаза [42, 80-б].

Автор өлеңін аптаптай ыстық леппен, жанашырлық жалынмен түйіндейді:

Адасқан бауырым, елге қайт!
Сәлемінді желмен айт.
Анаңдай бәрін кешіргіш
Елге қайт, бауырым, елге қайт!
Пейіштен бетер жерге қайт,
Өзіміз туған төрге қайт.
Елге қайт, бауырым, елге қайт! [42, 80-б]

Ол тұста — Отандастарды Отанға қайтару жөнінде Қазақстан топырағында пенде баласы ауыз ашпаған, ол тұста мынандай жанашырлық ұран тастау ақынның азаматтығына куә болар дәлел еді. Аталмыш өлең Жамбыл облысы «Еңбек туы» газетінде 1977 жылы ақпан айында әзер басылған екен. Ақынның ұлттық тұтастығымызды сақтауға әркез шақыратыны да айқын. Мысалы, «Сақтық жыры» атты өлеңінде:

Түбірі тозған ағашты
Торғай да теуіп құлатар.
Бірлігі тозған Алашты
Кез келген Жармақ жылатар.
Бірлігің нықта: күн түгіл,
Айдың өзі де нұр атар.
Бірлігің нықта: қыр түгіл, —
Бетпақ далаң да гүл атар [54, 38-б].

Бүгінгі замандастардың назарына ұсынылған барлық ұлттық сақтық осындай.

«Үлкен қақтығыстан, өмір толқынынан, оқиғалар соқтығысынан, қат-қабат тартыстардан жазушы бойын аулақ салса, тірліктің терең мәнін, адамдар жүрегіндегі жұмбақ сырларды аша алмас» [55,299-б], - дейді қазақтың белгілі ғалымы Р.Нұрғали.

«Әлихан Бөкейхановтың соңғы суретін көргенде» деп аталатын өлең 1991 жылы жазылып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланады. Сонда:

«Ғылыми» кілтипатын күнде өсірген
Жендеттер тандырмайды кімді есінен?!

Алдында жатыр міне фотосурет
Түсірген Бутырканың түрмесінен.
Қасқиған қара құздай қайсар ағам
Соққыдан қажып-жасып тайсалмаған.
Көзінің маздақ оты қаз-қалпында
Тұңғиық толғаныста ойшаң адам.
Нәубеті, қасіреті, сор кеселі
Зар заман арылмаған сол кешегі
Бұйырған үлесіне... Ал суретте
Әлихан Бөкейханов — Ел көсемі! [56, 195-б]

Халық көсемі ақталғаннан кейінгі оның аруағына арналған өлеңдердің алғашқысы да осы туынды болып табылады. Күрделі бейненің бір қыры-қайсарлығы келісті жырланған.

1990-1992 жылдарда жазылып жарияланған «О, менің, аруақты бабаларым», «Бүгінгі қазақ толғауы» атты тебіреністі, отаншылдық сезім отына толы өлеңдері мен «Елдіктің еңсесі» атты дастаны «Халық кеңесі», «Алматы ақшамы» газеттерінде жариялануы ақын Мұзафар Әлімбаевтың елдік рухты, ұлттық намысты жүйелі түрде шабыттана жырлап келе жатқанының айғағы.

Бір тақырыпты осыншама арналы, осыншама желілі, осыншама ойлылықпен жырлау ақынның әрі табандылығы, әрі ұлтжандылығы болса керек.

Ақынның лирикалық қаһарманының ой-сезім дүниесі қандай дегенде, оның қазақ қыздарының бейнесін, қадір-қасиетін, кісілік келбетін сипаттағанда толық, терең, жан-жақты ашылады.

Мысалы, М.Әлімбаевтың «Қайран қазақ әйелі-ай» деген өлеңі бар. Ақын бұдан бұрынғы өлеңдерінде де әйел затына жақсы көзқарас білдіргенін білеміз.

Жар-қосақ, ақылды әйел, сымбатты қыз

Жүргенде жанымызда шуақты жүз,

Біз қандай ажарлымыз, көріктіміз,

Біз қандай құдіретті, қуаттымыз [42, 105-б].

Ер-азаматтың әйел заты алдында ардақтана арқаланатын мына өлең де жақсы өрнектелген, өйткені болмысты бір паракқа теңесек, сол парактың бір беті – әйелдер, екінші беті – ер азаматтар. Ақын сондықтан да осы тұтастықты өзге бір өлеңінде:

Бал шарбаттай жұтарың –

Ләззаты мен азабы,

Махаббаттың кітабын –

Екі жүрек жазады» [42, 108-б], - деп, өзгеше айшықпен жырлайды.

Шынайы сүйіспеншіліктің шындап от құшағына енгенде:

Жұлдыз да қолға қонады,

Бар әлем нұрға толады.

Үйіңе кірер күн өзі,

Биіктер көңіл күмбезі» [42, 111-б], - дейді.

«Махаббат жоқ жерде ақиқатта жоқ». Махаббат жастың жанын жақсартады. Махаббат – жасампаз өнерпаздықтың қайнар көзі, өнерпаздықтың жаңа өрлеріне бастайтынын да ақын М.Әлімбаев қаламынан тыс қалдырмаған:

Ғашық үшін қайғы не?

Әр жас Мәжнүн атанған.

Соғады арнап Ләйліге,

Бір-бірТадж Махалдан [42, 121-б].

Әлем кіндігі – адам. Әйел – сол адамның сезгіш, сүйгіш жаны, махаббат, теңізінен жаратылған, адамгершілігін бастар асылы.

Қазақ қауымына үлкен ананың, алдағы әпкенің орны бөлек, тағылымы мен қамқоры ерекше. Мұзафар Әлімбаев, міне, осы кісілікті де ескермей өтпегенін көреміз:

Сыйлаған қыр баласын, тау ұлын да,
Сыйлы едің бүкіл қазақ қауымына.
Жылынып мейіріңе күн шуақты,
Бәріміз сыюшы едік бауырыңа [42, 120-б].

Сонымен жоғарыда аталған: «Қайран қазақ әйелі-ай» атты өлеңге келу үшін ақын жалпы әйел затына әр тұста сөзден көрікті бояулар іздеп тапқанын көреміз. Неге десеңіз, бұл өлеңнің түйіндегіш күш-қуаты мықты, мығым.

Қазақ әйелі бейнесін шағын көлемде-ақ сомдауға талаптанған автор оның тұлғалық сипатты қырларын іздеген, іздеген де тапқан десек, асыра айтқандық болмайды.

«Қайран қазақ әйелі-ай» өлеңінде:

Қорғансызға сілтенсе,
Қолын қақтың қанжардың.
Жазықсызға сүйкенсе

Жолын жаптың жанжалдың [47,114-б], - дейді.

Біріншіден, «қолын қақтың қанжардың» яғни «қанжардың қолы» деген метафора тың нәрсе. Екіншіден, екінші және төртінші жолдардың тұтаса келіп, жеті буынды бүтіндей ұйқас құрауы құлаққа күшті саз-әуен болып естіледі. «Қолын қақтың қанжардың» және «Жолын жаптың жанжалдың» — астылы-үстілі алты бірдей ұйқас зорлаусыз, тізеге салусыз-ақ, табиғи түрде жарасымын тапқан. Осының өзі-ақ әлгі өлеңнің қызулы шабыт жемісі екенін дәлелдейді. Қазақ әйелі қашаннан-ақ қорғансыздарға пана, жазықсыздарға арашашы болып келеді. Ендеше, ол халық қамқоршысы. Олай болса, қазақ әйелінің осы қасиетінің өзі-ақ оны шексіз сыйлаттырады, қадірмен атандырады. Енді екінші шумақты оқып көрелік:

Қодарлардан жиіркеніп,
Безбей ғашық сорынан,
Бақыт таптың өртеніп
Қозы Көрпеш соңынан» [47,114-б].

Қос ғашықтың арасына жексұрын тікен боп қадалатын әкірең омыраусоқ озбыр Қодарларды өзінің кісілік айбынымен тайқытып, тайраңдатпай тастайтын сұстылығы бар Баяндар суреттеледі.

Үшінші шумақта:
Үзілгенді жалғасаң,
Түйін шие қалмайды.
Сенің қолың әрқашан
Жақсылықты жалғайды [47,114-б].

Ағайын арасынан әлдеқалай қара мысық жүріп кетсе, екі жактың да ебін

тауып, бітістіруге келгенде қазақ әйелі алдына жан салмайды, ол татуластырған туыстар көңілінде әсте дық, сыз қалмайды, қазақ әйелі қашанда жақсылыққа жақсылық жалғауды мақсат тұтады. Бұл мінезі де — қазақ әйелінің қадірменділігіне куә!

Төртінші шумақтың көтерген ой жүгі де жеңіл емес, салмақты:

Ішке бүксең шындықты,

Кетердейсің жарылып.

Кештің талай сұмдықты,

Қадам сайын қағылып [47,114-б].

Ақиқатты бүгіп қалуға жұлдызы қарсы қазақ әйелі шындықтың шырайын келтіруді өзіне парыз санаған. Өйткені жасырылған жалғандықтың жамандығы бірде болмаса, бірде қайырылып соғып, халықты, жеке кісілерді қан қақсатуы мүмкін.

Ақын жағымды қырларымен қатар, қазақ әйелінің кейде басқадай да қылығы болатынын да бүгіп қалмаған:

Арбай салғың келсе егер,

Бұрсаң басқа сыңайға,

Құдайсынған ер сенер,

Секем алмас былай да [47,115-б].

Асқан ақылмен, тіпті айласымен де баурауға ниеттенсе, қазақ әйелінің ол да қолынан келген.

Келесі шумақ та қазақ әйелінің қасиеттерін аша түседі:

Ащы ақиқат, сен айтсаң,

Тұщы боп тіл үйіреді.

Азды ебіңмен молайтсаң,

Тойынады дүйім ел [47,115-б].

Бұл - қазақ отбасындағы жаппай-жағалай растық, үздіксіз үрдіс деуге келетіндей көрініс. Жаманаттың өзін жанды ауыртпастай жұмсақ қып жеткізу, қазақ әйелдеріне тән мінез, ақылды ділмарлық, биязылық!

Ал енді қол қысқалықты білдірмей, берекесін келтіріп, көпті дастархан мәзірімен ырзалап жіберуге қазақ қыздары каршадайынан үйренеді, ер-азаматының үйде жоғын да білдірмейді, тосыннан келген құдайы қонақтарды дәм-тұзымен ырзалап, аттандырады.

Сегізінші шумақ бұдан да асқақ, абыройлы қасиетті қастерлеп марапаттайды:

Арпалыстың үстінде

Ақыл қостың ханға да.

Бас имейсің күштіге,

Бас әміршің — Ар ғана [47,115-б].

Ханға ақыл-кеңес қосқан кемеңгер ханымдар аз болмаған, тіпті жан беріп жан алысқан жанталас майдан шебінде де қазақ әйелдері жаудан біздің жұрттың айнасын асыруда көрегендік танытқандары да болған.

Тақтығына да тәңірі тұтпай жалбандамай, жағынбай арының айтқанымен әрекет еткен қазақ әйелін: «Сен сөйттің» – деп еш пенде көзіне түрте алмаған.

Қолдан көшіп күнді-күн,
Жорықтарда қан кешкен.
Өз балаңның кіндігін,
Өзің кестің алмаспен [47, 115-б].

Көсем хан Кенесарының кіндіктес қарындасы Бопайдың сарбаздығы ғана емес, сардарлығы аңызға айналып, біздің заманымызға да жетпеді ме?!

Сен жұбатсаң... торыққан
Күлер тойға барардай.
Сен қайрасаң, қорыққан,
Жаудан кегін алардай [47, 115-б].

Қасіреттен қабырғасы сөгілгенді, қара жамылғанды сөзбен сергітіп, көңілін кетеруге де қазақ қызы ділмар келеді. Мысалы: итжеккенге айдалып бара жатқан Байтұрсынға – Ахмет Байтұрсыновтың әкесіне сәлемдесуге келіп, Баянауылдың Қызыл тауындағы бәйбішенің: «Ер жігітке серуен де — серуен, сергелден де – серуен, дәмің шеттен бұйырған екен, топырағың туған жерден бұйырсын!» –деп тілек айтуы қандай кемеңгер кісілік!

Ал әйел, ана, ару қиын сынға түсер жігітіне жігер бере ақ тілеу айтса, су жүректің өзі де сыр бермей ширай түскен.

Дүбірлі де дүрмекті
Ғасырларды бірге өттің
Қайран қазақ әйелі-ай!
Қадіріңе кім жетті? [47,115-б]

Ақын ерге ер, серіге сері сегіз қырлы, бір сырлы қазақ әйелін әспеттеп бағалай білуге шақырады.

Қазақ әйелінің қасиеттілігін жырлаған ақындар аз емес. Солардың сыбағалысының бірі - ақын Қадыр Мырзалиев. Ақынның «Қазақ әйелі» деген өлеңі бар.

Төзімді берсе сенің темірге,
Темірдің де түгі кетпес, көмірге,
Қазақ қызы, қайран қазақ әйелі,
Не көрмедің, не көрмедің өмірде?! [46, 46-б]

Қазақ қызы қара жердің үстіндегі пендеге бұйырар тақсырет пен тауқыметке шыдап бакқан. Ондай шыдам темірге бітсе, пәленбай жүз градус қызулық беретін көмірге де қыңбас еді.

Қызды қатар қоймаса да ұлменен,
Азамат па қадіріңді білмеген,
Ақ жаулықпен орап алтын басынды
Отпен кіріп, шығып жүрдің күлменен» [46, 46-б].

Тұрмыстың күйкі күйбеңімен тыпырлап тыным таппаған қазақ әйелі алтын басым қор болады деген, үй шаңырағындағы, жақын-жамағайынына,

бала-шағасына, күйеуіне, ата-енесіне аянбай қызмет көрсетуге қорынбаған. Ол үрдісті өз борышым деп есептеген.

Заман сені жұмсағанмен күң санап,
Жаманнан да ала білдің мың сабақ,
Жүн иіріп, кілем тоқып өрнекті,
Шекпен тіктің, киіз бастың, жүн сабап [46, 46-б].

Еңбекқорлықты да қазақ әйелінен үйрену керек. Қазақ әйелі өз ұл-қыздарын сол еңбекқорлыққа баулыған.

Тәулік бойы алмайтұғын жыр тыным,
Тойда тыныш өтті ме екен бір күнің,
Үйдің ғана жыртығы емес, туыстық,
Достықтың да сен жамадың жыртығын [46, 47-б].

Ағайын арасында әрқашан дәнекер болуды қазақ қызы қашанда өзіне парыз санаған. Келесі шумақ та негізгі идеяны тереңдете түседі:

Көк майсада қанның буы бұрқырап
Кісінесе иесіз тұлпар шұрқырап,
Арасында ағайынның кектескен
Қай кезде де өзің түстің шырқырап [46, 47-б].

Қазақ руларын қазақ ру-тайпасымен ұғыстырған әйелдер ғана емес, көрші елдермен де тіл табыстырған сұңғыла арулар болғаны күмәнсіз шындық.

Тағдыр сенің жиғызбады есінді,
Төзім сауыт тауқыметтей тесілді.
Жауға шаптың азаматтың жанында,
Орамалмен тартып тастап төсінді [46, 47-б].

Жұмылған жұдырықтай болып ердің қасына жабысып жауға шүйілген жалын жігерлі жас ару көзіне елестегендей болады.

Екі ақын да қазақ қызының қаһармандығын сүйсініспен суреттейді.
Құм астында,
Су астында бір қалаң.
Тарих біздің жұмбағы көп шырғалаң.
Шүкір дедің жаудан кейін,
Қойынында

Аман қалса он балаңнан бір балаң [46, 47-б].

Мына шумақ оқырманның тұла бойын шымырлатады. Келесі шумақта да тарихқа куәлік бар:

Қыр қазағын кырған кезде Оқалы
Шапан киген Бұқара мен Қоқаның,
Мұрагерсіз қалмасын деп шалқыды
Өз қолыңнан алып бердің тоқалын [46, 47-б].

Қазақ әйелінің бүкіл халық қамын ойлаған кісілігін ақын дөп басып бір-ақ детальмен кескіндеген.

Көлдей көріп махаббаттың тамшысын,

Күтіп өттің жақсылықтың жаршысын.
 Егер бір ай көрінбесе сағындың
 Күйеуіңнің өзі түгіл, қамшысын!» [46, 48-б].
 Сүйген жарға деген кіршіксіз сезім, адал жүрек лүпілі!
 Жолын кеспес қайнағаның, ағаның.
 Сен бір гүлі, сен бір күні дананың.
 Кітапсыз-ақ оқыдың сен кітаптай
 Ата-ананың қасы менен қабағын» [46, 48-б].
 Ибалылық, көргенділік, әдепшілік, алыс-жақын ағайынның көңілін табуға
 келгенде қазақ келіні өзінің алдына жан салмайды.
 Тыныштыққа келтіре алмай тірлігін,
 Өтті-кетті, өтті-кетті шерлі күн.
 Өздеріңнің бастарыңда қазақтың,
 Жазылмаған азабы мен ерлігі [46, 48-б].
 Қазақ әйелі өткен жылдардың, бүкіл қазақ тарихының куәгері екенін екі
 ақын да өлеңге сыйғызған.
 Бір тақырып! Екі түрлі сезіну, екі басқа толғаныс. Екеуі де алға қойған
 мақсатының үдесінен шыққан. Қ.Мырзалиев 11 буынды өлеңді қаласа,
 М.Әлімбаев 7 буынды жыр өлшемін таңдаған... Өлең көлемдері де бірдей - 11
 шумақ.
 Сөз жоқ, ақын сомдаған лирикалық қаһарман тұлғасы мейлінше сом,
 асқақ, жүрек толқытарлық. Мысалы:
 Арманшылмын абыз қазақ атамдай,
 Ақылдымын атаң айтқан мақалдай.
 Дарындымын, жалындымын әкеңдей,
 Кең далаға кең тарадым мәтелдей [47,383-б].
 Ақынның «Мені» арқылы лирикалық қаһарманның ішкі рухани дүниесі,
 атап айтқанда, әлеуметтік санасы, интеллектуалдық келбеті, идеялық-
 эстетикалық мұраты, ар-иманы, мақсат-мүддесі, ұлттық дүниетанымы,
 философиялық, эстетикалық көзқарасы терең жырланады.

3 МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ЛИРИКАСЫНЫҢ БЕЙНЕЛІГІ

3.1 Ақын лирикасының көркемдік ерекшеліктері

Мұзафар Әлімбаев поэзиясы тіліндегі көркемдеуіш құралдардың әр түрлілігі мен байлығы, ерекше қасиеті айрықша назар аударады. Қазақтың белгілі әдебиетшісі М.Базарбаев: «Бейнелеу құралдардың бар арсеналы - қазақтың кең даласы, ондағы табиғат көрінісі, жан-жануарлардың өмір-тіршілігі, күн сәулесі, айлы түн келбеті, соққан жел лебі, қамысты көлдің айдыны тағы басқалар» [57, 54-б], - деп тұжырымдайды. Негізінде, бейнелегіш-суреттегіш құралдар жүйесі ақынның көркемдік дүниетанымына, қабылдауына, көзқарасына қатысты.

«Жазушының өмірді қай дәрежеде кең қамти алғандығы, ол жасаған образдардың қандай мөлшерде беріліп, кең көлемді болып шыққандығы жазушы талантына өлшем болады» [39, 106-б].

Өлеңдегі әрбір **айқындаудың** атқарар қызметін ақын атаулы өздері де ондаған жылдар бойында қыруар тәжірибе жинай келе, шеберлігін шыңдай келе ғана бағалайды.

Кейде бір айқындау бүкіл бір өлеңнің тағдырын шешуі мүмкін. Мысалы, «Бүгінгі қазақ толғауы» атты туындысын алайық:

Өспесін ұлың өгей, қызың өгей,
Баянсыз ғұмыр қысқа-ұзын демей,
Тән кіндік кесілсе де туған сәтте,

Жан кіндік туған жерден үзілмегей [46, 553-б].

«Жан» эпитеті осы шумаққа жан бітіріп тұр.

Балаларға арналған өлеңде эпитеттің азырақ болғандығы дұрыс, алайда орнымен қолданылған шығарма мазмұнынан табиғи түрде өрбитін көркем ойдың көрікті қабатына айналған эпитетің қажет екендігі белгілі. Ұтымды қолданылған эпитеттердің мәтінге жан бітіріп көріктендіре әсерлендіре түсері сөзсіз:

Қара суық жел есті,
Күннің көзі көмескі.
...Аққу мамық ұлпа қар
Жамылады қырқалар [47, 440-б].

Немесе:

Көпіршігіндей сабынның
Үлбірек ұлпа көбік қар [47, 445-б].

Үзінділердегі **қара суық жел, аққу мамық ұлпа қар, үлбірек ұлпа көбік қар** тіркестеріндегі эпитеттер өлең мәтініне көркемдік бейнелілік дарытып тұр. Өлсіз желпіп өтетін жел емес, өңменіңнен өтетін қара суық жел, жай ғана қар емес, аққу мамық ұлпа қар, үлбірек ұлпа көбік қар деген эпитетті тіркестің қайсысын алсақ, та қызыға оқимыз. «Ұлпа қар» деген эпитетті

тіркестің өзі «үлпілдеген аппақ, жұп-жұмсақ, жапалақ қар» деген ұғымды білдіріп тұр, ал оның алдынан **акқу мамық** эпитеттері тіркескен соң, сол мағынаны тереңдетіп, көріктендіріп, әсерлендіре түседі. Сол сияқты **көбік қар** тіркесі «жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған бос қар» дегенді білдірсе, оған үлбірек, ұлпа анықтауыштары қосылып, көз алдымызға үлбіреп, ұлпалап, жапалақтап жауып тұрған қарды елестетеді. Әрине, дарынды ақын қаламынан туған тартымды эпитетті тіркестер сырлы суретке айналып оқырмандарын эстетикалық ләззатқа бөлейді.

Ақын келесі бір өлеңінде:

Кім кепіл **опасыз** жыл озбасына,
Кім кепіл алтын қалам тозбасына?
Зарығып зар илеген отандасым,
Сендердің біз тұншықтық көз жасыңа» [46,553-б].

Баянсыз уақыт, тұрлаусыз мезгіл деген сияқты үйреншікті тіркестерден бойды аулаққа салып, ақын М.Әлімбаев жаңа тіркес тудырып, тың көркем де әсерлі айқындау тапқан.

«Поэзияның көркемдік құрылысында ойды образды жеткізуде айқындаудың мәні ерекше елеулі. Айқындау сөз айқындалушы мүшенің маңызын, сыр-сипатын, ерекшелігін анағұрлым тереңірек баяндайды» [58, 37-б].

Айқындау — поэзиядағы үнемшілдіктің қайнар көзі. Жалғыз сөз негізгі ойды алақанға салып бергендей болады.

Ұр да жық, **обаған көз озбырлықтың**,
Аямас айбалтасы азғындықтың —
Ұлықтың баласы екен Керекуде
Төбесін тоқылдатқан аз халықтың [59, 64-б].

Әрі тонағыш, әрі талағыш отаршылдың тойымсыздығын суреттеуге «обаған көз» айқындауы мен тіркесі жетіп-ак жатқандай.

Әрі «азғындықтың айбалтасы» деген метафора қосақталып келіп әлгі отаршылдықтың оңбаған бейнесін қырландыра түсіреді. Осы дастанда:

Безбүйрек, жібімейтін қара тастай.
Шындықты шертіп бақты жаза баспай [59, 65-б].

«Безбүйрек шындық», яғни қатыгез, қатал шындық, тағдыр. Автордың тұңғыш поэмасында осындай көркемдік құралдар табуы - талант қуаттылығынан.

«Айқындау – суреткердің белгілі бір құбылысты, заттың жаратылыс табиғатын немесе адамның жан-ділін ұғынуының өлшемі болып саналады» [30, 29-б], - деген анықтаманың растығына ақын М.Әлімбаевтың әлгі сипаттауы дәлел бола алады.

«Мен туған үй» атты өлеңіндегі балалық шақ туралы:
Қайда бала заманам?!
Ми аралас өң мен түс
Тірілген жаз, өлген қыс [46, 148-б], -

деуінде «ақ» пен «қара» жай ғана түс-түр емес, молшылық пен жоқшылық бейнесі. Бұл - шендестіру тәсілі. «Тірілген жаз» бен «өлген қыс» сияқты метафоралы айқындаулар заманға куәлік болып тұрғандай...

Орыс сыншысы Лев Озеров «Мастерство и волшебство» деген кітабында: «Айқындау — өзінің информацияға бай тұсы, образдық арқаулар мен мағыналық желілердің тоғысқан торабы. Айқындау образ тағдырын шешеді, образды анықтайды, мүсіндейді. Ол - ой, бояу, дыбыс, жарық. Айқындау — тереңдік, ой өрісі, интуиция, қырағылық» [61, 382-б], - дейді.

Ескінің ерегесе өшуі бар,

Жаңаның өршелене өсуі бар.

Кет аулақ, мәстек әдіс, есек есеп,

Келте ойлы, шолтаң ақыл несін құндар? [59, 83-б].

Мынау төрт сипаттаманың төртеуі де автордың құбылысқа деген көзқарасын дәл танытқан.

Бұл тұста адам да ыстық, ауа да ыстық.

Ащы тер өн бойыңнан ағады ыстық.

Сауылдап жосылады арнасында,

Су шойын бір жарым мың градусық [59, 86-б].

Мұндағы «су шойын» бүкіл казак поэзиясында бұрын кездеспеген кездейсоқтықтай тосын тың тіркес... Әсіресе, тастан да қатты, темірден де салмақты шойынды аққан су күйінде көзге елестету – тапқырлық, көркемдік олжа.

«Мұзафардың сюжетті поэмаларының сүйіктісі де, сүйсінтері де «Естай-Хорлан» — дейді Б.Сахариєв «Күрескер тұлғасы» [4, 285-б] атты кітабында. «Естай-Хорлан» ғашықтық дастанында бас кейіпкер ғашық акын-композитор Естай аузына автор салған мынадай ой-толғамды оқимыз:

Білмеймін оңалам ба, зорығам ба?

Төзбестей тұла бойым долы қанға.

Хорланнан мені айыру, кешір, Аллам,

Келмейді енді сенің қолыңнан да! [47, 494-б]

Осындағы «долы қан» өте тосын ұрымтал, оқыс айқындау. Бүкіл жан-дүниесі жарылып кетердей боп ышқынған ғашықтың кейпін сол жалғыз-ақ сипаттама ел көзіне елестетіп тұрғандай сезіледі. Сол дастанда:

Осылай өте берді, өте берді

Тершең жаз, тұмаушаң қыс, жыларман күз» [47, 490-б], – деген сияқты моншақтай тізілген айқындаулар аз емес.

Өлген жылдар, **өшкен** күндер тізбегін,

Жас келіншек, еске салар нәрестең [46, 22-б].

Абайдың «Масғұт» поэмасындағы «өлген мола, туған жер жібермейді» деген үлгісін еске салатын «өлген жылдар, өшкен күндер» сипаттамалары елеулі үрдіс.

Кім жүрегін қолына алып ұстады?

Айтты деме албырт ақын ұшқары.

Біле білсең, отты тәтті назбенен

Сүю, сену — махаббаттың уставы [46, 16-б].

Мынау жұп-жұмыр рубаидағы «отты тәтті наз» тіркесі қазақ поэзиясы үшін тың болып саналады. «Тас кітап» атты өлең академик Әлкей Марғұланға арналған. Сол туындыда:

Қылыш жүзді қиянат

Хан тағында құтырған..! [46, 114-б], -

деген екі жол бар. «Қылыш жүзді қиянат...» - қиыннан табылған қымбат айқындау. Ол аз дегендей автор аталмыш айқындауды азсынғандай қиянатты метафораландырып күшейте түседі: «Хан тағында қылыш жүзді қиянат құтырған...», «Құтыру» етістігі үлкен салмақ көтеріп тұр...

Ақындық шеберліктің деңгейін танытатын бір тетік — **теңеулердің** дәлдігі мен молдығы, шығарма шырайын кіргізудегі қызметі. «Теңеу - құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі» [60, 198-б].

Тағдырдың қасарысып бағуын-ай,

Адымым аш қарғаның адымындай.

Қайыңның отқа түскен қабығындай

Бүрісіп арманымның жануын-ай [42, 234-б].

Екінші және үшінші жолдардағы теңеу мен соңғы жолдағы ұқсатудың әсерлілігі күшті. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, бақталайдан мақұрым қалған пенденің зары аянышты-ақ...

Енді ақынның ана тілі туралы өлеңіндегі теңеулерге көз жіберейік:

Таудағы тас **бұлақтың мөлдіріндей,**

Даламның **қызыл-жасыл өндіріндей,**

Бәйек боп бауырына алған бөбек жанын

Анамның **мейірбанды көңіліндей.**

Күйіндей тәтті толқын Тәттімбеттің,

Талындай он өрілген тал жібектің,

Гауһардың **от шарпыған ұшқынындай,**

Өлшеусіз кеңдігіндей жер мен көктің,

Аяулы, абыройлы ана тілім!

Кетіпті ғазиз анам сені сыйлап

Жыр болып көкірегімде жанатұғын [46, 208-б].

Өлеңде теңеу дегеніміз тұнып тұр. Сындарлы ойдан, сырғалы сезімнен, эмоционалды толғаныстан туған сөздер бейнелілік және мәнерлілік жағынан бірін-бірі күшейтіп, көркейтіп тұр. Бұлар белгілі бір ақындық ойды ерекшелейді.

Отызыншы жылдарда панасыз қалған пақыр жетімек сол кездегі сергелденді, сорлаған жылдарын еске ала келе:

Телмірген вагондағы елге қарап,

Елесін жетімді кім ерге балап?

Үміті ұстатпайды ұшығын да
Паровоз түтініндей желге тарап [46, 132-б].

«Желге ұшқан түтіндей» теңеуі арқылы күнкөрістің өзінен түңілген титтей балақайдың көлеңкелі көңіл-күйін көрсетеді.

Үміт лағып **метеориттің тасындай**
Жоғалғанын сорлаған қыз сезді ме? [46, 19-б]

Метафора теңеу сәтті табылған көркемдеме. Бір ұғымға екі рет қайырылған ізденгіш ақынның екі түрлі теңеу, екі түрлі метафора тапқаны - таланттылықтың бұлтартпас белгісі.

Автордың «Почташы болдым сол жылдары» деген жерлесінің атынан жазылған бір өлеңі бар. Сонда почташы теңеген бір шумақ сипаты мынандай:

Жүрмеймін киіз боқша бір асынбай,
Жаманат тарататын жамағатқа

Біресе **сұм үрейдің ұрасындай** [45, 91-б].

Сөзсіз замана куәларының, сұрапыл соғыс куәларының бірі деп бағаларлық туынды!

М.Әлімбаев лирикасынан **шендестірудің** небір үздік үлгілерін көруге болады. Шендестіру ақын лирикасында жаңаша және жақсы шыраймен көрінеді.

Автор қолданған шендестіру тәсілінің бір мысалы мынандай:

Осы ма сайқал мінез сойқан деген
Қу тағдыр кегің кетсе қайтар менен!

Тышқанмен алыстырдың арыстанды

Пырақты жарыстырдың байталменен! [47, 212-б]

Бұл өлеңде ақынның қолданған шендестіру тәсілдері өте ұтымды. «Екі нәрсе қатар, яки қарама-қарсы келгенде арасындағы айырым көзге көбірек түседі. Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде араларындағы айырмасын ашық көреміз [39, 172-б].

Сен минутыңды қисаң маған,
Мен айларымды берейін саған.

Сен ақ сүтіңді құйсаң маған,
Мен қаймағымды берейін саған!» [45, 173-б].

Бұл шумақта да шендестіруді автор шеберлікпен орынды қолданады, отанының өз перзентіне деген үлкен қамқорлығын, игі еңбектегі қайтарымын ақын осылай бейнелеген.

М.Әлімбаев поэзиясында **алмастыру** тәсілін де сәтті пайдаланады. Мәселен:

Жүреді-ау кейде **Аяздар** жетпей бізге,
Сонан соң туралыққа беттейміз бе?!» [42, 34-б]

Автордың Аяздар деп отырған Аяз билері - әділ билер, әділ шешетін қазылардың шешімі...

«**Кейіптеу** (олицетворение) – әр түрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейіпіне келтіріп, немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл» [60, 108-б].

Ақын Мұзафар Әлімбаев кейіптеуге де жиі-жиі қол артады.

Шын өнер көпшіліктің игілігі,

Ешкімнің тежей алмас қиылығы.

Өнердің қарасаңшы жанарына

Өлімнің тоғытылмас қанарына [47, 182-б].

Өнер де, өнерпаздар да өлімге «бағынбайды», мәңгі жасайды, – деп қортындылайды. Жансыз өнерге жанар бітіру арқылы жасалған кейіпкер суреті тірі құбылыс сияқты сезіледі. Немесе:

Астан кестең ботқадай,

Шым-шытырық Дүние!

Аласұрған тоқтамай

Жын-құтырық Дүние! [47, 188-б].

Бүкіл ғаламды алақ-жұлақ, ессіз-есер «жын құтырыққа» балау кейіптеудің өте бір сәтті мысалы.

Шұбалған шұбар ақшандақ,

Жер бауырлайды қақшандап.

Ызғиды жаяу борасын,

Бұраң да бұраң ақсандап [47, 38-б].

Жан біткендей «жаяу борасын» жанды түршіктіреді.

Жалған айтып жұбатам ба, төз дейін!

Шығады деп айта алмаймын бәрі естен.

Өлген жылдар, өшкен күндер тізбегін,

Жас келіншек, еске салар нәрестең [45, 25-б].

«Өлген жылдар», «өшкен күндер» – деп ақын дерексіз ұғымдағы уақыт, мезгілге жан бітіреді.

Қылыш жүзді қиянат

Хан тағында құтырған.

Сәуле түспей сығалап,

Қыпшақ күні тұтылған» [45, 252-б].

Дерексіз «қиянат» деген ұғымды жандандырып «хан тағында құтырған» деп сипаттап, оған бір жауыздық мінез береді.

«**Әсірелеу, күшейту** – бейнелі сөз, өмірде кездесетін әр түрлі құбылыстарды немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асырып айту тәсілі. Әсірелеу - бейнелілігін, әсерлілігін арттыру үшін қолданылатын құбылтудың бір түрі» [60, 58-б].

Ақын Мұзафар Әлімбаев әсірелеу тәсілін өз поэзиясында жиі қолданады.

Қиялмен жандарыңнан жүрем өтіп,

Сендерге сәт тілеймін тілек етіп

Ағайын, көш қозғалды... Алдарыңнан

Құс жолын төсейінші кілем етіп [45, 558-б].

Бұл шумақтың соңғы жолдарындағы әсірелеу арқылы ақын өзінің еліне оралған отандастарына деген ниетін, ықыласын білдіреді. Көктегі құс жолын кәдімгі «кілем етіп» төсеу қолдан келмес құбылыс болса да, ыстық тілекті бейнелейді.

Отан жерін от құшып,
Өзектерге от түсіп,
Көкіректі кек қысып,
Оқыс өстік, бек пісіп.
Лап қойыстық қас жауға,
Талап, ұйпап тастауға
Жанған отқа шомылдық,
Жауған оққа көмілдік [45, 80-б].

«Отқа шомылдық», «оққа көмілдік» – бұл әсірелеу арқылы ақын майдан даласындағы өлім сеуіп тұрған қанды шайқастың қиындығын, жауынгерлердің батырлығын танытады. «Сыйыну жыры» атты өлеңінде Мұзафар Әлімбаев әсірелеу тәсілін:

Басқанда ащы айқайға, жауды атойлап,

Қара тас қақ айырылған қаһарынан» [45, 128-б], –деп Қабанбай батырдың қаһармандығын асыра, аспандата бейнелейді. Абай поэзиясына арналған «Ұлы ақын мен ой құшақ» деген өлеңінде ақын:

Балқыта тебіrentіп шың-құздарды,
Аялап даналықпен ұл-қыздарды,
Алашты асқақтатып Абай жыры

Жер түгіл, жылытады жұлдыздарды» [45, 230-б], – деп әсірелеу тәсілімен Абай поэзиясының аруақтылығын, ұлылығын, теңдессіз құбылыс екенін суреттейді.

Мұзафар Әлімбаев поэзиясында құбылтудың тағы бір түрі – **литота** (кішірейту) де жиі кездеседі.

Жаксылардың ежелден жаны сұлу,
Жаны сұлу жандардың бәрі сұлу.
Тау санамас тарысын тарлан-боздар,

Бөгде тауды оған жоқ тарысыну» [47, 103-б].

Бұл шумакта гипербола (ұлғайту) мен литота (кішірейту) аралас алынған. Ұлғайту мен кішірейту тәсілдері арқылы ақын өлеңіндегі образға ерекше бір көркемдік көрініс береді. Тауды тарыдай ғана санау, тарысын тауға теңестіру – өте ұтымды.

Троп, яғни құбылту тәсілдерінің талайын тәжірибелі ақын шығармашылығынан табуға болатынына көзіміз жетеді.

Мен де бір – қызғанышыңмын көгіңдегі,
Мен де бір – ақ шабақпын көліңдегі.
Мен де бір – бұлбұлымын тоғайыңның,

Мен де бір –тілеуіңмін көңілдегі» [42, 165-б].

Ақын өз туған топырағы – Маралдысына осылай қайырылады.
«Маралдыма махаббат» деп аталатын өлеңінен төрт бірдей құбылтуды табамыз.

Автордың сексенінші жылы жазылған «Кім ұмытар» деген өлеңінде:

Кім ұмытар кір жуып, кіндік кескен,

Бейғам, аңғал балалық тірлік кешкен.

Өз шаһарын шарасыз тастап жауға.

Жас дәуренін жорықта у ғып ішкен? [42, 188-б]

Соңғы жолдағы соны метафора елең еткізеді: «Жас дәуренін... у ғып ішкен» деу
«Жорықта уайым-қайғы шекті» деген жалаң ойдан әлдеқайда уытты, әлдеқайда
өткір!

Интернационалистік терминдерді ойнатуға жас кезінде өте құмар болған
Мұзафар Әлімбаев жастық шағы жайында:

Операм түгел алдымда – деп те жазды [46, 23-б].

және де:

Өйткені таза жүрегім –

Өзіңнің монополияң [46, 19-б].

«Бір өзіндікпін» дегеннен мынау бейне әсерлірек, өткір...

«Құмыра қабырғасындағы жазу» өлеңі:

Маған құй да, еңбегіңнің балын аш,

Құмардан шық – қанып іш.

Сары уайым – сарылыс [47, 218-б].

«Еңбектің балы» мен «сары уайымның уы» сияқты шендестірулер — бұлар әрі
көңілден шығатын салыстырма метафоралар.

Ойсыздарға ұстатпа

Ой перзентін әдемі [47, 219-б].

Автордың «Ой перзенті» деп балап отырғаны көркем әдеби кітап! «Сәби күлсе»
деген өлеңдегі салыстырма – баламалар кімнің болсын зердесіне жатталып
қалатындай жарқын:

Сәби күлсе –

Тар бөлмең де кеңиді.

Сәби күлсе –

Қөңіл тоңы ериді.

Бала күлсе –

Ысырылар мұнар бұлт.

Бала күлсе – кірбің кейіс тынар кілт.

Бала күлсе –бүкіл жиһан жарқырап,

Бала күлсе –шөлде бұлақ сарқырап [42, 248-б].

Қорқыт ата өнерінің құдіреттілігін жеткізе айта білген зерлі жырдың мына бір
шумағын келтірелік («Мен күйлер шерткенде» атты өлеңнен):

Таң сазымен ертелеп

Ойнайды елік еркелеп,

Жолбарысқа сүйкеніп [42, 229-б].

Шендестірудің шыңындай дерлік бейне! Қорқау жолбарысқа момын елік сүйкеніп еркелесе, енді бұдан асырып айтудың өзі кімге болсын қиын соғатын шығар!

Дәуірімнің дауылы
Сіңген менің өлеңім!
Өршілдіктің жалыны
Сіңген менің өлеңім!
Тозса тозар шинелім,
Тозбас бірақ өлеңім [42, 178-б].

Бұл - салыстырмалар жасауға, метафора тудыруға соғыс ардагері, жауынгер командир ақынның өмірлік тәжірибесі көмектескен. Автордың болмашы детальді ойнатып, салмақты салиқалы ой айтатынын сыншылар да, оқырмандар да бұрыннан айтып келе жатқаны аян. Соған тағы бір уәж болар жеке шумаққа назар аударайық:

Тынған жоқ жер үстінде мылтық үні,
Сор, – дейді дүниенің жұрты мұны...
Өкінбен стволды нық бітейтін
Халқымның болсам егер бір тығыны [42, 177-б].

Отаншыл жүрек қана ел–жұрты үшін құрбандыққа шалынудан іркілмейді!

«Табиғат – тәрбиеші, тәрбиеші болғанда тамаша тәрбиеші. Өйткені табиғат – бәріміздің ұлы анамыз. Анадан асқан аяулы тәрбиеші бар ма?!» [63, 126-б], – дейді ақын Мұзафар Әлімбаев.

Жалпы арғы–бергі замандардағы поэзия тарихына көз тіксек, назар аударсақ, ақын атаулының талантын айқын да ашық әрі кең танытар аренасының бірі пейзаждық өлең–жырлар.

Табиғатты тамылжыта суреттеуге талаптану М.Әлімбаевқа да тән. Бұл тақырыпта да оның өнері өрелігін, биіктігін танытады. Мәселен «Қансонар» атты өлеңін алайық:

Түнде жауды далада
Ақ ұлпа қар - ақ көбік.
Көзің тайдыр, қара да.
Дақ түспеген пәк керік!
Салмақ жоқ-ау со қарда,
Бар дегенің бекердей.
Өзге түгіл, сонарға.

Қазақ сахарасының ғажайып суреттен де сұлу қансонары. Қардың ұлпалылығы ауаның өзіндей жеңіл.

Қысқы қардың қансонарын суреттесе де өлеңде ызғар жоқ, керісінше өлең жанға жылу дарытады. Түркіменстан табиғатының бір көрінісіне арналған «Тедженнің түнгі аспаны» өлеңіне көңіл бөлейік:

Тедженнің түні...

Әлдебір алып ұста адам
Қолымен көкке
Қара көк барқыт ұстаған.
Биікте
Жарық жұлдыздар — алтын шегелер

Барқыттың үстін бастырып қағып тастаған [47, 358-б].

Көздің жауын алатын көркемдік! Өзіміздің де Сахара аспаны түнде осылай көрінбей ме?! Көрші елдің көк аспаны қазаққа ыстық. Өйткені бұл өленде жаратылыстың жан-жүректі аялаған сұлулығы бар.

Ақынның пейзаждық лирикасында тағы бір ерекшелік бар. Ол – туған жердің табиғи бітімін тарихтағы атқарған рөлімен сабақтастыра жырлаудың әсерлілігі. Мысалы «Жоңғар қақпасы» деп аталатын өлеңінде:

Бабалар батырлықты елдес еткен
Кәрленген қатер төнсе елге шеттен,
Жоңғардың қақпасынан ішке қарай
Қас түгіл, тас өте алмай жерге шөккен [64,23-б], - деп жырлайды.

Көк талы көк шапанды келіндердей,
Жидегі ер сүймеген еріндердей,
Толқиды қызыл шілік шымылдықтай
Ақ қайың жалтылдайды өңін бермей
Қақтаған күміс түйме шалғайында
Қаптаған көкшіл көлдер өн бойында.
Айдын ба, аққу - қаз ба - айырмассың,
Өспесең Маралдының маңдайында [64, 14-б].

Тұтас бір қабырғадай ұйыса өскен қызыл шіліктің ілулі шымылдықтай толқи тербелуі, қызыл жидектің қыз ерніндей тамылжуы, ақ қайыңның аппақ күмістей жалтылдауы, келіншектің өңіріндегі күміс түймелердей Маралды өңіріндегі қаптаған көлдер – бәрі де жанды сурет!

Жібек қанат самал өтті жүгіріп,
Балқытылған ақ күмістей құбылып,
Бала толқын әне қалды ізінде,
Бал күлкідей жас сәбидің жүзінде [42, 73-б].

Қайталанбастай бір сәттік, бір демдік қана ғажайып көрініс, айдынның бетіндей самал ізі сәбидің жүзіндегі тәтті жымиыстай жанға жылы, көңілге қуаныш сыйлайды.

Өзге лирикасы сияқты М.Әлімбаевтың пейзаждары ықшам, өте жинақы, шымыр бітімді келеді. Мәселен, жоғарыдағы жыр көлемі сегіз-ақ жол.

«Сочиде қар борап тұр» деген өлең он екі жолдан құралған. Шығыс жақтан бораған қарды тамашалаған ақын:

Кәдімгі қары-ау мынау даламыздың,
Иісі бар атамыздың, данамыздың.

Қары ма бөрі жортқан түнгі ауылдың
Қары ма бұл иісі сіңген қырғауылдың
Өзге емес тек қазағың түсіне алар
Қысырдың қымызының иісі де бар.
Тезектің қышқылтымын сездім бе екен
Қиялмен қырдың үстін кездім бе екем» [42, 69-б].

Кәдімгі қазақы мінез, қазақы қабылдау. Сочиде отырып Сарыарқаның қарын елестету соның айғағы.

Ақын ауылының көрінісін бір ракурстан ғана қарап поэзиялық әдемі этюд жасайды:

Асыға асқаныңда қайқаң белден,
Алдыңнан ауыл шығар ойпаң жерден.
Айна көл бозғылт тартып жатар тымық,
Секілді қымыз күйған жайпақ зерен [47, 294-б].

Бұл – Маралды көлінің Қызылағаш ауылының ақындық панорамасы.

Бір айдың «мінезін» мінсіз бір-ақ ауыз өлеңге сыйғызу ақындардың ақынының ғана қолынан келеді. Мысалы, «Наурыз» өлеңі:

Наурызда маужырап
Жылы болмас күн тегіс.
Көлкір жолда қар жылап
Күндіз – көктем, түнде – қыс... [46, 175-б]

М.Әлімбаев оқырманға жаратылыстың жақсылығын қызықтаушы ғана болма, табиғаттың көркіне көрік қосушы, өркен үстеуші болуың керек деген идеяны да ұсынады... Мысалы, «Гүлге көзқарас» өлеңінде табиғат-анаға аяушылық сезіммен қарауға шақырады:

Кінәлі – гүл шешегін басқан аяқ,
Гүлді мен аялаймын жастан аяп.
Гүл бақтың ортасында өтсе игі
Адамның бар өмірі бастан аяқ [48, 175-б].

Мұзафар Әлімбаев поэзиясының озық үлгілері оқыrmанды ойға шомылдырмай, қиялын қозғамай өтпейді.

Жоғарыдағы жалғыз шумақты оқыған ұлан да, жер ортасына жеткен жетелі де, гүл бақтар–бақшалар өзінен–өзі жайқалмайтынын ескере келе, кез келген адам жер үстін жасыл орманға, хош иісті жұпарлы гүлдерге толтыруға тиіс деген ой түйері хақ.

Ақынның пейзаждық лирикасын оқып отырғанда оның мына пікірі ойға оралады: «Жаратылысты жандандыру, табиғатты адамдандыру — елжандылыққа елжірете баулудың бір өте ұтымды жолы. Ірі ақындар ешқашан да бұл сәтті естен шығармаған» [65, 151-б]. Демек, білімдар ақын жалаң декларация ғана ұсынып қоймай жаратылыс, яғни туған ел табиғаты жайында жақсы жырларды да қалың көпке мезгіл-мезгіл сыйлап отырады деген сөз.

Автордың «Баян тау», «Қысқы ауылдың көрінісі», «Тентек өзен», «Күзгі дала», «Тамшы», «Есік көлінде», «Маралдыма махаббат», «Қиыршық қар», «Көңіл мен көктем» деген көркем топтамасы, «Күн күркірі», «Алматы күзі», «Түнгі Алматы», «Жаңбырдан кейінгі бақша» және соңғы жылдарда балдырғандар үшін Қазақстанның көрікті жерлері мен қалалары жайындағы топтамасы ежелгі атамекен – қазақ сахарасын аялап сүйеге тәрбиелейтіні сөзсіз.

Ақын М.Әлімбаев лирикасының тағы бір құнды қасиеті өлең-жырын өрнекті мақал-мәтел қалыбына салып, нақылдық нақышқа бөлейтіні дер едік. Ол мұндай талапқа өте ерте құлаш ұрған. Тіпті талаппен жігерленген ақын өз діттегеніне қол жеткізгеніне куә боламыз. Ақын кейде тіпті бір туындысын тұтас нақылға айналдыра біледі. Мәселен: «Атақ-даңқ қалай шығады» деген жыр басынан аяғынан дейін біріңғай нақылдан құралған:

Көмірдің аты	Тесумен шығар.
Жанумен шығар.	Балтаның аты
Балғаның аты	Қырнаумен шығар.
Қағумен шығар.	Бояушы аты
Қашаудың аты	Сырлаумен шығар.
Шекумен шығар.	Ақынның аты
Күректің аты	Жырлаумен шығар.
Көсумен шығар.	Шәкірттің аты
Ал біздің аты	Тындаумен шығар [45, 325-б].

немесе «Суретшілер» өлеңін алайық:

Күн – суретші
Мың тірілтер бояуды.
Жел – суретші
Сыбызғы етер сояуды.
Су – суретші
Алқа жасар янтардан.
Сөз – суретші
Жаз жасайды қаңтардан [47, 336-б].

Ойшыл ақынның әр туындысының көбінесе нақылға жақын нақышпен түйінделетіні – көркемдік ұтыс әрі ақын лирикасының басты артықшылығы мен әрлілігіне, философиялық лирика екендігіне куә.

Ақын поэзиясын сөз еткенде оның нәрлі нақылдарын айтпай кетуге болмайды. Алғашқы нақылын 16 жасында ауызша шығарған М.Әлімбаев көп жылдық шығармашылығының ұзына бойында 2500-дей нақылды дүниеге келтірді. Олар түгел дерлік баспасөз жүзінде жарияланған. Ақынның айтуына қарағанда, нақыл ойға алмаған оқыста ауызша шығарылады екен. Белгілі бір оқиғаға, жағдайға, көңіл-күйіне орай туған нақылдардан бірнешеуін келтірейік:

Ақыл – Алланың бергені,
Білім – адамның тергені.
XXX

Жерінді сатпа,
Терінді сат.
XXX
Қылығы кінәз,
Ғылымы тым аз.
Кемеңгер «Кенелдім» десе де,
Кемелмін демейді [47, 240-242б].

Айтқыш ақынның асыл нақылдарының біразы қазақтың мақал-мәтелдері жинағына да енген. Оның үстіне баспасөз бетінде де халық кәдесіне жарап жүр. Мәселен, автордың «Елін сүйгеннің еңсесі биік» [42, 261-б], -деген нақылы «Халық кеңесі» газетінің бетінде басылғаны М.Әлімбаев асыл сөздерінің халық қолдылығына куә. Сонымен, М.Әлімбаев лирикасындағы нақышты өрнектер мен нәрлілік және төлтума нақылдары ақынды өз замандас әріптестерінен өзгеше көрсетіп, ерекшелендіретін елеулі белгілер. Ақынның поэзиясын қалың қауымға құрметтететін қасиеттердің бір қыры да осы болар.

«Егемен Қазақстан» газетінде (1994 жылы 17 желтоқсанда) қазақтың ұлы азаматы, аса көрнекті қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік кітабынан «Тәуелсіз ел ең әуелі... құрметпен қарай білуі керек» деген атпен үзінді басылды. Сол үзіндіде автор өз ой-толғамын былай түйіндеген екен: «Сөз маржанын ой түбінен тере білген ақын інім Мұзафар Әлімбаев айтқандай «Заман азса, Тіл сөйлемес, пұл сөйлер. Адам азса, Діл сөйлемес, жын сөйлердің — кебін киіп жүрмес үшін тәуелсіз ел әуелі елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдар мінбері баспасөзіне жағдай туғызып қана қоймай, құрметпен де қарай білуі керек» [66].

Халық жазушысы Һәм қазақтың көрнекті ақыны Мұзафар Әлімбаевтың қанатты сөздер тудырудағы еңбегін Д.Қонаевтың «Сөз маржанын ой түбінен тере білген ақын» деп жоғары бағалауы қаламгерге деген халық құрметін де аңғартқандай әсер қалдырады. «Өнердің ең алды — сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды — қызыл тіл» деген қазақтың мақалы және бар. М.Әлімбаев сөз өнерін терең меңгерген ақын.

Әдебиетші ақынның «Өрнекті сөз – ортақ қазына» атты жинағы 1967 жылы 22,5 мың дана таралыммен жарық көрген. Ал «Нақылдың төркіннамасы» атты жаңа кітабынан үзінділер «Қазақ әдебиеті» (5 тамыз 1995ж.), «Ақтөбе» газеті (13 тамыз 1994 ж.), «Арда» газеті (7 қазан 1994 ж.), «Ана тілі» (21 шілде 1994ж.), «Алматы ақшамы» (23 қаңтар, 1995 ж.) газеттерінде басылды. Онда ойлы нақылдардың үстел басында емес, әр қилы жағдайда ойламаған жерде туғандығы баяндалады. Мысалы: Біртуар композитор Шәмші Қалдаяқовты еске алу кешіне арнайы шақырып, ақын Мұзафар Әлімбаевқа сазгердің айтулы әріптесі ретінде теледидардан сөз сөйлеткен екен. Теледидардағылар материалды монтаждағанда қысқартып, ақын естелігін эфирге шығармай қойыпты. Соған кейіген Мұзағаң: — «Тіріде жыртса хатынды, өлген соң құртар атынды» [67, 142-б], - деген екен. Уытты әрі өрнек

бір нақыл өлең осылай туған. Бұған қарағанда, мақал мен мәтелдей емес, әр нақылдың өзінің туу тарихы бар.

Екіншіден, нақыл авторының аты белгілі болады. Үшіншіден, нақыл өлең-жыр сияқты жазылмайды, ауызша шығарылады. Біздің қазақ әдебиетінде осы күнге дейін нақыл жөнінде арнаулы ғылыми еңбектер, зерттеулер жоқтың қасы. Орыс әдебиетінде де афоризм – нақыл жанры әлі жан-жақты зерттеле қоймаған. Бұл тұрғыдан алғанда, атақты ғалым Н.Федоренконың «Афоризм как жанр словесного искусства» деген зерттеуі бірден-бір білікті ізденіс. Оның пайымдауынша: «Афористика - одно из средств образно-речевого выражения мудрости, совокупность интеллектуальных изречений, отграниченных в лаконичную и совершенную форму» [68, 64-б]. В.Дальдың атақты сөздігінде афоризм - «Короткое и ясное изречение, правило, основанное на опыте и рассуждении отрывочное, но полное по себе положение - деген анықтама берілген. Қазақ энциклопедиясында: «Нақыл – түйінделе тұжырымдалған терең ойлы, жұмыр бітімді өнегелі сөз», - делінген. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» тіпті өте келте қайырылған. Орыс халқында «Речь без афоризма - что еда без соли» дейтін мақал бар екен. Қазақшасы «Нақылсыз сөз - татымсыз ас» дегенге келеді.

Нақылдың ғылыми дәлірек бір анықтамасын әдебиетші Г.С.Слободкиннің «Лихтенберг и его афоризмы» деген зерттеуінен табамыз: «Афоризм приобретает силу благодаря ясности оценок жизни, поведения людей, благодаря верности мысли, обобщений и выразительной, лаконичной форме, в которую он облечен» [69, 175-б].

Нақылдың көркемдік, эстетикалық болмысы жөнінде тұжырым айтар болсақ, нақыл дегеніміз мағыналы идеяның, ойдың мәнерлі өрнекпен, ақылдың айшықпен тоғысуы.

Әйгілі адамдардың мұраларындағы нақылдардың бәрінен де ойлылық пен кестелі көркемдік табамыз. Ұлы сөз зергері Мұхтар Әуезовтің «Сын шын болсын, шын сын болсын», –деген нақылы міне осындай сырлы сипатты болып келеді.

Ұлы ұстаздардың өнегесінен үлгі алып өскен ақын, әдебиетші Мұзафар Әлімбаевтың да нақылдары жанрдың барынша көркемдік, идеялық, мазмұндық шарттарын сақтайтынына куә боламыз. Нақылдары сонысымен құнды. Өрелі толғау, өрісті ой, терең мазмұн М.Әлімбаевтың нақылдарына да тән: «Елдікті жырлау – Ерлікті шыңдау», «Өнегелі ұстаз «өзім бол» демейді, «өзің бол» дейді», «Қол суретші емес, көңіл суретші», «Құдайын ұмытқандар құтырады», «Рухы ұқсастар оңай ұғысады», «Мінген атыңнан құласаң да, Елдік салтыңнан құлама», «Баланың сотқары — пәленнің шоқпары» және т.б. [67, 43-47б].

Халықтық мақал-мәтелдегідей емес, әдетте нақылдың мазмұнында, идеясында субъективті тенденция, жеке бастың ой түйіні басым болады, – дейтін әдебиетші ғалымдар пікірі ақиқаттан алшақ емес.

М.Әлімбаев нақылдары өзі дарынды ақын болғандықтан әдемі өлеңмен өріледі. Бұл бірінші ерекшелігі. Екіншіден, ел аузына көшкен елеулі нақылдары саздылыққа, аллитерация мен ассонансқа, ішкі ұйқастарға құрылады. Үшіншіден, көркемдеуіш құралдарға қаныққан метафора, теңеу – қанатты сөзге қан құйғандай сезіледі. Төртіншіден, қарама-қайшылық күресімен шектестіру де ақын нақылдарын көріктендіре, шындық сипатын арттыра түседі. Бесіншіден, М.Әлімбаевтың қанатты сөздері халықтық қалыпқа өте жақын.

«Сөзде –тұқым,

Өнсе – құтым,

Өлсе –жұтым» [40, 342-б], – дейді ақын. Әр сөзі, бәрі де өз орнына қағылған шегедей... Суырылып алынбайды. Алты сөздің бесеуі ұйқас-үйлесімдермен ажырағысыз жымдасқан.

Ақын нақылдары қалың көпшілікке қымбат ғибратын зергерлікпен ұсынады. Сонысымен де құрметті және көңілді ерекше аударатыны – ақын нақылдарының бұрынғы сөздеріне ұқсас, үндес, өрелес келуі. Ақын нақылдарының көркемдік бітімі, эстетикалық сипаты көңіл аударарлықтай ерекше бітімді. Ақынның тағы бір поэзияға қосқан үлесі ол окказионалды сөздерді ұтымды және шебер қолдана білуі.

Тілдегі дағдылы қолданыстан тыс құбылысты және көркем шығармалардағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық стиль табиғатын тануға көмектесетін, негіз болатын ерекше мәнді бір заңдылық бар. Ол – окказионализм құбылысы.

Тілдегі окказионалды сөздер экспрессивтік, эстетикалық қызмет құралының бірі ретінде қаралса, ойды барынша көрікті бере білудің негізгі көрінісі окказионалды фразеологизмдерде тіпті айқын аңғарылады. Бұны қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің окказионалды өзгеру жайын қарастырған Ғ. Тұрабаева мақал-мәтелге қатысты окказионализм құбылысын кең көлемде анықтап оның құрамына контекстік қолданыста кездесетін барлық құрылымдық, семантикалық өзгерістер мен варианттарды кіргізеді. Олар: мақал-мәтел құрамындағы лексемалық ауыстыру, мақал-мәтелдердің құрылымын окказионалдық кеңейту және тарылту [73,13-б.].

Окказионализмдер – белгілі бір шығармада пайдаланылып, контекст арқылы анықталатын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі сөздер, немесе Р.Сыздықова «тосын сөздер» десе, ғалым Х. Нұрмұханов «Сөз және шеберлік» атты зерттеу еңбегінде потенциалды сөздер мен окказионалды сөздердің ара жігін ажыратып, окказионализмдер контекст қалауына орай тек «бір ғана қолданымдық» болып қызмет атқаратын сөздер деп сипаттама береді [75,78-б.], Г.Мұратова «окказионал сөздер», Л. Еспекова «окказионализм» деп қолданған [76,5-б.].

Академик М. Серғалиев әдеби тілдің талаптарын есте сақтап жүру, орындау – әр сауатты, мәдениетті адамның рухани міндеті және парызы екендігін айта келіп: «...халықтық тілді оның тармақтарын одан әрі тереңірек игеру барысында

норманың басқа бір түрін де білу қажеттігі туындайды. Ол – стилистикалық норма. Стилистикалық норманы, былайша айтқанда, әдеби тіл нормасына қосымша, оны толықтыратын, анқытап, дәлелдейтін норма десе де болады» деген тұжырым жасайды [77,40-б.] Нормаға сәйкессіздік окказионал сөздердің басты ерекшелігі деуге болады. Сөйлеу – дайын тілдік единицалардың қолданыстағы көрінісі. [75,48-б.]

Мұзафар Әлімбаевтың төмендегі жеке авторлық қолданыстағы окказионализмдердің тосын үлгілеріне назар аударайық.

Лепес

Лепес (емес сөзталас) –
Өркімнің ойы момақан.

Пікір, лебіз, көзқарас,
Лепес дейді оны атам. [78,148-б]

Әуейі

Әуейілікке баратын
Шығандап шығар қатардан...

Еліккіш, қызба, дарақы–
Әуейі деп аталған. [78,149-б]

Мәрсия

Мардан көзі шалғасын
Мәрсияға бұрылған...

Құлпытастың жазбасын
Мәрсия деген бұрыннан. [78,149-б]

Мүртет

Мүртет қанша күнге озар
Өзегін өрт өртеген...

Діннен безген, дін бұзар–
Мүртет сонау ертеден. [78,149-б]

Қаумет

Қаумет бар сияқты,
Қиядан-ақ сезем мен...

Жігер, күш пен қуатты
Қаумет дейміз ежелден. [78,149-б]

Лұғат

Лұғат бірден танылды,
Бұдан да жақсы жаңарар...

Өнеге ,сөздік, тәлімді
Лұғат деген бабалар. [78,150-б]

Тіліміздегі окказионал сөздердің де бір алуан эмоциялық, экспрессивтік қызметі барын ескерсек, окказионал тіркестер жалпы халықтық бейнелі сөз орамдарына өзінше сонылық, мәнерлілік үстейді. Әдетте, окказионал сөздер мағына бірлігімен және құрамындағы компоненттердің тұрақтылығымен ерекшеленеді. Ал окказионал сөздердің стильдік өзгеріске түсуін олардың жасырын жатқан ішкі мүмкіндіктерінің тереңдігінен деп түсінеміз. Сондай-ақ, бұрыннан қалыптасқан окказионал сөздердің осындай дамуы, өзгеруі, жаңаруы тұрақты сөз тіркестеріндегі «тұрақтылықтың» шарттылығы, өзгермелілігі, оның варианттылыққа жақын екендігін аңғартады [76,110- б.].

Окказионал сөздерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру окказионалды болу – жаңарту, түрлендіру мақсатын көздейді.

Тіл білімінде «окказионализм» деген терминді ең алғаш енгізген Н.И.Фельдман болатын.

Көркем шығармаларда окказионализмдер жазушының бейнелі ойын жеткізуде бірден-бір таптырмас құрал болып табылады.

Мысалы:

«Шеңгел де өз жерінде дүркірейді,
Әркімнің өз елінде басы құнды»
[78,35-б].

Бұл өлең жолындағы «шеңгел де өз жерінде дүркірейді» тіркесі – жазушының өзіндік қолданысы. Жалпы тілде шеңгел, дүркірейді деген сөз тіркестері, «*әркімнің өз елінде сұлтан болатындығын меңзейді*» бұл жерде жазушының өзіндік метафоралық қолданысы екенін аңғарамыз. «*шеңгел де дүркірейді*» деп «басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген ақын «*әркімнің өз елінде басы құнды*» деген түсіндірмесінен шөп екеш шөптің өзі өз елінде көктеп-көгереді деген ойды өлең жолының мағынасынан білуге болады.

М.Әлімбаев өз шығармаларында қазақ тілі байлығын молынан игерумен бірге, оны өз шығармаларына орынды және оқиға өрісіне сай үйлесімді пайдалана білген. Жазушы айтайын деген ойын нақты, қысқа түрде ықшамдап жеткізу мақсатында окказионалды қолданыстарды кеңінен пайдаланған.

Мысалы: Көп жұмысқа үлгерер,
Көптің ісі үдерер.....
Шаруаны жабыла
Бітіруді **үме** дер [78,15-б.].

Халықтық қолданыста «үме» сөзі (диалект, үйілу, жұмылу, бірігу) [78,15-б.] деген мағынаны білдіреді.

Тұрғауышты жуыстым
Санамадым азапқа.....

Жеміс салар ыдысты

Тұрғауыш дейді қазақта. [78,15-б.].

Келесі бір өлеңіне тоқталар боолсақ

Қанары тола жаупазақ,
Арқалап келді дәу қазақ.
Жаупазақ – ерте пісетін
Тәтті өрік.... Дәмі бар ғажап. [78,15-б.].

Осылайша жазушының туындыларындағы пайдаланған окказианал тосын сөздері халық тіліндегі қалпынан өзгертіліп, әр түрлі мәнге келтіріліп, өңдеп жаңа мазмұн бере қолданылуы ақынның тіл байлығын жақсы меңгергендігін байқатады. Шығарманың көркемдік нақышын келтіретін күнделікті өмірде пайдаланып жүрген сөздерді, басқа сөздермен окказианал сөздермен ауыстыру кез-келген ақынның қолынан келе бермейтін іс екені белгілі. Бұл жағынан келгенде М.Әлімбаевтың өз ісіне шебер екендігіне жоғарыдағы мысалдар дәлел болатындай.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе ақынның жалпы тілдік қолданыстағы сөз байлығын толық меңгере отырып, бірде оларға әр түрлі окказианалды өзгерістер енгізсе, енді бірде халықтық тұрақты тіркестердің негізінде авторлық қолданысқа тән окказианал сөздерді шеберлікпен қолдана алған. Жазушы қазақ халқының байырғы сөздерін өңдеп, құбылтып қолдану арқылы олардың контекстегі мәнерлегіш, көркемдегіш қасиетін арттыра түскен.

Мұзафар Әлімбаев: «Поэзия – тірлікті сүйкімді ету, мүмкін емес дейтінді мүмкін ету... Тұңғиықтың түбінен бәрін көру, сығып-сығып жүректің нәрін беру» [63, 70-б], – деп толғанады. Расында да суретті сөз, бейнелі ой, мағыналы толғам терең дүниетанымнан, дүниені нәзік, өткір қабылдаудан, айрықша сана-сезімнен, толқынды көңіл-күйден туатыны анық. Ендеше, ақынның қай шығармасын алсақ та суреткерлік сыршылдығымен, оралымды тілімен, өрнекті ойларымен, көркемдегіш-суреттегіш құралдарының молдығымен көзге түседі.

Әдетте байыпты ақындардың бәрі де түрлі ізденістен бойын аулақ салмайды. Бұл ізденіс өлең түрлерін құбылтуға да тікелей қатысты. Бұл саладағы жетістікке қол жеткізу бірер жылдың үлесі емес, ақынның ондаған жылдарға өркен жайған ізденісінен туатын жеміс екенін де ескеру шарт. Өлеңнің көркем компоненттері: ырғағы, ұйқасы, шумағы, тармағы, екпін сазы, бейнелі сөз айшықтары екені мәлім. Бұл компоненттерсіз көркем шығарма да жоқ. Поэтикалық шығарманың бейнелі құрамының бірде-бір элементін алып тастауға болмайды. Көркем шығарманың материалы - сөз. Шығарма шаңырағы сол арқылы көтеріледі. А.М.Горький – сөзді шығарманың бастапқы элементі дейді.

Мұзафар Әлімбаевтың бүкіл ақындық жолында тапқан өлеңдік жаңа түрлері бірсыпыра.

Поэзия сыншылары, жанашырлары мен табынушылары ізденгіш ақынның игі еңбегіне ризашылық білдіреді әрі жас талапкерлер мен әріптестердің әрі қарай жалғастырыарына да күмән болмас деп ойлаймыз.

3.2 М.Әлімбаев шығармаларының құрылысы мен құрылымы

Түрлік тұрғыдан алғанда Мұзафар Әлімбаев ұдайы ізденістегі ақын. Бұл саладағы қадамдары да табысты. Тандаған тақырыптың көркемдік мұқтажына қарай әр жолдағы буын сандарын, кейде тармақ санын өзгерте отырып, жаңа ырғақтар табады, өлеңнің шумақтық құрылымына да жаңалық енгізеді.

Жаңашыл ақын соңғы жылдары жалғыз жолды жырлар жазумен де шұғылданды. Бұл Батыс Еуропа поэзиясында қанат жайған дәстүр, ал қазіргі орыс поэзиясында сирек үрдіс. Ақынның тәжірибесі қазақ поэзиясындағы ең алғашқы қадам. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған жалғыз жолды жырлардан бірнеше мысал келтірейік: «Айтылмағыш ақиқат аңсаттырғыш», «Шынарыңды шыбық деп қомсынар жат», «Тасырға тас атам деп, тарихқа атпа», «Әр қазақ көкірегінде — бір Кене хан», «Аздық ол қорлық емес — ездiк қорлық», «Шындық бiр, адам бiреу, пiкiр екеу» [6].

1994 жылы «Ана тілі» газетінде ақын М.Әлімбаевтың 14 рубайдан құралған «Туған тіл туралы төрттағандар» деп аталатын тұтас топтамасы жарияланды. Мұндай топтама-рубаилар — қазақ поэзиясындағы жаңа дүние, көркемдік табыс. «Ана тілі» газеті жариялаған төрттағандар топтамасынан бірнеше мысал келтіріп көрелік:

Уақыттың желі аңызак, күні кебір,
Заманның болмай тұр ғой мұңы жеңіл
Күн көрік, ай шырайлы Ана тілім!
Айнаңды сүрткім келер күніге бір.

Қадірін сұлу білмес өз көркінің,
Ару тіл жайлап жаяр саз толқынын.
Шәкірт күрд... Тілші жапон... Елші венгер...
Сұрайды қазақшалап сөз төркінін.

Жұпарлы қырда алуан гүлдер таптым,
Өміршең өзіміздің тілден таптым,
Тіл екен жемістісі, жұпарлысы.
Аялап халық баққан гүл мен бақтың [7] .

Бір тақырыпқа мұндай топтамалар тудыру ұзақ ізденісті, асқан ойшылдықты, қиял ұшқырлығын талап етеді. Шынтуайтқа келгенде, «Күн көрік, ай шырайлы ана тілім», «Ару тіл жайлап жаяр саз толқынын» деген жолдардың метафоралық-бейнелілік сипаты жаңаша. Сондай-ақ поэзиялық мағыналас сөздер де («жемісті, жұпарлысы») ырғақтылығымен, әуезділігімен көңілде із қалдырады.

«Қазақ елі» газетінде 1996 жылы қарашаның 22 жұлдызында «Ой моншақтары» деген атпен жарияланған «Қос сөзді өлеңдер», «Үш сөзді өлеңдер», «Төрт сөзді өлеңдер» көңіл аударатындай тың нәрсе. Мәселен, «Сөзін

- өзің», «обыр - содыр», «желге - сенбе» - бұлар қос сөзді өлеңдер. Енді үш сөзді өлеңдерден мысалдар: «Құштарлық — арманды құшқандық». «Арқалы — өнер дарқаны» [8]. Ақын шығармашылығында айрықша бір орын алар ерекше бір кітапша бар. Ол 1996 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Өлең - сөздік». деп аталады. Өлең - сөздік әлемдік тәжірибеде әлі орын таппаған дүние. Мысалы: «Ар — честь, Бар — есть. Золото — алтын, Холодно — салқын» [11, 11-б].

Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы, әрі зерттеуші ақын халықтан көп нәрсе үйренгенін дәлелдейді.

Көптеген келісті кестелердің бірі мынадай. Өлең 1969 жылы жазылған.

Жердің
Қойнындағы
Жез.
Қазбасаң,
кім алады?!
Елдің
Ойындағы
Сөз.
Жазбасаң,
жоғалады [47, 180- б].

Автордың айтуына қарағанда “осы шумақ өрнекке бірден түскен”. Он жолдық дербес сыңар шумақ. Екі-ақ сөйлем. Аралас буынды ырғақ. Дауыс толқынының еркін құбылуы бар. Тұтастық – бірлік бар.

Шумақтың схемасы: жолдары мына ретпен жалғасады – 2 буын – 4 буын – 1 буын – 3 буын – 4 буын – 2 буын – 4 буын – 1 буын – 3 буын – 4 буын. Ұйқастардың реті: а-б-в-г-д-а-б-в-г-д.

Елін мақтаудан
Сақтанған,
Халқын қорғаудан
Қорғанған
Сорлы пендені
Көргім келмеді [47, 286-б].

Ырғақ түрінде өзгешелік бар, жаңа нәрсе. Өлең схемасы мынандай: 5 буын - 3 буын - 5 буын - 3 буын - 5 буын - 5 буын. Ұйқастары: а-а-б-б-в-в. Өлең бір деммен, бір тыныспен қағазға төгіле қалғандай: алты жол өлең - бір-ақ сөйлем.

Бұлбұл үнсіз,
Ғашық ділсіз,
Ақын жырсыз
Оңбас-ау.
Тарих сырсыз,
Халық тілсіз
Батыр мұңсыз

Болмас-ау [45, 31-б].

Сегіз жолдық шумақ, аралас буынды. Схемасы мынандай: 4 буынды – 4 буынды – 4 буынды – 3 буынды – 4 буынды – 4 буынды – 3 буынды. Ұйқастары: а-а-а-б-в - в-в-б.

«Қорқыт ата толғауынан» деп аталатын циклдағы “Көп пе?” деген жыр кестесіне көз салсақ:

Шөлде

Құм көп пе?

Менде

Мұң көп пе?

Белде

Көр көп пе?

Менде

Шер көп пе? [47, 186-б].

Схемасы: 2 буын – 3 буын – 2 буын – 3 буын – 2 буын – 3 буын – 2 буын – 3 буын. Ұйқастары: а-б-а-б-а-в-а-в

«Құлпытастағы жазбалар»:

Дананың жолы

Елден елге дейін.

Шаланың жолы

Үйден көрге дейін [42, 253-б].

Схемасы: 5 буын - 6 буын - 5 буын - 6 буын. Ұйқастары: а - б - а - б.

«Қанжар қынындағы жазбалар»:

Ез

Тумай жатып

Өледі.

Ер

Сырнайлатып жеңеді» [47, 220-б].

Схемасы: 1 буын - 4 буын - 3 буын - 1 буын - 4 буын - 3 буын. Ұйқастары: а - б - а - б.

«Жол» атты өлең:

Жол

Шабытты шағым, нарлығым!

Сол

Жолымды кеспе, тағдырым! [42, 24-б]

Схемасы: 1 буын - 8 буын - 1 буын - 8 буын. Ұйқастары: а - б - а - б.

«Өтірікті жасымда шылғи»:

Өтірікті жасымда шылғи

ылғи

Тыңдаппын қисынына шүлғи

шүлғи.

Тауда жүріп батпаққа батқандаймын,

Ақиқаттан ылдиға сырғи,
сырғи.

Ақиқат — шын,

Өтірік — ылғи

ылди...

10 жолдық тұтас шумақ. Он жолда бірыңғай сегіз ұйқас-үйлесім бар. Схемасы мынандай: 9 буын - 2 буын - 9 буын - 2 буын - 11 буын - 9 буын - 2 буын - 4 буын - 5 буын - 2 буын. Ұйқастары: а-а-а-а-а-а-а.

«Жәй әшейін құлақ қағыс»:

Тірі жүрек, тұрам деп тас тұғырда

Жұлынба,

Ұрынба!

Ондайлардан із қалмаған ырымға

бұрын да,

шынында [70].

Алты жолды шумақ, алты тармағы да ұйқасады. Схемасы: 11 буын - 3 буын - 3 буын - 11 буын - 3 буын - 3 буын. Ұйқастары: а-а-а-а-а-а.

«Қаламым»:

Қаламым —

Өрмелеген қиялға

Он бес жасар талабым.

Қаламым —

Аясында әлемді

Сыйғызатын жанарым.

Қаламым —

Жалпақ дүние алдында

Жарқырайтын жамалым.

Қаламым —

Есімімді өлімге

Алдырмайтын қамалым [45, 324-б].

12 жолды шумақ — тұтас өлең. Схемасы: 3 буын - 7 буын - 7 буын - 3 буын - 7 буын - 7 буын - 3 буын - 7 буын - 7 буын. Ұйқастары: а - а-а-а-а-а-а-а.

«Жолда» өлеңінің шумағы:

Экспресс ауаны

Жарады

Рельс кейін ағады

Қалады [45, 373]

Схемасы: 7 буын - 3 буын - 7 буын - 3 буын. Ұйқастары: а - а - а - а.

Мен бор болсам,

Қандай үгер едің?!

Мен көр болсам,

Қандай күлер едің» [45, 416-б] .

Схемасы: 4 буын - 6 буын - 4 буын - 6 буын. Ұйқастары: а - б - а - б.

Батырлығын асырған батырлықтан,

Қуат алған достық пен татулықтан.

Тарихтың,

Халықтың

Тұңғышымыз жүрекке жақын тұтқан [70, 18-б].

Схемасы: 11 буын - 11 буын - 3 буын - 3 буын - 11 буын.

Ұйқастары:

а-а-б-б-а.

Тарихтың қатар өткен қанша жолын

Елдік десе,

Ерлік десе,

Самсар қолы

Нұр жүзді

Жұлдызды

Қазақстан - комсомолы,

Қазақстан - комсомолы бұл біздің [70, 22-б].

Схемасы: 11 буын - 4 буын - 4 буын - 4 буын - 3 буын - 3 буын - 8 буын - 8 буын - 3 буын. Ұйқастары: а-б-б-а-в-в-а-в.

Жан еркем,

таңертең

мені тос көрінгенде,

Көрінгенде мені тос

Ақ желкен [70, 52-б].

Схемасы: 3 буын - 3 буын - 7 буын - 7 буын - 3 буын. Ұйқастары: а - а - а.

Ерлік даңқы,

Елдік салты

Еңбекші азаматқа мәңгі маяк

Совет халқы [70, 58-б].

Схемасы: 4 буын - 4 буын - 11 буын — 4 буын. Ұйқастары: а - а - б - а.

Ақ көңіл - аяулым,

Дархан той - базарлым,

ақсұңқарым!

Аяла гүлімді;

Ұмытпа үнімді,

Бір жырла жырыңды,

ақсұңқарым!

Жадыра жаздай,

Екі дос қаздай

Жұбыңды жазбай,

жақсы жар!

Қырда да бірге,

Сырда да бірге,
Сында да бірге,
ақсұңқар [47, 658-б].

Схемасы: 6 буын - 6 буын - 4 буын - 6 буын - 6 буын - 6 буын - 4 буын - 5
буын - 5 буын - 5 буын - 3 буын - 5 буын - 5 буын - 5 буын - 3 буын. Ұйқастары:
а-а-б-в-в-в-б-г-г-г-д-е-е-е-д. Аса күрделі түр...

«Аяжан» әні:
«Кімді ойлап жүдедің сен»,
Демеші біле білсең.
Жалғанда тілегім сен,
Жүрегім сен.
Бағыма кез келдің ғой,
«Сүйем» деп сөз бердің ғой,
Әп-сәтте өзгердім ғой,
Өзгердім ғой.

Қдырмасы:

Аяжан қарындасым,
Іздесем табылмасым,
Кім сені сағынбасын,
Сарылмасын.
Қасымнан табылғайсың,
Қарындасым! [47, 678-б]

Бұл да аса күрделі түр негізі шумақ пен қайырма 14 жолдан тұрады,
ырғағы құбылмалы. Бірақ көркемдік тұтастығына нұқсан келмеген. Схемасы: 7
буын - 7буын - 7 буын - 4 буын - 7 буын - 7 буын - 7 буын - 4 буын. Қайырмасы:
7 буын – 7 буын – 7 буын – 4 буын – 7 буын – 4 буын. Ұйқастары: а-а-а-а-б-б-б-
б-в-в-в-в-в-в-в.

«Біздің класс» әні:
Қиялы қанатты,
Өнерлі талантты
Тату-тәтті.
Көр сен бәрімізді.
Тыңда әнімізді
Ертеңгі кілең ер –
Біз нағыз пионер
Мектебін жанындай сүйгендер [70, 129-б].

Схемасы: 6 буынды – 6 буынды – 4 буын - 6 буын - 6 буын – 6 буын - 6 буын - 9
буын. Ұйқастары: а-а-б-б-в-в-в.

«Армиямыз айбынды» әні:
Күзетеді күлкіңді,
Бұздырмайды ұйқыңды
Шалқар панаң.

Қамқор саған.

Туған анаң –

Туған далаң сүйкімді [70, 130-б].

Схемасы: 7 буын - 7 буын - 4 буын - 4 буын - 4 буын - 3 буын. Ұйқастары: а-а-б-б-б-а.

Дос елді көбейткен

Елшіден айнал.

Кеселді шөмейткен

Емшіден айнал [70, 454-б].

Схемасы: 6 буын - 5 буын - 6 буын - 5 буын. Ұйқастары: а - б - а - б.

Қайық білмегенін

Кемеден сұрайды.

Жас білмегенін

Көнеден сұрайды [70, 457-б].

Схемасы: 6 буын - 6 буын - 5 буын - 6 буын. Ұйқастары: а - б - а - б.

Шабыс қазанаттікі,

Намыс азаматтікі [70, 454-б].

Схемасы: 2+4 буын - 2+4 буын. Ұйқастары: а - а.

Алты буыны тұтасымен үйлесім тапқан ұйқастар, анығырақ айтсақ, төрт сөз - төрт үйлесім.

«Суайт-Дуайт» атты өлең:

Табаға тұтас қуырған

Сыбаға жедім бұғыдан!

Деген кім?

Суайт-

Дуайт [47, 326-б].

Ойнақы ырғақ. Сұрау-жауап, яғни диалог түрінде жазылуы ұтымды.

Схемасы мынандай: 6 буын - 6 буын - 3 буын - 2 буын - 2 буын.

«Бал араның жыры» өлеңі:

Баратыным - қыр,

Қонатыным - гүл.

Теретінім - нәр,

Беретінім - бал [47, 247-б].

Схемасы: 4 буын - 1 буын - 4 буын - 1 буын.

Омар, Жұман

Ұмар-Жұмар

алысады

Үйме-жүйме

Ілгек-түйме

тағы ұшады [47, 396-б].

Схемасы: 4 буын - 4 буын - 4 буын - 4 буын - 4 буын. Ұйқастары: а-а-б-в-в-б.

«Кішкентайлар тақпағы» өлеңі:

Сайран

Ішеді айран,

және

Қайрат

Сұрайды қаймақ [47,401-б].

Схемасы: 2 буын - 5 буын. Ұйқастары: а - а

“Қызық аңшы” өлеңі:

Жаймайтын тор,

Қазбайтын ор

аңшы бар.

Оқ атпайтын,

От жақпайтын

аңшы бар [47, 428-б].

Схемасы мынау: 4 буын - 4 буын - 3 буын - 4 буын - 4 буын - 3 буын. Ұйқастары: а-а-б-в-в-б. Алматыға арналған бір өлеңінде:

Тәңірдей табындырасың да,

Анамдай сағындырасың да,

Жарымдай жалындырасың да,

Баламдай сабылдырасың да,

Толқиды жаным расында... [70, 9-б].

Схемасы мынау: 9 буын - 9 буын - 9 буын - 9 буын - 8 буын. Ұйқастары: а- а- а- а - а. Ұйқастар 6 буынды қамтиды (соңғысынан басқасы). Қиыннан қиысқан күрделі ырғақ!

«Әнші мен бұлбұл»өлеңі:

Бала жырлайды

Бұлбұл тыңдайды.

Сағат тынбайды,

Уақыт зырлайды [70, 33-б].

Схемасы: 5 буын - 5 буын - 5 буын – 5 буын. Ұйқастары: а - а - а - а.

«Бейіт басында» деп аталатын Сұлтанмахмұт Торайғыров рухына бағышталған жыр 1962 жылы жазылған.

Зердемізге қасиетті

Дана жыр —

Қаймықпаған сайыстан

Қалың жұртқа қасіретті

Қабырғасы қайысқан

Жанашыр [46, 121-б].

Алты жолдық, аралас буынды шумақ. Схемасы мынандай: 8 буынды - 3 буынды - 7 буынды - 8 буынды - 7 буынды - 3 буынды. Ұйқастары: а-б-а-а-в-б. Талай талапкерді, талай әріптесті қызықтырар түр.

«Егіздер» атты өлеңнен:

Екі тамшы аумаған!
Бірақ бірі біреуінен мөлдірлеу.

Екі қанат талмаған!

Бірақ бірі біреуінен селдірлеу [46, 221-б].

Схемасы: 7 буынды - 11 буынды - 7 буынды - 11 буынды. Ұйқастары: а - б - а - б.

Кемел ойлау

Терең бойлау.

Тек соларға бұйыратын тағамдай.

Өңгелердің —

Пенделердің

Татуына тиым салар ыарамдай [46, 225-б].

Схемасы: 4 буынды - 4 буынды - 11 буынды - 4 буынды - 4 буынды - 11 буынды.

Ұйқастары: а-а-б-в-в-б.

Тау

Дәу

Дәу

Тау [47, 410-б].

Бір буынды өлең. Схемасы: 1 буынды - 1 буынды - 1 буынды - 1 буынды.

Ұйқастары: а - а - а - а.

37 түр. Жарты ғасырдан бергі ақындық ғұмыр ішінде осыншама өрнектер табу - айтулы еңбек дерліктей.

Ырғактың өлшемі әр алуан, өлеңдері қысқа буынды, орамды, тез қайырылып, ойдан-ойға, пікірден-пікірге шұғыл ауысып отырады. Мысалы «Қайсысы қандай мекенде» өлеңін алайық:

Қоян жымда;

Бұлбұл бауда,

Ұлар тауда.

Балық суда,

Бұлан нуда.

Қой қотанда,

Бөрі апанда.

Суыр інде,

Аю үңгірде.

Аққу көлде,

Байғыз шөлде.

Адам елде,

Көкте, жерде [47, 462-б].

Төрт буынды өлең. Ақындардың ақынына ғана асу берер асқар белдей қиын да күрделі ырғақ...

«Бектің сөз қоры»

Нан берші!

Бал берші!

Сүт берші!
Құрт берші!
Үш буынды өлең. «Кімнің түсіне не кіреді?»өлеңі:
Мысықтың түсіне
Қаймақ кіреді
Шалғының түсіне
Қайрақ кіреді...
Сараңның түсіне
Алтын кіреді
Батырдың түсіне
Халқы кіреді [47, 441-б].

6 буынды және 5 буынды аралас ырғақты өлең.

Автор жұмбақтары мен жаңылпаштарында, өтірік өлеңдерінде ырғақ алуандығы мол.

Ұстап алып китті,
Қосақтадым итті.

6 буынды өлең.

Мұз сүт
Сүт мұз.

Екі буынды жаңылтпаш.

Дәу
Дәу
Тау [47, 416] .

Бір буынды өлең. Біз басқа ақындардан мұндай өлең өлшемін әлі ұшыратқан жоқпыз...

«Іздегенге інжу ілінер» деп ақынның өзі айтпақшы, қашанда қаламын тыңға салғыш қаламгерлердің бірде болмаса бірде көркемдік олжаға қолы жетері даусыз екенін М.Әлімбаев тәжірибелері талай рет дәлелдеп келеді. Қайткенде де әйтеуір бір түр шығарайыншы деп өзін-өзі қинағандықтан емес, жаңа бір өлеңнің табиғаты, тынысы, көркемдік мұқтажы соны тілегендіктен ғана туған түрлер осындай. Мұнда зорлықтың дүмпуі, тізенің тегеуіріні колданылмағанын әр өлеңнің емін-еркін, кең тынысынан, жарасымды құйылысынан-ақ сезіледі.

Ақын шабытына қанат бітіріп келе жатқан – қазақтың елдігі мен ерлігі, халық өмірі мен замандастардың еңбегі. М.Әлімбаев поэзиясының әлемі - туған халқының өшпейтін өткен тарихы мен бүгінгі қазақтың арман-аңсарын бойына бөктірген сезімдер мен ойлар әлемі! Автор поэзиясының архитектурасы сол сезімдер мен ойлар комплексін көркем бейнелеуге бағынған.

Ендеше, Мұзафар Әлімбаев өлеңдеріндегі ұйқас жүйесі бітімі мен өлең саздылығына айрықша тоқталу қажет.

Ғалым 3.Қабдоловтың мынандай ой-тұжырымдары М.Әлімбаев шығармашылығындағы кейбір ерекшеліктермен қабысып жататыны бар: «Өлеңдегі әр сөз адамның жан-жүйесімен, көңіл-күйімен, сезім толқындарымен өзекті байланыста; ұйқас пен ырғақ та, шумақ пен бунақ та, – бәрі де осыдан туған. Өлеңдегі әрбір тыныс, үн, үзіліс адам жанын тебіrentпей қоймайды. Өлеңнің әр ырғағы мен бунағында көл-көсір сыр ұялап, сезім шалқып жатады. Өйткені өлеңдегі әрбір дыбыс мәні сөз мәнін әрі толықтырады, әрі ауыстырады» [17, 255-б].

Елуінші жылдардың аяғын ала, алпысыншы жылдардан бастап, ақын М.Әлімбаев өлең түзіліміне – саздылығына, ұйқас мінсіздігіне, ырғақ еркіндігіне баса зер салып, зергерлікке қол жеткізе бастағаны байқалады. Мұзафар Әлімбаевтың поэзиясын шолғанда оның көркемдік тәжірибесінен түйетін бір жаңашылдық, артықшылық бар. Бұл - өлеңдерінің бәрінде дерлік ой сіңіргендей сөздерді ұйқастарға кіріктендіретіндігі, өзі айтқандай «сөзге сіңген сұлулықты» толқындатып жеткізетіндігі. Бос сөздік пен көп сөздіктен қазақ өлеңін арылту, тазарту жолындағы ақын күресінің табандылығы да ұйқас жүйесіндегі ұқыптылығынан да танылады...

Оныншы күн - үрейлі күн кешін мен.

Құтылдық-ау, жаным шошып үріккен

Алапаттай мейірімсіз «Мешіннен»,

Ол жылы мен он жаста едім, сол сапар

Өле-өлгенше өшпейтіндей есімнен» [45, 138-б].

Оқырманға кеңестік идеология цензурасы тиым салып айтқызбаған 1932 жылғы аштықты аңдату үшін автор ескіше жыл қайырудағы «мешін» атауын әдейі ұйқасқа қалап, қиюластырып отыр. Ой екпіні, өлең идеясының сілтемесі «мешін» атауында... Қарақұмның қапастан бетер шөл даласын суреттеу қайсы ақынға болсын оңайға соқпас шығар.

«Шөл шарлап өзегімді талдырған ем

Шалдықтым, қаталатты тандыр әлем» [42, 23-б].

Мына метафора, яғни «тандыр әлем» - керек бейнені келісті тапқан. Нан жабатын тандырдай өртеніп жатқан дүние, әлбетте, шөлдің ми қайнатып миғұла етер меңіреулігін, дүлейлігін дәп басып-ақ айтқандай! Себебі «Тандыр әлем» метафорасы ұйқасқа енгізілген.

«Шабыс қазанаттікі,

Намыс азаматтікі» [42, 225-б].

Бастан-аяқ дыбыстық үйлесімділіктерге құрылған ұйқастар түйіндемесін автор сөздіктерден сүзіп алмаған болар. Әрі бұл – ақынның өз жазғандарына қарағанда автордың ешқандай нақыл сөзін жазып шығармағанын, ауызша айтқанын ескерсек, мұндай үйлесім-үндестіктердің табиғи, жарасымды жаратылыспен туғанын аңғару да қиын емес.

«Адамның құлдырауы –

Ажалдың шыңырауы» [42, 273-б].

Бұл да астылы-үстілі ұйқастар шоғыры. Ізденгіш ақын М.Әлімбаев өлең жолдарын тұтасымен күйлілікке, саздылыққа бөлейтінін жоғарыда келтірген екі мысалдан-ақ байқауға әбден болады. «Шабьыс қазанаттікі» және «Намыс азаматтікі» — тереңдеу үңілсек, бұл өзі жеті буынды ұйқастар болып шығады.

Кейде автордың сегіз буынды тармақтарды түгел ұйқасқа айналдырып, өзара үйлестіретіні де қызықтырады.

«Аталаспен еншілес бол,
Баталаспен көршілес бол» [42, 20-б].

Бұл әуенділікті екі қабатты үйлесімдер деп караған жөн.

«Өміріңе достарың күйінбесін,
Өліміңе дұшпаның сүйінбесін!» [42, 20-б].

Бастан-аяқ алты ұйқас - үйлесім! Ішкі ұйқастар да осында, басты ұйқастар да, аяққы ұйқастар да осында.

Бұлар, әрине, үздіксіз ізденіс пен ұдайы толғаныстың жемістері.
«Асқақтайды жаңғырып,
Алаштың бақ талайы
Абай енді мәңгілік
Адамзаттың Абайы!» [42].

«Әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады» [17, 224-б]. Бұл ассонанс өзі келіп сұранғандай, каламға өзі оралғандай әсер қалдырады... Зорлықсыз-зомбылықсыз, күштеусіз, тіземен тізілген емес, табиғи түзілген өлең жолдары, әрі әр жол «А» дыбысынан басталған. Ассонанстың әдемі бір мысалын тағы да келтірудің артықшылығы болмас.

«Айналасы көк орман,
Ақ сәулеге оранған
Абылайдын алаңы,
Ат шаптырым алабы» [42, 141-б].

Қысқа буынды (7 буынды жыр ағымындағы) өлеңнің бір шумағында 16 бірдей «а» дыбысының қайталануы аһ ұрған арманды көкіректің күрсінісі аңғарылғандай әсер етеді.

Профессор, филология ғылымдарының докторы Серік Негімов: «Орнымен үндескен сөздер әдеби тілдің өрнек кестесіне әдемі ажар, айшық қосады. Ассонанс сөздің интонациялық-музыкалық мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейту ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сезімінің әсерлігін арттырады» [58, 127-б], - деп көрсетеді. М.Әлімбаев та әлгі талаптарды, яғни дыбыстық гармонияны қатты сақтайды.

Енді аллитерацияға да М.Әлімбаев өте шебер.
«Табытым жонар тақтайлар
Терек пе, әлі көшет пе?
Тартылмас жырым ақ қайнар!
Тандырма ертең өсекке» [70]

Төрт жолы да төрт бірдей «т» дыбысынан басталуы әрі мәтіннің ішіндегі «тақтайлар» атауы. «Та» деген төрт буын қайталануы және «те» буыны — бәрі қосылып шумаққа ерекше саздылық дарытқанын байқаймыз. Тағы бір мысал:

«Бақыт балынан тата алмағаннан сақтасын,
Бабалар ауызынан бата алмағаннан сақтасын!
Бақыт балынан тата алмағандықтан сақтасын,
Балалар ауызында аталмағандықтан сақтасын» [42, 141-б].

«Өлеңге аллитерация мен ассонанс дарытқан ажар мен әсер сондай, тіпті осы жолдарды қазақша түсінбейтін аудитория да бір сәт қызыға таңырқап, тыңдап қалуы мүмкін» [17, 224-б], – дейтін З.Қабдолов сөзі дәл осы өлең жолдарына арналғандай. “Бабалар, балалар, бақыт, бал, бата” сияқты бірыңғай «б» дыбысынан, оны айтасыз бірыңғай «ба» буынынан басталған сөздер шумақтағы негізгі идеяны ашуға тікелей қызмет атқарып тұр.

Шағын көлемге шалқар ой сыйғызуға талпыну талантты ақындардың бәрінің басты мақсаты. Сондай талантқа ерте бой ұрған табанды қайсарлардың бірі — Мұзафар Әлімбаев. Кейде ол жалғыз-ақ жолды өлеңге, кейде егіз-екі жолға да салмақты ойлар сіңдіре алады. Және сол сыңар немесе егіз жолдар дербес өлеңдер болып шыққанына оқырмандар іштей ырза болады. М.Әлімбаевтың көпшілік ауызында жүрген өлеңдері сондай әрі шағын терең ойлы туындылар. Мысалы:

«Түңілген қыз сығандарша бал ашар,
Бал ашқызып, байға тиген адасар» [42, 119-б].

Бас-аяғы осы екі жол, қос тармақ.

Немесе:

«Дәм тартса қаз-қатар етер тағдыр,
Данышпаныңды «су ми» деп шенер дәлдір» [42, 273-б].

Көк пен жердей алыс, от пен мұздай кереғарлық, екі болмыс, ізгілік пен сұрқайлылық тағы да қос жол өлеңнен көрініс тапқан. Әрі дербес шығарма.

Енді жалғыз жол өлеңнен мысал келтірейік:

«Сұрап алған сыйлықтың сүйкімі жоқ [42, 268-б].

Құнды нәрсе, қымбат жиһаз ғана емес, тіпті мемлекеттік сыйлықты жоғары лауазымдылардың алдына барып, жалбарынып алғандар да кездесті емес пе?! Соны автор өз ойында өрнектеп, үлкен мәнмен түйіндеген.

«Қортықтың қолтығынан пана іздеме» [42, 266-б].

Ел басқарып отырып, халқына жақсылық жасай алмаған жартыкештерді жолықтырып, түңілген ақынның осындай қорытынды-тұжырым жасауы уытты, ұтымды деуіміз дұрыс.

«Іздегенге інжу ілігер» [42, 256-б].

Мәңгілілігі, ойлылығы өзі бір басқа. Осында өзгеше көңіл аударарлық өзге сапасы бар: ол бір жол өлең-нақылдың күйлілік, саздылығы, үнділігі! Не бары үш сөзден құралған нақыл, әрі сол үш сөздің бәрі де «ү» дыбысынан басталған. Ол аз болса, төрт қайталанған «і» дыбысы нақылға сондай бір жібектей жұмсақ,

барқыттай биязылық дарытып тұр. Жалғыз «з» және сыңар «ж» дыбысы болмаса, өзге дауыссыз дыбыстардың бәрі де («д», «г», «р») ұяң дыбыстар. Мұндағы идеяның, ойдың өзінің салмақтылығы тек осы пішінді, осы бітімді, тек осы образды (інжу іздеу) тілегендіктен осылай құйылған.

«Жалқауға жақсылықтың жолы жабық» [42, 269-б].

Шалағайлар мен олақтардың ауласынан онша алысқа ауыса алмай жүрген керенау-қырсаулардың қырсығы өзіне тиетінін ақын жалғыз-ақ жол өлең-нақылмен түйіндеген. Оның үстіне өлеңнің музыкалдығы айрықша төрт бірдей «ж» дыбысынан басталатын төрт сөзден бас құрауы нақыл көркемдігін аша түскен.

«Кезегің келгенде кезен»

«Жоспармен жауын жаумайды» [42, 274-б].

Тап осындай саздылығы, үнділігі мен әуенділігі асып тұрған жолдар лирикалық өлеңдер ішінде де, поэма-дастандар мәтінінде де жиі кездесіп отырады.

«Тартып келем тағдырымнан тайынбай,

Тартып келем талайлырақ

Ертеңге»

«Жасымнан жақсылармен жанастым да» [42, 10-б].

Өлең сөзде байланысу тәсілдерінің тақілеттестігінен, өлең тіліндегі сөздердің тіркесу амалдарының сәйкестігінен, алдыңғы бөлшектердің соңғы бөлшектерге өлшемдестігінен, соңғы бөлшектердің алдыңғы бөлшекке ұқсастық табуынан, ырғақ жүрдектігіне жүгінуінен, мағына-мазмұнды тереңдетуден, ойды өткірлеуден, өлеңді әуезге құру мақсатынан сан алуан қайталаулар түзілді. Сөйтіп өлең өрімі мен өрнегінің бір бұтағы, бір қанаты – поэзиялық қайталаулар болып есептеледі. Бұған ырғақтық-синтаксистік қайталау (яғни бір грамматикалық тұлғадағы конструкциялар), шумақтық-синтаксистік (строфико-синтаксическое повторение), шумақ басындағы бірыңғай бастама (строфическая анафора), рефрен, дыбыс, сөз, сөз тіркесі қайталаулары енеді. Бұлар ой-сезім толқындарымен етене жақын. Өлеңнің көркемдік бітіміндегі қайталаулар сөздік-образдық жүйенің ішіндегі тілдік құралдың іріктелуіне, сұрыпталуына, ой сүзгісінен сүзіліп шығумен тамырлас, сабақтас. Міне, осы сұрыпталудан әуенге, сазға ұласады. Осындай амал-тәсілден туған келісім тыңдаушының яки оқушының ақылы мен жүрегін билейді. Егер мұндай қайталаулар лирикалық кдыарманның немесе ақынның жан-дүниесімен, сезім әлемімен, ой ырғағымен көрінбей, тек қайталауларға жүгінсе, өлең ажары солғын, жадау тартады. Сөз тіркесі, сөз, дыбыс қайталаулары тудырған эмоция өлеңнің мазмұны тудырған эмоциямен тығыз тұтастықта болуы қажет. Бұлай болса өлеңнің мазмұны ондағы ой-сезім тудырған қайталаулармен жымдаса байланысады да, эмоционалдық қасиетке ие болады. Мұндай қайталаулар адамның өткір сезім күйлерінің қабылдауымен, ой тербелісімен, психологиялық шындықпен байланысқанда ғана эстетикалық мәнге ие болады. Екіншіден,

ақынның тіл байлығының қаншалық екендігін көрсетеді. Демек, қайталаулардың түп-тамыры, түр байлығы тіл байлығынан туады.

«Дыбыс қайталама – біркелкі, не үндес дыбыстарды бірнеше рет қайталау арқылы сөздердің бір-бірімен үйлесімділігін арттыру тәсілі. Әсіресе, өлеңде жиі қолданылады. Өлеңдегі ұйқастың өзі де біркелкі не ұқсас дыбыстарды қайталау негізінде пайда болатын сөз үйлестігінің бір түрі ғана. Ал дыбыс қайталама сан килы болып келеді. Өлең ұйтқысы секілді тармақтардың алдында ғана емес, кез келген жерде кездесе береді. Және қатарынан бірнеше сөздерді қамтуы мүмкін» [54, 82-б]. Бұл тәсіл ақын М.Әлімбаев шығармаларында да жиі кездеседі. «Бүгінгі қазақ толғауы» деген шығармасындағы:

Қазақта көршілерін мүйіздеу жоқ,
Жабысып сүймегенге «Сүйгіз» деу жоқ,
Сыйға-сый... сыйласқанды, сыйлағанды
Сыйлаймыз... сыйладық деп

Сый іздеу жоқ – [45, 555-б], – деген жолдардан «с» дыбысының ерекшеленіп он мәрте қайталануынан идея мазмұны ашыла түседі.

Бірыңғай бастаманы (анафораны) айшыққаудың үлгісі ретінде ақын М.Әлімбаев өз поэзиясында жиі қолданды. Мәселен, «Жазығың сол» деп аталатын өлеңі партизан жазушы Әди Шәріповке арналған:

«Жазығың» – баласы болғаның қажының,
«Жазығың» – адалдан табылған азығың.
«Жазығың» – демеуің: «Зорлықтан қажыдым»
«Жазығың» – ақ жарқын сарқылмас әзілің.
«Жазығың» – айнымас әділет қазығың,
«Жазығың» – шырғалаң шындықты жазуың,
«Жазығың» – сұмдарға батырар азуың,
«Жазығың» – билігі әдеби қазының.
«Жазығың» – жек көру адамның азуын,
«Жазығың» – жолатпау кәрілік әжімін,
«Жазығың» – артында көптігі өз інің,
«Жазығың» – менің де арнау жыр жазуым.

Өзіндей ағасы барына мәз інің [45, 266-б].

М.Әлімбаевтың шеберлік сырларына, ақындық зертханасына үңілер болсақ, ойды, сөзді ширатып ұстарту, ырғағын келістіріп құру, интонационалдық-мелодиялық толқынын мәнерлеп, әсерлеп, күшейтіп отыру, сыр-сезімін терендету, ұйқас сұлулығына ұмтылу басты парызы, машық дағдысы. Демек, өлеңді өңдей білу де – өнерлік іс.

Кейбір ақындар, мысалы Олжас Сүлейменов, бұрын жазылған өлеңдерін кейініректе өзгертіп өңдеуге, қысқартып ықшамдауға қарсы екен. Ал Мұзафар Әлімбаев бұл тұрғыда баскаша ойлайды, сәті түскен мезетте солғындау, сөлі аздау өлеңдерді әрлендіруді, нәрлендіруді парыз санайды.

1942 жылы майданда туған «Ер» деп аталатын өлең, яғни автордың 19 жасындағы туындысы тұңғыш жинағы «Қарағанды жырларында» басылған:

Ауыртпалық түскенде
Ер арқалар ел жүгін.
Өз өмірін пида етіп,
Ұзартар ел өмірін [46, 107-б].

Ысылмаған қаламның ысқаяқ жолдары деуге болады, кезекті ұйқаспен ғана жазылған, әрсіз, әлжуаз... Соны кейін байқаған автор қаламы төселген шақта, арада жиырма жылдай уақыт өткенде қайтадан жазған. «Балдәурен, шіркін, балалық» атты тандамаларында жарияланған нұсқасын салыстырып көрелік:

Ер арқалар ел жүгін,
Ауырлықты елер ме?!
Ұзартар ел өмірін,
Өз өмірін берер де [47, 223-б].

Бұрынғы нұсқадан екі жолы өзгертілмей сақталған да, екі тармағы атымен түгелдей жаңаланған. Өлең түрі енді шалыс ұйқастарға бөленген. Әрине, екінші нұсқа қай жағынан карасақ та бұрынғысынан әлдеқайда артық, құлаққа жағымды, көкейге қонымды. Қаламгер өз шығармаларын қайта қараудан, түзетуден, өңдеуден, жетілдіруден ешқашан ұтылмайды, керісінше ұтады. Әрине, түзету үшін түзетпеу керек...

Қымбатты бағалай білетін принципшіл акын М.Әлімбаев барша жазғанын бас салып жөндеумен, өңдеумен болады деген сөз емес. М.Әлімбаев қалам тәжірибесіздігінен кеткен қапысының ізін қалдырмай өшіруге, әр өлеңін ажарландыра түсуге ұқыпты. Мәселен, «Жаңбырдан кейінгі бақша» атты өлең сонау 1954 жылы жазылған. Алғашқы нұсқасы «Құрбыма» атты жинақта жарияланған.

Аспанда бұлтты үйіріп,
От шашып жасыл ойнады.
Жаңбырмен бақша жуынып,
Шомылып шығып жас ару,
Жасыл шапан жамылған секілді.
Қайда көз алу

Моншақты алма бағымнан! [46, 130-б].

Алғашқы шумақтың соңғы жолында ырғақ бұзылған, яғни жеті буынды болып шыққан. Сондықтан автор «соң» деген сөзді «кейін» деген сөзбен алмастырған. Екінші шумақтың екінші жолында да ырғақ шарты сақталынбаған. Сол себепті акын «жасыл» деген екі буынды анықтағышты «жап-жасыл» деп толықтырып, үш буынды бунаққа айналдырған. Екінші шумақтағы «Моншақты алма бағымнан» деген тармақты ыңғайсыз деп табады. «Моншақты алма» тіркесі құлаққа жағымсыз. Жалпы «моншақты бақ» деу де ұтымдылық сияқты. Автор енді мұны «Сыршыл да сұлу бағымнан» деп өзгертеді. Әлгі өлеңнің 1983 жылғы таңдамалының 1 томындағы өңделген нұсқасы мынандай:

Аспанда бұлтты үйіріп,
От шашып жасын ойнады.
Жаңбырмен бақша жуынып,
Жаңбырдан кейін жайнады.
Шомылып шығып жас ару,
Жап-жасыл шапан жамылған секілді,
Қайда көз алу
Сыршыл да сұлу бағымнан! [47, 170-б]

Сонымен 8 жол өлеңнің тең жартысы өзгеріске ұшыраған... Өлең көріктене түскен. Сыр шертетін бақша, яғни «Сыршыл бақ» лирикалық кейіпкердің қимас сәттерін, сүйікті сүйгенімен бірге өткерген сағаттарын еске салатын бақ. Жаңбыр шайып жасыл көркі ашыла түсіп, сұлуланған бақша көз алдыға келеді.

1954 жылы жазылған «Сол перронда тұрмысың» деген өлеңнің қаншалық жаңарып, жақсарғанын көру үшін алғашқы нұсқасын «Құрбыма» өлеңдер жинағынан келтірелік (1954)

Көзі жаста қыз перроннан кеткен жоқ,
Поезд әлі семафордан өткен жоқ.
Жаңа ғана қыз ернінен тиген дем
Сұр жігіттің бетінде әлі кепкен жоқ.
Абыр-дабыр купе іші қарбалас,
Әлі жүктер жайғасқан жоқ аралас.
Махаббатың енді маған арам ас...»
Блокнот арасынан алынды,
Қыз суреті жанары отты, жалынды.
Төрт бөлінді қайран сурет «махаббат»
Қоқыстардың жәшігіне салынды.
Елемеді мөлдір қара көзіңді
Теңеп кетті көлеңкеге өзіңді.
Еске алмады сұр жігітің — сүйгенің
Бір кездегі тәтті назды сезімді.
Кездескенде аңқау едің әлі жас:
Деп едің-ау «Мұның адал жаны рас»...
Төрт жылда сен нені аңғардың, нені ұқтың,
Сол перронда тұрсың ба әлі, қарындас?.. [45, 126-б]

Бұл нұсқада өлең қаратпа сөз қалпында жазылса, өңделген нұсқасында үшінші жаққа ауыстырылғанын көреміз. Сол себепті өлеңнің аты да ауыстырылған: «Әлі тұр ма перронда...». Жиырма жол өлеңнің 15 жолына өзгеріс енгізілген, соның алты тармағы түгелдей қайта жазылған. Өлеңде опасыз жігіттің образы айқындала түскен. Енді соңғы өлеңдегі өңделген нұсқаны түгел келтірелік:

Көзінде жас қыз перроннан кеткен жоқ.
Поезд әлі семафордан өткен жоқ.

Жаңа ғана қыз ернінен тиген дем,
Сұр жігіттің бетінде әлі кепкен жоқ.
Абыр-дабыр купе іші қарбалас,
Әлі жүктер жайғасқан жоқ – аралас.
Жігіт сөзі ұшты бірге түтінмен:
«Махаббатың енді маған арам ас».
Қалтасынан қыз суретін ұрлана,
Суырды да қақ айырды сұрлана.
Өткеніне нүкте қойып, «махаббат»
Лақтырылды қоқыс төккен урнаға.
Шығарды естен мөлдір қара көзін де,
Теңеп кетті көлеңкеге өзін де.
Үміт лағып метеориттің тасындай
Жоғалғанын сорлаған қыз сезді ме?!
Кездескенде аңғал еді әлі жас,
Деп еді қыз:
«Мұның адал жаны рас»...
Екі жылда нені аңғарған, нені ұққан,
Сол перронда әлі тұр ма қарындас?.. [47, 19-б]

«Махаббат» «Қоқыстардың жәшігіне салынды» дегеннен гөрі: «Махаббат»
Лақтырылды қоқыс төккен урнаға, - деу уытты, өткір... Алғашқы өлеңнің
«Махаббатың енді маған арам ас» - деген тармақ: «Махаббатың маған енді арам
ас» болып өзгергенін көрдік. Екі сөздің орны алмастырылған. Алғашқы екі
бунақтың «ма» буынымен басталуы өлең жолына саздылық, әуенділік бітіріп
тұр.

Тұңғыш нұсқа жарияланғаннан кейін, араға төрт жыл салып барып, 1958
жылы өңделуі автордың жас кезінің өзінде-де ақындық еңбекке
жауапкершілікпен қарағанын байқаймыз. М.Әлімбаевтың «Зағип» деген өлеңі
1967 жылы жазылған. Сол туынды 1983 жылғы таңдамалыға да көлемді 36 жол
енген. 1996 жылғы шығармалар жинағында өлеңнің 24 тармағы қысқартылып,
12 жолы ғана қалдырылған.

«Құрбыма» атты екінші жинақтан автор өз қорына ұзынды- қысқалы 18
өлең ғана таңдап алып, өзгелерін шығармалар жинағына енгізбеген.

Қорыта айтқанда, ақынның ақындық лабораториясымен танысқысы
келген оқырмандар М.Әлімбаевтың бұрын жарық көрген жекелген кітаптарын
1996 жылғы шығармалар жинағымен салыстырып қараса, қилы-қилы қызықты,
ғибратты әдеби деректерді табары сөзсіз. Мұзафар Әлімбаевтың өлеңдеріне
жіті қадалған оқырман оның өз творчествосына оқтын-оқтын оралып, өзі
байқаған осал тұстарды әрлеп, ой-идеясын тереңдеткенін жіті байқай алады.
Бұл үрдіс әсіресе әдебиеттің жас ұрпағына жақсы үлгі, өнер сабақтары, тіпті
шығармашылық мектеп деуімізге әбден болады.

М.Әлімбаев өлеңдерінің буындық құрылысын, бунақтардың реттесу сипатын, дыбыстық гармониясын, сөз бен саздың келісімін, поэзиялық кдіталаулар сырын саралағанда, салмақтағанда туған нәтижелер осындай сипатта болып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұзафар Әлімбаев: «Ақын өлеңмен ойлайды, өрнекпен толғайды», – дейді. Шындығында да, дүниені, қоршаған ортаны, өмірді, тұрмыс-тіршілікті ақындық көзбен көру, құпия жұмбақтарына үңілу, өткір де шынайы қабылдау, түйсіну, тану – поэзия тілінің бастау көзі. Яғни, ақындық шеберлік – сөз өнерпазының көркемдік ойлау жүйесіне, ақындық сапасына, терең дүниетанымына тікелей қатысты. Ендеше, Мұзафар Әлімбаевтың ой-өрісі, дүниетаным өресі, білім-білігі, парасат-пайымы, шығармашылық қабілет-қарымы айрықша назар аудартады. Сол себептен ақын поэзиясының бейнелілік жүйесінде небір көркемдік құбылыстар аса мол. Қуатты ақындық ой-сезімінен нәр-қорек тапқан ақын тілінде алуан сырлы көркемдегіш-суреттегіш құралдар қызметін зерттеу жұмысы барысында бағамдауға талпындық.

Ақын шығармаларының музыкалық архитектурасы өлең құрылысына жасаған түбірлі өзгерістерінен де көрінеді. Ол өлеңнің буын, бунақ, тармақ, ұйқас, шумақ, дыбыстық жүйесіне қыруар жаңалықтар енгізді. Әрине, мұның барлығы көркемдік мақсаттан, саналы поэзиялық ойдан, философиялық толғаныстардан туғандығын байқауға әбден болады. Шығармашылық әлемін шолар болсақ, мынандай сипат-белгілерді атауға болады:

– Ақынның ұлтжанды азаматтығы, елдік ұранына жаршы болуы. Мұзафар Әлімбаев қазақ өлеңін көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан ақын.

– Өлең түрлерін байытуға, құбылтуға баса зер салып, отыздан астам түр енгізген.

– М.Әлімбаев қазақ әдебиетінде философиялық поэзияны көркейтуге үлес-сыбаға қосқан ақын.

– М.Әлімбаев – қазақ поэзиясында диалог-өлеңдер жанрын дамытқан ақын.

– М.Әлімбаев – қазақ поэзиясына жалғыз жолды жырларды тұңғыш енгізе бастаған ақын.

– М.Әлімбаев – қазақ поэзиясында қос сөзді жырлар, үш сөзді жырларды алғашқы жазған ақын.

– М.Әлімбаев – қазақ поэзиясында ұмытылған түр - рубайларды қайта жандандырушылардың алдыңғы сапындағы ақын.

– М.Әлімбаев – қазақ поэзиясында төлтума нақылдар тудырушы ақын.

– М.Әлімбаев – қазақ поэзиясына окказианал сөздерді енгізген алғашқы ақын.

Диссертациялық жұмыста М.Әлімбаев поэзиясының ең басты, ең негізгі ерекшеліктерін, атап айтқанда лирикалық кейіпкер табиғатын, бейнелілік жүйесін және өлең құрылысын сөз еттік. Ақынның лирикалық «меніне» ішкі рухани дүниенің байлығы, лирикалық ой-сезім, ұлттық дүниетаным, философиялық ой түйіндеулер, адамгершілік қасиеттер, ақиқат, қайырым мен

сұлулықтың үйлесімі, жақсылыққа, жаңалыққа құштарлық, идеялық-эстетикалық мұрат, азаматтық әуен, әлеуметтік сана тән.

«Арманшылмын абыз қазақ атамдай,

Ақылдымын атаң айтқан мақалдай.

Дарындымын, жалындымын әкеңдей,

Кең далаға кең тарадым мәтелдей» [47, 383-б], – дегені осынау пікірімізге дәлел.

Мұзафар Әлімбаев қазақ халық ауыз әдебиеті тұнығынан сусындап, фольклорлық туындылардың жарқын үлгілерін жинастырып, олардан тәлім алып, көңілге түйіп, сол дәстүрді жалғастыра, жаңа қырынан жарқырата алды. «Халықтан асқан ақын да жоқ, өнерпаз да жоқ» [72, 52-б], «Елден үйренген ер кенжелемейді» [72, 444-б], – деп тұжырымдайды ақын бұл жөнінде. Ақын өз өлеңдерінде әрқашан ұлттық тәрбие мен салт – дәстүрге ерекше мән беріп отырады, қытымыр кездің өзінде Мұзафар Әлімбаев бүлдіршіндерді халқымыздың бойына тән игі жақсы қасиеттерге баулып отырады. Жұмбақ, санамақ, мақал-мәтел, өтірік өлең, жаңылтпаш тәрізді халықтық жанрлар ақын шығармашылығында трансформацияланып, өз жалғасын табады. Шынайы өнер туындысынан халықтық рух пен діл, ұлттық мінез бен салт-дәстүр, халықтың өзіне тән болмысы мен таным көкжиектері көрініс табуы қажет. Сонда ғана шығарманы халықтық деп атауға негіз бар. Мұзафар Әлімбаев поэзиясының өміршеңдігі оның халықтық айдыннан нәр алып, сан ғасырлар сынынан өтіп, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан қазақ поэзиясының құнарлы топырағында гүлденуі дәлел.

Қаламгер жырлары бүлдіршіндер үшін бір жағынан ұғынықты болса, екінші жағынан көркем, бейнелі, әрі әсерлі. Бұл, әрине, ақын шеберлігінің айғағы.

Қорыта айтсақ, дарынды ақынның біз атаған қырлары міне осындай. Сонымен қазақ лирикасын, жалпы қазақ поэзиясын, шындап келсек, бүкіл туған әдебиетімізді әр салада аса қымбат жаңа көркемдік сапалармен көркейткен М.Әлімбаевтың еңбегі орасан зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

- 1 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шанбаев). - Алматы: Ана тіл, 1996. - 90 б.
- 2 Виноградов В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963. - 255 б.
- 3 З.Қабдолов, «Әдебиет теориясының негіздері», Алматы, 1970 ж.-210б
- 4 Сахариев Б. Күрескер тұлғасы. – Алматы: «Жазушы», 1979.- 383б.
- 5 Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: «Жазушы», 1984.-252б.
- 6 Әлімбаев М. Жалғыз жолды жырлар//«Қазақ әдебиеті».- 1996.- №18
- 7 Әлімбаев М. Туған тіл туралы төрттағандар//«Ана тілі».-1994.- №12
- 8 Әлімбаев М. Ой моншақтары//«Қазақ елі».- 1996.- 22 қараша
- 9 Әуезов М. Шығармалар жинағы. Жыл келгендей жаңалық сеземіз.- Алматы: «Жазушы», 1985;
- 10 Елшібек Ж. Ерекше туынды//«Егеменді Қазақстан».- 1996.- 4 қараша.
- 11 Әлімбаев М. Өлең-сөздік. – Алматы: «Атамұра»,
- 12 Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958;
- 13 Боров Ю. Б. Эстетика. - Ростов н/Д., 2004. - 704 б.
- 14 З.Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы.1996.ж. 186-187.б.
- 15 Жұмалиев Қ.Стиль - өнер ерекшелігі. - Алматы: Жазушы, 1966. -384б
- 16 Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
- 17 Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2002. - 11-360 б.
- 18 Қ. Жүсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар, 2007. 318-436 б.
- 19 Гегель В. Ф. Эстетика. - М., 1968, 4-х т. 1 т. – 302-305 б.
- 20 Храпченко М. Б. Познание литературы и искусства, теория пути современного развития. - М: Наука, 1987. - 575 б.
- 21 Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры.- Алматы: Жалын,1997.-366 б.
- 22 Соколов А. Теория стиля. - М., 1968. - 223 б.
- 23 Пospelов Г. Проблемы литературного стиля. - М., 1970. - 330 б.
- 24 Қаратаев М. Стиль зерттеу принциптері//Стиль сыры. - Алматы, 1974.-335 б.
- 25 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. - Алматы, «Жазушы», 1971. -544б.
- 26 Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. - Алматы, «Жалын»,1987.-124-125б
- 27 Мүсірепов Ғ.Бес томдық шығ.жин. 4 том. - Алматы, 1975. - 555 б.
- 28 Қаратаев М. Стиль зерттеу принциптері//Стиль сыры. - Алматы, 1974.-335 б.
- 29 Бахтиярова С. XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы стильдік-көркемдік ізденістер. – Диссертация. Алматы, 2002, - 133б.
- 30 Бекхожин Қ. Жастар дауысы.- Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1958;
- 31 Қирабаев С. Шындық және шығарма.- Алматы: «Жалын», 1981;
- 32 Қабдолов З. Аға буынның өнегелі өкілі//Заман Қазақстан.-1999.- 14 қараша;

- 33 Қайырбеков Ғ.Сарабдал сөз сардары//Егеменді Қазақстан.- 1993.- 29 қазан;
- 34 Кәкішев Т. Қайратты қалам қарышы//Жұлдыз.- 1983.- №10;
- 35 Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. – Алматы: Жазушы, 1992;
- 36 Молдағалиев Т. Қаламы қолынан түспеген ақын//Қазақ әдебиеті.- 1993.- №39;
- 37 Сейдімбеков А. Қаламгер мәртебесі//Қазақстан мұғалімі.- 1980.- 29 қазан;
- 38 Кедрина З. Из живого источника. - Москва: Советский писатель, 1979
- 39 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982
- 40 Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз.- Алматы: Өнер, 1991
- 41 Мырзалиев Қ. Шығармалар жинағы. I т.- Алматы: Жазушы, 1989
- 42 Әлімбаев М. Сүймеген жүрек семеді.- Алматы: Жазушы, 1987
- 43 Қайырбеков Ғ. Сарабдал сөз сардары//Егемен Қазақстан.- 1993.- 29 қазан.
- 44 Кәкішев Т. Өз өрнегі бар ақын//Сарыарқа самалы.- 1993.- 4 қараша
- 45 Әлімбаев М. Шығармалар жинағы I т.- Алматы: Санат, 1997.
- 46 Әлімбаев М. Таңдамалы II томдық. I т.- Алматы: Жазушы, 1983.
- 47 Әлімбаев М. Шығармалар жинағы.- Алматы: Санат, 1997.
- 48 Сахариев Б. Уақыт тынысы.- Алматы: Жазушы, 1968
- 49 Ысмайылов Е. Ақын және революция.- Алматы: Жазушы, 1961.
- 50 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері.- Алматы: Білім, 1995
- 51 Мақатаев М. Қош, махаббат.- Алматы: Жазушы, 1988
- 52 Жақыпов Е. Өлеңін оқып өзін ұқ//«Жалын».- 1983.- №5
- 53 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері.- Алматы: Мектеп, 1974
- 54 Әлімбаев М. Сақтық жыры//Жұлдыз.- 1989.- №1
- 55 Нұрғалиев Р. Телағыс.- Алматы: Жазушы, 1986
- 56 Әлімбаев М. Әлихан Бөкейхановтың соңғы суретін көргенде//Қазақ әдебиеті.- 1991.- №23
- 57 Базарбаев М. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973
- 58 Негімов С. Ақын — жыраулар поэзиясының бейнелілігі.- Алматы: Ғылым, 1991
- 59 Әлімбаев М. Таңдамалы. II т.- Алматы: Жазушы, 1983
- 60 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.- Алматы: Ана тілі, 1996
- 61 Оразов Л. Мастерство и волшебство.- Москва: Советский писатель, 1972
- 62 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Мектеп, 1976
- 63 Әлімбаев М. Көңіл күнделігінен.- Алматы: Жалын, 1980
- 64 Әлімбаев М. Бабалар батырлықты елдес еткен...//Қазақ елі.- 1995.- 14 ақпан.
- 65 Әлімбаев М. Қалам қайраты. – Алматы: Жазушы, 1976
- 66 Қонаев Д. Тәуелсіз ел ең әуелі...күрметпен қарай білуі керек// Егемен Қазақстан.- 1994.- 17 желтоқсан
- 67 Әлімбаев М. Нақылдың төркіннамасы.- Алматы, 1996

- 68 Федоренко Н. Афоризм как жанр словесного искусства//Вопросы литературы.- 1973.- №9
- 69 Слободкин Г. Лихтенберг и его афоризмы.- Москва: Наука, 1964
- 70 Әлімбаев М. Ақмаңдайлым.- Алматы: Өнер, 1984
- 71 Қапасова Б.Қ. Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60-90жж). Филол.ғ.к.дисс.:Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2000.
- 72 Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз.Эссе, естеліктер, ой-толғамдар. Алматы: Жазушы,1992
- 73 Тұрабаева Г.К. Окказиональные преобразование пословиц и поговорок. Автореф., дисс. к.ф.н. Алматы, 1989, -224 б.
- 74 Мұратова Г. Қазақ көркем әдебиетіндегі окказионал сөздер. ф.ғ.к. диссертациясы. Алматы, 1991, -145 б.
- 75 Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987, -287 б.
- 76 Еспекова Л.Ә.Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: филол.ғыл.канд.диссертациясы. Алматы, 1998.-164б.
- 77 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Алматы, 1995, 172 б.
- 78 М.Әлімбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Санат» баспасы. – Т. 1-2. – 1997,702 бет
- 79 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы, 1977. -712б.

Туралина Назира Жанатлековна

**ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: СТИЛЬ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК
(М.Әлімбаев поэзиясы негізінде)**

6М020500 - Филология

Филология магистрі
академиялық дәрежені іздену диссертациясының
рефераты

Жұмыс Инновациялық Еуразия университетінде орындалды

Ғылыми жетекші:

филология ғылымдарының кандидаты,
доцент
Ғ.К. Резуанова

Ресми оппонент:

филология ғылымдарының кандидаты,
ПМПИ доценті
Қапасова Б.Қ.

Мемлекеттік аттестаттау
комиссиясының хатшысы,
филология магистрі

Ш. С. Байжекина

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, көрнекті ақын, көп қырлы талант иесі Мұзафар Әлімбаевтың шығармашылығы, әсіресе поэзиясы туған елінің тарихына, көркемдік куәгер екендігі ешкімге де күдік келтіре алмас. Мұзафар Әлімбаев шығармалары негізінде өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктер арқылы, ақын стилін зерттеп, анықтау диссертациялық жұмысқа негіз болып отыр. Жұмыстың өзектілігі мен қажеттілігі ақын шығармаларынан көрінетін тілдегі көркемдегіш құралдардың, троптардың қолданылуы мен шығарма табиғатындағы көркемдік ерекшелікті айқындаумен сабақтас болады.

Мұзафар Әлімбаев өлеңдерін тақырыптық-идеялық жағынан топтастырып, автордың өзіндік стилін, көркемдік тәсіл, ақындық шеберлік бағытында қарастыру жұмыстың өзектілік сипаты болып табылады.

Ақын шығармашылығын зерттеген белгілі сыншы Б.Сахариев: «Мұзафар кызығы да, қиындығы да, бейнеті де, зейнеті де мол шығармашылық жұмыстан бір күн мойнын босатпайтын, өз талантын тынымсыз, толассыз толғаныс, тебіреніс арқылы, іркілмей іздену арқылы шыңдап, біртіндеп өсіп, өндіре жазып келе жатқан жемісті қаламгер» [3, 277-б], - деген жолдарынан көп нәрсені аңғаруға болады. М.Әлімбаевтың әр алуан жанрдағы елуден асқан төлтума кітаптары жарық көрген, таңдаулы өлең-жырлары отыз сегіз тілге аударылған.

Әдебиет зерттеушісі, ғұлама ғалым Б.Кенжебаев ақынның кім және қандай болуға тиіс екенін былайша түйіндейді: «Ақын деген талантты, дарынды, ерекше қабілетті, аса білімді, мәдениетті адам деген сөз. Ол жағдайды, мәселені, өмірдегі өзгерісті, жаңаны, жақсыны жұрттан бұрын көруге, аңғаруға, сол көргендері мен аңғарғандарын дәл түюге тиісті: жұрт білмегенді ол білуге міндетті. Сөйтіп, ол әрдайым тың, жаңа мағыналы, күрделі ой-пікір, дәл, нанымды, жарасты сезім, сурет тауып айтуға тиісті» [4, 67-б]. Ғалымның ақындарға қойған талабы тек үздіксіз ізденіс арқасында ғана орындалмақ. Б.Сахариевтың жоғарыдағы М.Әлімбаевқа берген бағасы Б.Кенжебаев қоятын талаптарға толық лайық деуге болады.

Ақын М.Әлімбаев бірыңғай поэзиясын ғана күйттейтін ақын емес, оның таланты сан қырлы. Ол әдебиеттанушы, қазақ поэзиясының, қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін, өткен замандардағы және бүгінгі ақындарымыздың шығармашылығын талмай зерттеуші. Оның «Қалам қайраты», «Толқыннан толқын туады», «Өмір. Өнер. Өнерпаз», «Көңіл күнделігі», «Өрнекті сөз - ортақ қазына» сияқты зерттеу кітаптары көпке белгілі еңбектер.

Мұзафар Әлімбаев халық фольклорын жинаушы ғана емес, сонымен бірге мақал-мәтел жанрын ондаған жылдар бойында зерттеген ақын. М.Әлімбаевтың «Өрнекті сөз - ортақ қазына» деген монографиясы (1967) мақал-мәтелдерді аударудың теориясын жасап, тәжірибесін анықтаған еңбек.

Тәжірибелі әрі беделді, шебер тәржімашы Мұзафар Әлімбаев дүние жүзінің 85 халықтары мен ұлыстарының мақал-мәтелдерін және әйгілі тұлғалардың нақылдарын (бас-аяғы 30 мыңдай) қазақшалап, 7-8 кітап шығарған кісі. Мақал-мәтелдерді зерттеуі Мұзафар Әлімбаевтың поэзиясын сұлуландыруға, көріктендіруге әсерін тигізгенін анық байқауға болады.

Акын Мұзафар Әлімбаевты қалың қауым, оқырмандар ұстаз қаламгер деп бағалайды. Оның бұл саладағы еңбегі ұлы педагог Ы.Алтынсарин медалімен марапатталуы тегін емес.

Халыққа кең танылған акын М.Әлімбаев қазақ әдебиетінде естелік жанрын қалыптастыру мен өркендетуге де зор үлес қосты. Ол қазақтың 50 шақты ұл-қыздары жөнінде үлкен біліктілікпен, ыстық сүйіспеншілікпен естеліктер жазып, жариялады. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, А.Жұбанов, Б.Момышұлы, С.Мәуленов және т.б. жөніндегі естеліктер ғибраттылығымен қымбат. «Өмір. Өнер. Өнерпаз» және «Көргендерім көңілде» атты кітаптары осыған дәлел.

Мұзафар Әлімбаев көркем аударма саласында да талмай еңбек етті. Ол зерттеу еңбектерінде көркем аудармаға да көп көңіл бөледі. Көптеген халықтардың 80-85-тей акындарының поэзиясын қазақшалаған. Оның Шандор Петефи, Сағди, Тоқтағұл, Пушкин, Апиолинер, Фучик, Райнис және т.б. аударма өлеңдері қазақ оқырмандары көңілінен шыққан дүниелер.

Байқағыш, алғыр ойлы М.Әлімбаевтың басқа акындардың әлі көзі шалмаған тосын сюжеттерді тауып, аз сөзбен сурет жасайтын, сюжетті оқиға динамикасына зор мән беретіні — жас акындарға жақсы мектеп дерліктей. Мұзафар Әлімбаев бұрын жырланған сюжеттерді қайталамауға тырысады, әрқашан мәнді идеяны танытар тартымды оқиғаны кейде өз қиялымен ойлап табатыны — өнегелі үрдіс.

М.Әлімбаевтың акындық өнерпаздығы және кейбір шығармалары туралы М.Қаратаев, Қ.Бекхожин, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ғ.Қайырбеков, Т.Кәкішев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, А.Сейдімбеков, Б.Сарбалаев, Зоя Кедрина және тағы басқалар сын-мақалалар жазған. Диссертациялық жұмысымызда олардың түйінді ой-толғамдарын мүмкіндігінше ғылыми саралауымызға өзек ретінде пайдаланып отырдық.

Жұмыстың мақсаты. Қазақ поэзиясындағы стиль және бейнелілікті М.Әлімбаев поэзиясы негізінде анықтау. Мұзафар Әлімбаевтың поэзиялық шығармаларын талғам таразысынан өткізіп, іріктеп, сұрыптап, жүйелі түрде талдау, акындық мәдениетін, көркемдік ізденістерін, эстетикалық таным дәрежесін дәлелдеп көрсету, акынның суреткерлік даралығын, идеялық-тақырыптық нысанасын, философиялық-эстетикалық қырларын, ұлттық көркемдік дәстүрге қосқан үлесін, қазіргі қазақ поэзиясында алатын тиісті орны мен лирикасының бейнелілік сипатын ашу — диссертациялық жұмыстың басты мақсаты.

Аталмыш мақсаттан төмендегідей **міндеттер** туындайды:

- акын шығармашылығындағы стиль ерекшеліктерін анықтау;
- акын поэзиясының тақырыптық-идеялық мазмұнын айқындау;
- лирикалық қаһарман бейнесін ашу;
- дәстүрлі акындық шеберліктің акын шығармаларында көрінуі, көне үлгілердің жаңарып, жаңғыруы;

- өлең кестесіндегі көркемдегіш құралдардың, бейнелі сөздердің қызметі, алатын орны. Метафора, теңеу, эпитет, метонимия, кейіптеу секілді тілдік, образдық, бейнелі сөздерді қолданудағы амал-тәсілдері;
- образдық-бейнелілік жүйесіндегі жаңалықты құбылыс, күрделі абстракциялық тілі, сөздердің сымбат-көркін ашуы;
- шығармаларындағы көркемдік компоненттер үйлесімі, олардың бір-бірімен өзектес құбылыстар екендігі;
- ақын шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктердің, түрлі сөз қолданыстарының табиғат, қоғам, жеке адам өмірін сипаттауда алатын орны.
- М.Әлімбаев өлеңдерінің құрылыс жүйесіндегі жаңалықтарды, тың тәжірибелерді анықтау;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Мұзафар Әлімбаевтың лирикасы көркемдік-эстетикалық және теориялық тұрғыдан жан-жақты, жүйелі қарастырылып, арнайы зерттеуге арқау болып отыр. Қазақ поэзиясындағы стиль және бейнелілік М.Әлімбаев шығармашылығы негізінде қарастырылады.

Қазақ балалар поэзиясының дамуына сіңірген зор еңбегі және әдеби сында лайықты бағалануына қарамастан Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арналған шығармалары әдебиеттану ғылымында өзінің зерттеушісін әлі тапқан жоқ. Белгілі сыншылар мен ғалымдардың, ақын-жазушылардың жекелеген пікірлері болмаса, ақынның балаларға арналған өлеңдерін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыратын арнайы еңбек жазылған жоқ. Осы тұрғыдан келгенде ақын М.Әлімбаев шығармашылығын тұтастай алып зерттеу, шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне жіктеу, оның туындыларындағы автордың шеберлігін, көзқарасын таныту және сол арқылы қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтау – жұмыстың басты жаңалығы болып табылады.

Зерттеу нысаны. Жұмыстың зерттелу көзі – ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігін, сөз өрнектерін талдау болмақ.

Мұзафар Әлімбаевтың «Қарағанды жырлары», «Лирика», «Менің Қазақстаным», «Тандамалылар», «Жолдар-жырлар», «Жүрек лүпілі», «Көңіл күні», «Балдәурен, шіркін, балалық», «Ақмаңдайлым», «Сүймеген жүрек семеді» т.б. жыр жинақтары.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілдерінің, атап айтсақ, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, М.Базарбаев, Б.Сахариев, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш.Елеукенов, Ә.Нарымбетов, Р.Нұрғали, Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, С.Негимов секілді т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері құрайды. Сонымен қатар В.Г.Белинский, Г.Н.Поспелов, Б.В.Томашевский, Л.Н.Тимофеев, Г.О.Винокур т.б. еңбектеріндегі ғылыми-теориялық қағидалар басшылыққа алынды.

Зерттеудің ғылыми практикалық мәні. Қазақ әдебиетін, оның ішінде поэзияның тіл кестесін, өлең өрімін, саздылығы мен әуезділігін, яғни, көркемдік, сапалық қасиетін жан-жақты қарастыратын әдебиет теориясы. Сол себепті диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін

жоғары оқу орындарында М.Әлімбаев поэзиясы бойынша оқылатын арнайы курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында жеке қаламгер лабораториясын, ақындық әлемін арнайы курстар ашып оқытқанда бұл еңбектің көмекші құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу әдісі. Зерттеу жұмысын жазу барысында, талдау, жүйелеу, жинақтау, тұжырымдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі үш негізгі бөлімнен (әрқайсысының тараушалары бар) және қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қолданылған әдебиеттер тізімі 72 атаудан тұрады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- М.Әлімбаев шығармашылығындағы стиль ерекшеліктері анықталды;
- ақын поэзиясының тақырыптық–идеялық мазмұны айқындалды;
- ақынның таңдамалы шығармаларындағы лирикалық қаһарман бейнесі ашылды;
- өлең кестесіндегі көркемдегіш құралдардың, бейнелі сөздердің қызметі, алатын орны анықталып, метафора, теңеу, эпитет, метонимия, кейіптеу секілді тілдік, образдық, бейнелі сөздерді қолданудағы амал-тәсілдері қарастырылды;
- ақын шығармаларындағы образдық-бейнелілік жүйесіндегі жаңалықты құбылыстар, күрделі абстракциялық тілі, сөздердің мағыналары мысал түрінде көрсетіліп айқындалды;
- шығармаларындағы көркемдік компоненттер үйлесімі, олардың бір-бірімен өзектес құбылыстар екендігі дәлелденді;
- ақын шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктердің, түрлі сөз қолданыстарының табиғат, қоғам, жеке адам өмірін сипаттауда алатын орны көрсетілді.
- М.Әлімбаев өлеңдерінің құрылыс жүйесіндегі жаңалықтар, тың тәжірибелер анықталды;

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша конференцияларда баяндамалар жасалды. Зерттеу жұмысы бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарында және ғылыми басылымдар мен жинақтарда 3 мақала жарияланды.

Атап айтқанда: «М.Әлімбаевтың шығармашылығындағы стиль ерекшелігі», «Мұзафар Әлімбаевтың шығармаларындағы лирикалық кейіпкер табиғаты», «Мұзафар Әлімбаевтың лирикалық өлеңдеріндегі бейнелілік»

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеу жұмысының кіріспе бөлімінде:

- тақырыптың өзектілігі;
- мақсат-міндеттері;
- зерттеу нысаны;
- зерттеудің методологиялық негіздері;

- зерттеу әдіс-тәсілдері;
- ғылыми жаңалығы;
- зерттеу жұмысының нәтижелері жүйеленіп көрсетілді.

Жұмыстың бірінші тарауында орыс ғалымдарының пікірлеріне сүйене отырып, қазақ әдебиет теориясын зерттеген ғалымдардың, зерттеулеріне тоқталып, мысалдар келтірілген. Стиль жазушының барлық туындыларын түгел қамтиды. Жай қарағанда бір-біріне ұқсамайтын секілді жазушының әр өлеңін тереңірек зерттесек, өзара ұқсастығын көреміз. Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы да басқа компоненттері кіреді. Ең ортақ мәселесі – идеялық мазмұны. Қазақ жазушыларының тілі бейнелі, құнарлы екеніне иек артып, қазір біраз әдебиеттанушыларымыз стиль дегеніміз тілдің байлығы деп ұғады. Рас, бұл да-стиль. Әдебиеттану ғылымында көркем әдебиеттегі стильді біртұтас құбылыс ретінде қарастыру салдарынан, әдеби стиль туралы таластардың екіге бөлінуі орын алып отыр. Біріншісі – стильді лингвистикалық қырынан ғана қарастыру. Екіншілері, әдеби стильді тек өнертанымдық концепциямен ғана зерттеуді жөн көреді. Сонымен бірге әдебиетті сөзбен сурет салу, өнер деп қоса түсіндіруді де орын алып келеді. Сондықтан әдеби стильді зерттегенде таразының екі басын тең ұстаған жөн. Стиль, әр ақынның шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат болғандықтан, оны жан-жақты және терең зерттеу қажет. Сонымен бірге, стиль мәселесін сөз еткенде, шығарманың мазмұнынан ажыратып зерттеу қисынсыз. Стиль ақын шығармасының әрі идеялық, әрі көркемдік ерекшелігінің бірлігі болуы тиіс.

Стиль ақынның көркемдік құралдарын өзінше жетілдіру шеберлігімен тікелей байланыста болады. Стиль жөніндегі пайымдаулардың, айтыс-тартыстардың бәрін жинақтайтын болсақ, оны кең мағынада, түрлі арнада түсіндіруге болады. Стильдің әдіс немесе ағымдық алмастыру болғанына көңіл бөлсек зерттеуші Қ.Жұмалиев нағыз стильді тек талантты жазушыдан ғана табуға болатынын атап көрсеткен. «Стиль - шын талант, ұлы ақын жазушылардың қаламдарына ған сипат–дейді ол. Кез келген ақын жазушыдан стиль іздеу бекершілік. Өйткені барлық өлең қиыстырушыларды ақын, сөз жаза білушілерді жазушы десек қателескен болар едік. Дарын жоқта – стиль жоқ. Бұл екеуі сабақтас. Әдістен тыс стиль жоқ. Стиль әдістің құрамымен ғана танылады» .

Ақынның тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, ұйқас, өз ерекшелігіне байланысты өзгешелігі стильдің құрамында ғана танылады.

Стиль термині әр түрлі ғылым саласында (әдебиеттану, өнер, тіл білімі, мәдениеттану, эстетика) қолданылады. Эстетикалық категория ретінде стиль-шығармашылық үрдістің, көркемдік ойлау процестің, көркемдік қарым-қатынасты туындының факторы болып табылады.

Өлеңге, әрбір суретке, әрбір сөзге, поэзиялық нәр, көрік беретін- ақындық ой сезімнің таңдауы, көркемділігі. Стиль ұғымы түрлі деңгейде, белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап әр түрлі әдеби бағыттар мен әдістердің ерекшеліктері, жеке қаламгерлер шығармаларына тән

ерекшеліктер, сондай-ақ жеке туындының ерекшеліктеріне дейінгі түсінікті қамтиды. Стильді көбіне жеке қаламгердің жазу ерекшеліктерімен байланыстырады. Себебі әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың шығармашылық ерекшеліктерін танытады. Оны тілден де, тақырып пен идеядан да, образ жасау тәсілінен де аңғаруға болады. Стиль қалыптастыратын кезең, шығармашылық өрлеудің жоғары сатысы. Бұған жету үшін, шыңдалған суреткерлік шеберлік керек. Стиль даралығы, әр қаламгердің көркем тіл ерекшелігінен айқын байқалады.

Стиль мәселесін зерделегенде жалпы әдеби процесті назарға ала отырып, оның әр кезеңдегі даму ерекшелігіне ден қойылады. Жоғарыда өзіміз айтып өткен көркемдік әдіс қаламгерлік шеберлікпен ұштастырыла тығыз бірлікте талданады. Өйткені әдебиет дегеніміздің өзі – тұтас организм, сан бөлшектерден тұратын бір бүтін дүние. Бүтінді бөлшектей талдағанда, сол талдау нәтижесі айналып келгенде бөлшектің бүтіндігін, бір-біріне өмір сүрмейтінін дәлелдеуге негізделеді. Әдебиет тарихында қандай стиль болсын бірден, бір күнде туа салмайды. Жаңа стильдің элементі өзінен бұрынғы қалыптасқан стильдің өз ішінде туады, өсе келе, дами келе қалыптасады және күреспен ғана өзіне жол ашады. Бұрынғы стильдің ескіргенін, дәуірдің өзганын, енді ол бөгеттікке айналғанын сөз жүзінде де, іс жүзінде де дәлелдеу, жаңалық үшін ескілікпен келісімге келместік күрес арқылы өседі. Тартыспен ғана жаңа стиль, ескі стильді тарих сахнасынан ысырып, оның орнын өзі басады.

Стиль мен шеберлік бір-бірімен егіз. Шеберліктің қыры мен сыры қаншалықты мол болса, суреткер стилі соның барлығын қамтиды. Демек, небір амал, тәсілдерімен өмір сырын жарқыратып ашып тастайтын шеберліктің сиқырлы күші сайып келгенде, суреткердің стиліне келіп тіреледі.

Стильдің қалыптасуы шеберліктің жетілуімен біте байланысты. Шеберлігі жетілмеген жағдайда стиль де бір арнаға түспек емес. Бірақ та, жазушы стилін тап басып, бірден аңғара қою да қиын. Стиль мәселесіне сыншы, зерттеушінің оқта-текте ғана соғып отыратыны содан. Күні бүгінге дейін жеке ақын, жазушы стилі туралы монографиялық еңбектердің бой көрсетпей келе жатқандығы осының айғағы.

Жұмыстың екінші тарауында М.Әлімбаев поэзиясының стилі негізінде лирикалық қаһарман бейнесі және бейнелілігі қарастырылған. Үшінші тарауда ақын поэзиясындағы көркемдік құралдар арқылы ақынның шеберлігі көрсетілген. «Әр ақынның көкейінде оның өлеңін жан-жүрегімен сезініп, түсінетін, әр сөзін бар бояуымен, әр дыбысын бар әуезімен қалтқысыз қабылдайтын өз оқырманының аңсарлы образы бар. Өлең жазылып жатқан сәтте ол образ – бейне ақынның көз алдында көлденеңдеп тұрып алуы шарт емес, әрине. Ол ақынның болмысымен тұтасып кеткен тұлға» [18, 30-б].

Әрине, мұндай ұласуға, яғни ақын мен лирикалық қаһарманның бір бейнеге, тұтастық дәрежесіне жету – ақындықтағы белгілі бір биіктік.

Ақынның лирикалық кейіпкері арғы аталардың өзінің алдындағы барша Алашына бақыт сыйлаған жолындағы жемісті еңбегін аса жоғары бағалайтын азамат болғандығынан ондай ағаларды достар түгіл, дұшпан да табалай алмайды — деп түйеді «Аталар мен ағалар» атты өлеңінде [12, 61-б].

«Еңбекті, ел үшін еңбек етуді адамның бойындағы қабілет-дарынын копарта, жарқырата ашатын арена, ашық майдан деп түсінетін лирикалық қаһарман «Ертеңге еңбек ету бір ғанибет» дейді:

«Өзін өз заманында мойындатпай,
Ертеңгі күн кім атанар ерен батыр?!» [12, 61-б].

М.Әлімбаев өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер ұғымында «Өмір, тірлік» дегеніміз «Халық үшін үздіксіз қажырлы еңбек, қаһармандық ерлік болуға тиіс». «Өмірбаян қалай жазылады» [12,61-б] деген жырында осындай ой қорытқан лирикалық кейіпкерді кезіктіреміз.

Ол үшін әр азамат аянбай, өзін аямай, туған елі үшін еңбектенуі — парыз.
«Әр ұл-қызың от болып лапылдаса,

Маздамасқа дәтің жоқ, Қазақстан!» [12, 62-б] .

Мұндағы лирикалық қаһарман өзін Сталин заманындағы, санасыз адам деп санамайды, халқымның арқа сүйер азаматымын, панасымын!, деп сезінеді. «Ұл тумайтын күнің жоқ, Қазақстан» деп аталатын шағын өлеңінде әр азамат от болып лапылдаса ғана, өз парызын толық өтей алады — деген ой түйеді автор.

М.Әлімбаевтың:

«Өзің от боп жанасың,
Өзгелердің нұрлантуға санасын.
Өзің күл боп қаласың,

Өзгелердің құнартуға даласын» [16, 322-б], — дегені оқырманды нандырады, иландырады Ақын мен лирикалық қаһарманның бір тұтас тұлғаға ұштасқанын, тоғысқанын байқаймыз.

Ақынның лирикалық қаһарманы өткеніне үнемі ой жіберіп, талдау таразысына тартып, қорытынды жасауды үрдіске айналдырған. Онысы — болашақтың қамы, өзін жан-жақты жетілдіру қамы. Мысалы «Шәкірттіктен құтылды — деп шаттандық» дейтін өлеңде «Көп нәрсені әлі шала білеміз» — деп өкінеді. Оқуды аяқтаумен тынуға болмайды.

«Аз білердің сөзі әр кез кібіртік», «Абзал ұстаз — мінсіз шәкірт». Ол ғұмыр бойында үйренуден тиылмайды. Оқу білімін үстемелеу, үзілмес үрдіс болғанда ғана — өмір өкінішсіз, еңбек жемісті [12, 31-б].

Екінші бір өлеңде («Ақиқатты іздеген») лирикалық кейіпкер ақиқатты іздеген жанды өзіне дос санайды, ал жалғандықты жақтаған бір туғанын да жат деп есептейді.

Майдан даласында үзілген телефон сымын тістеп тұрып жалғастырып, екі жақты тілдестірген байланысшы ерлігін суреттеген автор:

«...Көрінер ме бәлкім құным балалық
Араға егер түссе сайтан-алалық,
Дос жүректі дос жүрекке әрқашан

Сын сағатта сол солдатша жалғасам» [16,65-б], - дейді. Мұнда да лирикалық кейіпкердің ақынмен бір тұлға болып тоғысып, бірігіп-кірігіп кеткенін сеземіз. Адал достыққа дәнекер бола білген адам өзі де достыққа берік екеніне шүбә келтірмейміз.

«Қаруластарға хат» [16, 68-б] - деген өлеңінде лирикалық кейіпкер сонау қанды соғыста шыбын жанды шүберекке түйіп, Отанды опаттан аман алып

калысқандардың бірі болғанын мақтаныш тұтады. Сөйтіп, өзінің ер жүрек сарбаз, ел қорғаны екенін жанамалай аңдатады. Ақын «Қан құйысқандар» өлеңінде:

Алға жылжи, қансырап

Қалмаған соң әліміз,

Бір шұңқырға тамшылап

Бірге ұйыпты қанымыз» [12, 169-б] - дейтін лирикалық қаһарманның достыққа беріктігіне оқырман да сенеді.

«Матросовтың қаруласы сөйлейді» деген өлеңінде лирикалық қаһарман:

Қаһармандық жасалмайды бұйрықпен,

Жасалмайды уәде еткен сыйлықпен.

Ерлік көзі — ардың ғана әмірі,

Ерлік көзі — жүректердің дарыны

... Тыным жоқ қой, шек те жоқ қой ерлікте,

Қиын жоқ қой, қиын жоқ қой елдікке!» [12, 168-169б] – деп түйеді.

Ақын суреттеуіндегі лирикалық кейіпкердің сан түрлі психологиялық ерекшеліктерін, оны ақынның көз алдына елестетуі туралы айта келіп, «бұл жырлар ақынның жырларынан орын алмасқа шарасы жоқ» [19, 73-б] — дейді Е.Ысмайылов.

Жұмыстың үшінші тарауында М.Әлімбаев лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесін осылай суреттейді.

«Лирикалық шығармаға ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсері мен аса қатты толқыну, автордың өз басының алуан-алуан нәзік түйсіктері, күйініші, сүйініші тән болып келеді. Ақын басынан кешкен сезім, ақын басында болған түрлі-түрлі толғаныс субъективті нәрсе, бірақ сонымен қабат кәдімгі объективті дүниенің әсері. Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас» [23, 132-б].

Автор қалай дегенде де өз заманы жайында өзегін өртеген ойларын өрнектеудің тетігін тапқан, яғни өткен заман ақыны атынан сөйлеуі арқылы ұтымды тәсіл тапқан. Топтаманың екінші бөлігінде:

Кеткендей салмағынан бұта сынып,

Шынашақ күпінеді тұтамсынып.

Семірсе тексіз бұзау текіреңдеп,

Қорада күл шашады бұқамсынып» [17, 202-б].

Сырт қарағанда күнделікті тұрмыстағы күйкі — болмашы ғана көрініс сияқты, ал шындап келсек, билік атаулының бәрінің тұтқасына отырып алған кілең бір тексіздерді, жетесіздерді, кісіліктен құр алақандарды мегзеп, ақын кеңестік құрылысты сынға алған. Келесі бір шумақта автор ішкі ойының пердесін аша түседі:

Тізгендей салтанатты көшін нардан

Қортықтың құдайсыну несін алған?!

Ел қайтіп есін жияр кеуіп-піскен

Ессізге толып кетсе есіл жалған...» [17, 202-б] .

Әлен ақын азамат болудың асқар биігін ақыл-ойымен топшылайтын, сол асыл азаматтықты көз алдына елестете алатын өнерпаз екенін де байқатады:

Жамандық жасамаған ерлік емес,
Жақсылық жамандықты жатсын бүктеп.
Күрестің қызуынан бос қалмауың,
Ғұмырлық пешенеден тосқан бағың!
Халықтың зердесінен өшпейтін із
Жақсылық жақсылыққа қосқандығың» [17,204-б].

Ұлы қаламгерлер Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов және тағы басқалардың өлмес шығармалары қырық құлыпты сандықтарда жатқан тұста:

Тастаса егер бөліп туған халқынан,
Нағыз өрт сол ақын жанын шарпыған.
Сонда ақынды мылтықсыз-ақ атқаны,
Сонда ақынды қылышсыз-ақ шапқаны...» [17, 208-б] –

деп М.Әлімбаев ақын трагедиясын қан жылап отырып жырлайды.

Әлен ақын қандай қоғамды армандайды? Енді соған үңіліп көрелік:

Бақыты оянған елдің
Келбетін келеді көргім:
Патшасы кемеңгер болар,
Ел-жұрты кенелген болар,
Көсемі алалап бөлсе,
Көркеймес елі де елше.
Адамы мейірбан болар,
Жақсылық қайырман болар.
Жұрт пен жұрт ұжымды болар,
Кайраты қызулы болар.
Тілімен ұғысар болар,
Дінімен туысар болар.
Әкімі ақынжан болар,
Жұртына жақындау болар.
Жасығы жауынгер болар.
Масылы тәлімгер болар.
Қарты да білікті болар:
Жасына сүйікті болар...» [17, 209-б] .

Топтаманың финалына жақындаған тұсында түйіп айтқан азаматтық тұжырымы оқырманды селсоқ қалдырмайды. Әлен ақын былай дейді:

Жек көрем
Сөлсіз-нәрсіз сұйықтарды.
Жек көрем
Бозымдарды сұйық қанды.
Жек көрем
Құлкын құлы қиқымдарды,
Арманын аталардың ұмытқанды» [17, 212-б].

Ата-бабалар арманы не еді? Ол — бостандық, тәуелсіздік, еркіндік, халық бақыты! Ендеше, әр қазақ сондай еркін күнге, егемендікке жеткенше, саналы күрескер, сарбаз-жауынгер болуға тиіс. Ақын М.Әлімбаев бұл ұлтжандылардың бәрінің ізгі парызы деген идеяны ұқтырады. Ендеше «Шегендік Әлен ақын айтыпты» деген топтама өзінің идеялық, эстетикалық міндетін орындаған туынды деу қажет.

Ұлттық бірлікке, халықтық тұтастыққа үндейтін туындылар қатарынан табылар туындының қадір-қасиеті осындай!

Шын талант қана өз туындылары арқылы өзінің «Менін» жалпы адамзатқа ортақ тіршілікпен байланыста бейнелейді, ақындық рухын, сиқырлы сөз өнерінің өз талантына тән құпиясын ашады. Соны түсіне білгенде соның сырына қаныққанда ғана «ақынды білдім, таныдым» деп айтуға құқық бар.

Автор туған халқының тәуелділік қыспағында қиналып күн кешіп жүргенін ұмытпайды. Сол қиямет-қайымды бірде болмаса бірде жаңа өлеңдерінде оқырман есіне салып, жанашыр сезімін астарлап жырлап отырған. Кеңестік отаршылықты, әрине, ол кезеңде ашықтан-ашық жазу мүмкін емес еді. Жазу үшін кілт табу керек. М.Әлімбаев кейде сондай кілтті таба білген.

«Естай-Хорлан» дастанында М.Әлімбаев 1962 жылы:

Әділдік жерде де жоқ, көкте де жоқ.

Ендеше бұл өмірге өкпе де жоқ» [24, 33-б], - деп батыл айтқанына куә боламыз.

Немесе дастанда: «Ақын орны не түрмеде, не төрде», - деп үзілді-кесілді айтуы қазақ халқының ақыл-ой көсемдері А.Байтұрсынов, М.Дулатовтарды жоқтау сияқты жанамалай әсер қалдырады.

«Алшынбай мен Шөженің диалогы» деп аталатын ақын қиялынан туған аңыз 10 жолдық қана туынды. Сонда ақын Шөже аузынан айтылған: «Көрмеу үшін көп сұмдықты жердегі, Зағиптығым артық па?! - деп отырмын» [16, 123-б], - деген диалог бар.

Туынды алпысыншы жылдары жазылған. Автор тоқырау заманының зобаландарына ишара жасайды.

«Жаяу Мұсаның диалогы» деп аталатын жырдан:

Ер тартынса, Ел сорлайды ежелден,

Неге айкастың азабынан безем мен?!» [16, 124-б] – деген күрескерлік рух лебізін сеземіз. Автор бір өлеңінде:

Ақиқат келеді адам арманы боп,

Ақындар айтса, айтсын жанжалы жоқ!

Еліне жақсы жырдың жеткенінен

Ақынның жүрегінде жанғаны көп [16, 137-б].

Бұл - бүркеулі шындық пердесін ашуға батылымыз бармай жүр дегенге ишара.

«Ливан баласы Мүсілімнің мұң-зары» атты өлеңі «Социалистік Қазақстан» газетінде Израильдің Ливанға жасалған агрессиясы тұсында жарияланған. Өлең сол соғыс зардабынан жараланып жарымжан болып қалған жас Мүсілімнің атынан айтылады.

Шерім-мұңым он батпан

Шілдеде де тоңамын.

Тумай жатып жылатқан

Келімсекке обалым! [12, 87-б] - деп зарланады бала.

Жетелі оқырман автор өлеңінде қайшылық барын аңғарады. Өлеңде Ливан тарихына дәл келмейтін деталь бар. Себебі әлгі ливандық бала дүниеге келгенде Израиль басқыншыларының, яғни келімсектердің төбесі бұл елде көрінген де жоқ еді. Ендеше, автордың айтып отырғаны, көкейіндегі өз еліндегі, қазақ сахарасындағы келімсектер емес пе екен?! деген сұрақ туады.

Түсіп әуре-сарсаңға,

Сорлап жүрген бір мен бе?!

Қайда-қашан барсаң да,

Қайғы-қасірет күллі елде.

Ұл айырылды атадан,

Қыз айырылды шешеден...

Халқымыздың қападан

Оты мәңгі өше ме?!» [12, 87-б].

Қазақ оқырманы осы қасіретті өлеңді оқи отырып, өз халқының басындағы қайғы-қасіретті еріксіз еске алады...

Кеше ғана бүтін ек,

Кеше ғана түгел ек [12,85-б], -

деген жолдарды оқығанда құнарлы, шұрайлы жерінен айырылып, өз елінде аштыққа ұшыраған, үштен бірі алыс-жақын елдерге босып кеткен қазақ халқының жәбір-жапасы ойға оралады.

Егемендікті аңсау, тәуелсіздіктің атар таңын жақындатуды ойлау, ойланту деген осы өлең жолдарынан анық аңғарылады. Бір өлең үшін азаттық идеясы тұрғысынан аз жүк емес. Елдігімізге арналған өлеңдер сөз болғанда ескермей кете алмайтын бір туынды бар. Ол «Отандасқа хат» деп аталады.

Бұл өлең алпысыншы жылдардың соңында жазылса да, кеш жарық көрген (1977). Автордың айтуына қарағанда бұл өлеңді «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің бірде-бірі баспаған, жариялаудан жасқанған. Себебі, әңгіме тарихи отанынан қуылған, тағдыр тәлкегіне түскен қандастардың шет елдердегі көз түрткі қасіретті болмысы туралы. Автор өлеңінің бас жағында шет елдегі отандасқа:

Ей, отандасым, бейбағым,

Жұлдызынан жаңылған!

Мен сен жөнінде ойладым,

Қайысып кетті қабырғам [12,78-б], -

деп сөз қатады.

Бір тұйықтан соң бір тұйық

Жанарың талып, жанып іш,

Тарта ма түпке тұңғиық,

Сарғайтып, езіп сағыныш?» [12, 79-б]

Жат жерде жаны жүдеген кіріптарлардың көңіл-күйін ақын тап басады.

Шет жерде жасау шер-құса,

Бейдауа дерттей беймаза,

Елінен кетіп қаңғыса,
Азамат үшін сол жаза [12, 80-б].

Автор өлеңін аптаптай ыстық леппен, жанашырлық жалынмен түйіндейді:

Адасқан бауырым, елге қайт!
Сәлемінді желмен айт.
Анандай бәрін кешіргіш
Елге қайт, бауырым, елге қайт!
Пейіштен бетер жерге қайт,
Өзіміз туған төрге қайт.
Елге қайт, бауырым, елге қайт! [12, 80-б]

Ол тұста — Отандастарды Отанға қайтару жөнінде Қазақстан топырағында пенде баласы ауыз ашпаған, ол тұста мынандай жанашырлық ұран тастау ақынның азаматтығына куә болар дәлел еді. Аталмыш өлең Жамбыл облысы «Еңбек туы» газетінде 1977 жылы ақпан айында әзер басылған екен. Ақынның ұлттық тұтастығымызды сақтауға әркез шақыратыны да айқын. Мысалы, «Сақтық жыры» атты өлеңінде:

Осы негізгі үш тарау бойынша зерттеу барысында төмендегідей түйіндер жасалды:

Мұзафар Әлімбаев: «Ақын өлеңмен ойлайды, өрнекпен толғайды», - дейді. Шындығында да, дүниені, қоршаған ортаны, өмірді, тұрмыс-тіршілікті ақындық көзбен көру, құпия жұмбақтарына үңілу, өткір де шынайы қабылдау, түйсіну, тану — поэзия тілінің бастау көзі. Яғни, ақындық шеберлік — сөз өнерпазының көркемдік ойлау жүйесіне, ақындық сапасына, терең дүниетанымына тікелей қатысты. Ендеше, Мұзафар Әлімбаевтың ой-өрісі, дүниетаным өресі, білім-білігі, парасат-пайымы, шығармашылық қабілет-қарымы айрықша назар аударады. Шығармашылық әлемін шолар болсақ, мынандай сипат-белгілерді атауға болады:

- Ақынның ұлтжанды азаматтығы, елдік ұранына жаршы болуы. Мұзафар Әлімбаев қазақ өлеңін көпсөзділіктен, боссөзділіктен арылтқан ақын.

- Өлең түрлерін байытуға, құбылтуға баса зер салып, отыздан астам түр енгізген.

- М.Әлімбаев қазақ әдебиетінде философиялық поэзияны көркейтуге үлес-сыбаға қосқан ақын.

- М.Әлімбаев — қазақ поэзиясында диалог-өлеңдер жанрын дамытқан ақын.

- М.Әлімбаев — қазақ поэзиясына жалғыз жолды жырларды тұңғыш енгізе бастаған ақын.

- М.Әлімбаев — қазақ поэзиясында қос сөзді жырлар, үш сөзді жырларды алғашқы жазған ақын.

- М.Әлімбаев — қазақ поэзиясында ұмытылған түр - рубайларды қайта жандандырушылардың алдыңғы сапындағы ақын.

- М.Әлімбаев — қазақ поэзиясында төлтума нақылдар тудырушы ақын.

Диссертациялық жұмыста М.Әлімбаев поэзиясының ең басты, ең негізгі ерекшеліктерін, атап айтқанда лирикалық кейіпкер табиғатын, бейнелілік жүйесін және өлең құрылысын сөз еттік. Ақынның лирикалық «меніне» ішкі

рухани дүниенің байлығы, лирикалық ой-сезім, ұлттық дүниетаным, философиялық ой түйіндеулер, адамгершілік қасиеттер, ақиқат, қайырым мен сұлулықтың үйлесімі, жақсылыққа, жаңалыққа құштарлық, идеялық-эстетикалық мұрат, азаматтық әуен, әлеуметтік сана тән.

«Арманшылмын абыз қазақ атамдай,

Ақылдымын атаң айтқан мақалдай.

Дарындымын, жалындымын әкеңдей,

Кең далаға кең тарадым мәтелдей» [17, 383-б], –дегені осынау пікірімізге дәлел.

М.Әлімбаев поэзиясының бейнелілік жүйесінде небір көркемдік құбылыстар аса мол. Қуатты ақындық ой-сезімінен нәр-қорек тапқан ақын тілінде алуан сырлы көркемдегіш-суреттегіш құралдар қызметін бағамдауға талпындық.

Ақын шығармаларының музыкалық архитектурасы өлең құрылысына жасаған түбірлі өзгерістерінен де көрінеді. Ол өлеңнің буын, бунақ, тармақ, ұйқас, шумақ, дыбыстық жүйесіне қыруар жаңалықтар енгізді. Әрине, мұның барлығы көркемдік мақсаттан, саналы поэзиялық ойдан, философиялық толғаныстардан туғандығын байқауға әбден болады.

Қорыта айтсақ, дарынды ақынның біз атаған қырлары міне осындай. Сонымен қазақ лирикасын, жалпы қазақ поэзиясын, шындап келсек, бүкіл туған әдебиетімізді әр салада аса қымбат жаңа көркемдік сапалармен көркейткен М.Әлімбаевтың еңбегі орасан зор.

Зерттеу жұмысында 72 әдебиет пайдаланылды.

Кілтті сөздер тізімі:

әдіс-тәсілдер

зерттеу тарихы

ену жолдары

қолданылу ерекшелігі

мағыналық қолданысы

төртағандар

үштағандар

өлең сөздіктер

сөздік қор

лирикалық қаһарман

стиль

бейнелілік

көркемдік ерекшелік

философиялық толғаныс

бунақ

буын

көркемдегіш-суреттегіш

лирикалық кейіпкер

Қ.Б. Әлжанованың ғылыми еңбектері тізімі

№	Атауы	Жұмыстың сипаты	Баспа, журнал атауы, номері, жылы, беттері	Көлемі (б.б.)	Қоса автордың тегі
1	2	3	4	5	6
1	Қазақ лексикасындағы кірме сөздер	мақала	«V Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Павлодар, С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012. Б.351-355	0,25	-
2	Иса Байзақов шығармаларындағы кірме сөздердің лингвомәдени мәні	мақала	Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XIII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары, Павлодар, С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013. Б.53-56	0,25	-
3	Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары тіліндегі кірме фразеологизмдер	мақала	«I Ж. Әбділдин оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Павлодар, С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013. Б. 73-76	0,25	-

Университет Кеңесінің
ғалым хатшысы
Т.Ғ.К., доцент

С.Ж. Тусупов

Кафедра меңгерушісі

Ғ.Қ. Резуанова

Магистрант

Қ.Б. Әлжанова